

Жарасбай
Сүлейменов

ЖӨМЕСКІ 13




КОМЕСКИ 13

Петропавл қ. 2006 ж.

С

49493



ББК 67.0
С90
ISBN 9965-27-399-5

С₉₀ **Ж. Сүлейменов.**
 Көмәскі із.
 Петропавл қ. 2006. – 204 бет.

ISBN 9965-27-399-5

Жарасбай Сүлейменовтің бұл кітабына құқық қорғау органдары қызметкерлерінің шытырман оқиғаларға, қауіп-қатерге толы өмірі арқау болған. Қоғамға кесел болып жабысқан қылмыстық оқиғалар – қарақшылық, кісі өлтіру, ұрлық-қарлық, нашақорлық, оларды ашудағы заң орындары қызметкерлерінің іс-әрекеті қызғылықты баяндалады.

С 1202000000
 00 (05) – 06

ББК 67.0

Ж. Сүлейменов.

ISBN 9965-27-399-5

АЛҒЫСӨЗ

Қазақ әдебиетінің күрделі бір жанры – шытырман оқиғаларға құрылған шығармалар.

Қылмыс та қоғамның бір көрінісі болғандықтан, оны әдебиетте бейнелеу, осы кеселмен күрестегі құқық қорғау органдары қызметкерлерінің бейнелерін сомдау, қылмыскерлердің санқилы сойқан қылықтарын баяндау осы шыңғырыпта қалам сілтеген жазушының айғақты ойлау қабілетіне, шебер, өрнекті тіліне байланысты түрлі деңгейде көркемдік ерекшеліктерге ие болады.

Аталған жанрдың өзіне тән ерекшеліктері, оқиғалардың орбу заңдылықтары, оқырманды жетелеп отыратын қисынды қимыл-әрекеттерді орынды үйлестіріп, шығарманың шынайы сюжетін қиюластырып беру жазушыдан үлкен шеберлікті талап етеді. Сондықтан біздің әдебиетімізде бұл жанрға түбегейлі бойлап қалам тартып жүрген жазушыларымыз аз екенін айтуымыз керек.

Осы орайда Жарасбай Сүлейменовтің шытырман оқиғаларға құрылған бірқатар әңгіме, повестерін сүйсіне оқып шыққанымды айтуға тиіспін. Қаламгердің мұндай шығармалары “Егемен Қазақстан”, “Қазақ әдебиеті” сияқты уаға басылымдарда жарияланып ел оқырмандарына бұрыннан танылғанын да тілге тиек етуім керек. Мұны айтып отырғаным, Жарасбай Сүлейменов республикалық басылымдар арқылы осы жанрды өзінің оң жамбасына алғанын айғақтап, қаламгерлік қабілетін танытты.

Қалам иесінің шығармашылық сыр-сипатына көптен қанық болғандықтан, оның бұл жанрға ежелден іш тартып, төселіп алғанын анық білемін. Алайда өз шығармашылығына сын көзбен қарап әдеттенген ол бұлардың сүбелі басылымдарда жарияланғанына қарамастан, сиясы көппей тұрып жөке жинақ етіп бастыруға асыққан жоқ. Соның сәті өнді келіп отыр.

Біздің қолымыздағы шығармалардың өзегі – қоғамымыздағы орын алып отырған ауыр қылмыстар, олардың жасалу жолдары, қылмыскерлермен күрестегі ішкі істер, заң, сот органдары қызметкерлерінің шынайы сомдалған көркем

бейнелері. Бұлардың бәрі де біздің арамызда жүрген, өмірдегі бар адамдар.

Айталық, “Көмескі із” деген повестің оқиға желісі оқырманын бірден баурап, “Енді не болар екен?” деген сауалмен жетелеп отырады. Повесті жазудағы қаламгер шеберлігі оқиғаларды қисынды құрумен, оларды көскіндейтін тіл көркемдігімен айқандалады. Сол сияқты “Кәсіпкердің өлімі”, “Көгілдір “Мазда”, “Мезгілсіз атылған мылтық”, “Ала биенің әлегі”, “Қақпан”, “Бір қап ақша” өңгіме-повестері осы жинақтың өрнегін келтіріп, шығармашылық шырайын ашады. Бір атап айтарлығы, бұл шығармалардағы оқиғалар бірін-бірі қайталамай, қылмыстың түр-түріне қатысты дәйектерге негізделеді. Сол ретте “Қақпан” повесінің өз алдына көтерген жүгі зор дүние. Мұнда полиция қызметкерлерінің арасындағы алақол, алымқор, параға бейім адамдардың мерездік сипаттары айғақталады. Ал, “Ала биенің әлегі” деген шығармасы қазақтың қанына сіңген барымташылықты көрсетеді.

Осы айтылғандарды түйіндей келе, тілге тиек өтерім – жазушы Жарасбай Сүлейменовтің бұл шығармалары әдебиетіміздегі әлі де өз өрісін таба алмай келе жатқан жанр – шытырман оқиғалар туралы өңбектердің қатарынан лайықты орын алады.

**Зейнолла ӘКІМЖАНОВ,
ақын, Қазақстан Жазушылар
одағының мүшесі.**

КОМЕКІ 13



“Петренконы өлтірген кім?” Капитан Көшербаев таяу уақытта осы сауалдың жауабын тауып, біраздан бері көптеген адамдарды сергелдеңге салған қылмысты істің соңғы нүктесін қоюға тиіс. Ол оңай емес, әрине. Әзірше жайсыз сауалдарды іштей қайталаумен ғана шектеліп отырғаны да содан. “Петренконы өлтірген кім?”

Ол Петренко деген азаматтың осыдан жарты жылдай бұрын қайғылы қазаға ұшырағанынан мүлде хабарсызды. Бәрі кеше басталды. Кезекті демалыстан оралған оны бөлім бастығы подполковник Теміров шақырып алды да, амандық-саулық сұрасқан соң:

– Еркін, саған жаңа бір іс тапсырғалы отырмын, – деді.

Осыдан жарты жылдай бұрын, нақты айтсам, сәуірдің ескісі күні Жұмысшы поселкесінде белгісіз ер адамның мүрдесі табылған болатын. Оның кім екені анықталды. Локомотив депосының машинисі Петренко Александр Сергеевич, 1957 жылы туған. Отбасы бар. Әйелі Петренко Наталья Михайловна ауруханада аға медбибі болып істейді. Тетелес екі қызы мектеп оқушылары. Бұл іспен бүгінгі күнге дейін қалалық ішкі істер басқармасының қылмысты іздестіру инспекторы Нұрлан Серғалиев айналысып келген еді. Ол біраз жайларды анықтаған сияқты. Бірақ, қылмыскер әлі ұсталған жоқ, бүгінгі таңда оның кім екені белгісіз болып отыр.

Бөлім бастығының әр сөзін қалт жібермей, ықылас қоя тыңдаған Көшербаев:

– Петренконың өліміне ешкімнің қатысы болмауы да мүмкін ғой, – деді.

– Жоқ, Петренконың өз ажалынан өлмегені анық. Оған сарапшылардың қорытындысымен танысқаннан кейін өзін де көз жеткізерсің. Менің айтайын дегенім, осы істі тезірек қолға алып, қайткен күнде де кісі өлтірушіні,

бірнеше адам болуы да мүмкін, табу керек. Істің жайымен мен де танысып шықтым. Байқауымша, Серғалиев жалған жорамалдардың жетегінде кетіп қалған сияқты. Әлі жас қой, тәжірибесі де аздау, бірақ, бірбеткей екен, айтқанынан қайтқысы жоқ.

Көшербаев бөлім бастығынан шығысымен бірден Серғалиевті іздеген. Әйтседе, оны таба алмады. Серғалиев шешен ауырып қалды деген хабар алысымен ауылына кетіпті, бүгін келуге тиіс. “Жұмысқа келісімен маған жетсін” деп кезекшіге қатты тапсырған. Сағат тілі оннан асып барады. Әлі жоқ. Ол Серғалиевтің келген-келмегенін білмек болып телефонға қол соза берген еді, жартылай ашылған есіктен лейтенант формасындағы жас жігіт көрінді.

– Рұхсат па? – деді ол.

– Кіріңіз, кіріңіз.

Капитан орынынан тұрғанша лейтенант өзінің кім екенін, қандай жұмыспен келгенін баяндап үлгерді. Сосын қой көзді, ақ құба өнді бойшаң жігіт кірпік қақпай қаздия қалды. Киім денесіне құйып қойғандай екен. Аға инспектор оған жақындап келіп жас жігітті жанарымен тағы бір шолып шықты да, “Еркін Көшербаев” деп қолын ұсынды. Сосын жас әріптесіне қарсы алдындағы орындықты нұсқады.

Байқауынша Серғалиев көңілсіздеу. “Шешесін уайымдап жүр ме екен, болмаса өзіне тапсырылған істі басқа біреуге бергеніне ренішті ме?” Үн-түнсіз протфелін ашып, папкаларды столға қоя бастады.

– Іске қатысты барлық құжаттар, осында.

– Құжаттар қайда қашады дейсін, уақытың болса өзіңмен азырақ әңгімелессем бе деп едім. Осы іске байланысты өзің білетін жайларды қысқаша айтып

шықсаң, – деді Көшербаев неғұрлым жұмсақ сөйлеуге тырысып.

– Бұл кейбіреулер ойлағандай, аса күрделі іс емес, – деп бастады әңгімесін лейтенант. – Жұмысшы поселкесінде белгісіз адамның мүрдесі табылғаны туралы хабар басқармаға үшінші сәуір күні сағат таңертеңгі он бір кезінде түсті. Жарты сағат өтпей-ақ жедел топ, құрамында мен де бармын, оқиға болған жерге келдік. Өліп жатқан кім екенін анықтау қиынға түскен жоқ. Ол осы маңда тұратын Петренко деген болып шықты. Жол жиегінде ер адамның жансыз денесі жатқанын полицияға хабарлаған зейнеткер Зікірин де оны жақсы таниды екен.

Сарапшылар Петренконың бір күн бұрын түнгі сағат он екі жарым кезінде өлтірілгенін анықтады. Оны біреулер қатты соққыға жыққан. Соның салдарынан жеті қабырғасы сынған. Сол жақ өкпесі және жүрек қабы зақымданған.

– Сонда бір тәулікке жақын уақыт бойы ешкім байқамаған ба?

– Жалпы, ол арамен кісі аз жүретін көрінеді, көзден таса, қағаберіс жер екен.

– Әйелі немесе жұмыс орындағылар іздемеген бе?

– Әйелі оны кезекті сапарға кетті деп ойлапты. Расында да, әдеттегі жұмыс кестесі бойынша сол күні ол жол үстінде болуға тиіс екен. Бірақ, ол жұмысқа келмеді.

– Үйінен қашан шығыпты?

– Үйінен таңертең ерте кеткен. Және шығып бара жатып бұл жолы бір аптасыз келе алмайтынын айтыпты.

– Сонда қалай?

– Жұмысқа келмеу себебі, ол бір апта бұрын дәрігердің қабылдауында болып, еңбекке жарамсыздығы туралы

куәлік алыпты. Неге екені белгісіз, онысын үй ішіндегілерден жасырған.

– Оның себебін анықтадың ба?

– Біраз адаммен сөйлестім, бірақ, олардың жауаптары бір-біріне үйлеспейді. Колонна бастығы соңғы кезде оның мінезі мүлде өзгеріп кеткенін, жай ескертудің өзіне шамданып, қабақ шыта бастағанын айтты. Соңғы сапардан ұнжырғасы түсіп қайтыпты. Екі күннен кейін телефон шалып, сырқаттанып қалғанын хабарлапты. Ал әйелі болса: “Мінезінде, жүріс-тұрысында ешқандай өзгеріс байқалған жоқ” – дейді. Тағы бір түсініксіз жай, ол сол күні таңертең кеткеннен үйіне мүлде оралмаған да хабарласпаған.

– Сонда қайда болған ол?

– Кешкі жетіге дейін қайда болғаны белгісіз, ал сегізден он жарымға дейін “Глория” мейрамханасында болған.

Әріптесінің “Оны қайдан білдің?” деп сұрағалы отырғанын айтқызбай ұққан Серғалиев әңгімесін одан әрі жалғастырды.

– Оны мейрамханада даяшы болып істейтін Кузнецова айтты. Ол Петренконы бұрыннан таниды екен.

– Кузнецоваға қалай шықтың?

– Кузнецовамен біздің көршіміздің қызы бір мектепте оқыпты. Шағын қалада әңгіме жата ма, оқиға болғаннан кейін екі күннен соң, құрбысымен көшеде кездесіп қалған Кузнецова Петренконың сол күні екі сағаттай өзі жұмыс істейтін мейрамханада отырғанын айтыпты.

– Бұл мейрамхана “Бензостройда” емес пе?

– Иә, қаланың шеті десе де болады.

– Петренко ресторанға жалғыз келіп пе?

– Жоқ, қасында өзінен әлдеқайда жас жігіт болыпты.

Оның үстіне жаңа ғана шыққан кеспелтектеу келген бұйра бас жігітті Кузнецова айтқан ерекше белгілермен танып таптық. Даяшы: “Аты Николай болуы керек”, – деп еді. Ол да дұрыс болып шықты. Николай да депода істейді екен. Өзі бұрын Петренконың көмекшісі болған көрінеді. Кейін ішкілікке салынып тәртіп бұза берген соң слесарьлыққа ауыстырылған. Әлі үйленбеген, Петренконың үйінен алыс емес, теміржол бөлімшесінің жатақханасында тұрады екен. Жұмыстағылар да, жатақханадағылар да жақсы атамайды.

Николай Пименов өзінің Петренкомен бірге мейрамханада болғанын мойындады. Тіпті, онымен қашан, қайда кездескеніне дейін айтып берді. “Сол күні жұмыстан бос болған соң базарға барып едім, сонда кездестік”, – дейді. Амандасып қана өте берген мұны Петренко тоқтатып әңгімеге тартыпты. Өзінің айтуына қарағанда, Пименов Петренкодан мұны күтпеген. “Көптен бері арамызда бір салқындық бар еді, өзім де таң қалдым”, – дейді. Осы арада Петренко оған: “Жүр уақытың болса, жүз грамм ішейік”, – дейді.

Даяшының айтуына қарағанда, екеуі мейрамханада ұзақ отырған. Бірақ, арақты көп ішпеген, бір шөлмекті де тауыспапты.

– Даяшы олардың не жайында әңгімелесіп отырғандарын естімеп пе?

– Кузнецова Петренконың қызбалана сөйлеп, әлдекімдерге кіжініп отырғанын аңғарған, Петренконың: “Бәрінен де басынғанына жаным күйінеді” деген сөздері есінде қалыпты. Даяшы осылардан басқа мардымды ештеме айта алмады.

– Даяшымен қайсысы есептесті екен?

– Петренко.

– Қанша ақшасы бар екен, аңғармап па?

– Даяшы: “Мен есеп айырысуға келгенде ол он мың теңгелікті дайындап отыр екен, жеті мың теңгесін қайтарып бердім, одан басқа ақшасын көргенім жоқ”, – деді. Әйелі оның балаларға киім әкелемін деп отыз мың теңге ақша әкеткенін айтады. Ал өліктің қалтасынан ұсақ тиындардан басқа ақша табылған жоқ.

– Сонымен сіз қандай тоқтамға келдіңіз?

– Бұл арада меніңше, бас қатырып жататын ештеме жоқ. Петренконың ажалы Пименовтен келгені анық. Олар мейрамханадан шыққаннан кейін үйлеріне жаяу қайтқан. Сарапшылар оқиғаның сағат он екі жарым кезінде болғанын айтып отыр. Ал Пименов жатақханаға түнгі бірде келген. Міне, сол күні кезекшілікте болған Орынтай Ахметованың түсініктемесінде де ол жөнінде анық жазылған.

Капитан Серғалиев ұсынған оқушы дәптерінің бір бетіне толар-толмас түсініктемеге көз жүгіртті.

Түсініктеме:

Мен О. Ахметова сәуірдің бірі күні кезекшілікте болдым. Пименов жатақханаға сағат бірде оралды. Ол сыртқы есікті қатты-қатты қақты. “Сонша не болды?” – деп едім, “Тапа-тал түстен есікті жауып алып”, – деп өзіме дүрсе қоя берді. Ішіп алыпты, сонысын сездім де сөз таластырғам жоқ.

4 мамыр, 2003 жыл

– Мүмкін, Пименов жолда біреулерге соққан шығар?

– Ешқайда соққам жоқ, Петренкомен қош айтысқаннан кейін тура жатақханаға келдім, – дейді.

– Кезекшінің қателесуі де мүмкін ғой.

– Мен басқа кезекшілермен де сөйлестім. Олар түнгі сағат он екіден кейін сыртқы есікті іштен жауып алатын-

ларын, осы уақыттан кеш келгендерді арнайы журналға тіркеп отыратындарын айтты. Сол журналда Пименовтың тұсында сағат бірде келді деген жазу тұр.

– Ал, Пименовтың өзі не дейді?

– Бәрін мойындайды, бірақ, “Петренконы мен өлтіргем жоқ” деген сөзінен танар емес.

– Қылмысты жасаған Пименов деуге тағы қандай негіз бар?

– Біріншіден, мейрамханадан шыққанда Пименов масандау болған. Ол сондай-ақ, Петренконың қалтасында біраз ақша бар екенін білген. Сосын...

Лейтенант үнсіз қалды.

– Бұлардың бәрі бұлтартпас дәлел бола алмайды ғой, – деді Көшербаев.

– Басқа да айғақтар баршылық. Олар екеуі бірін-бірі көптен білетін көрінеді. Біраз уақыт Пименов Петренкоға көмекші болған. Бірақ, кейін оның араққа үйірлігін байқаған Петренко қойғызам дегенімен еш нәтиже шықпаған соң басшылардан оны басқа жұмысқа ауыстыруды сұраған. Оның бұл тілегі қанағаттандырылыпты.

– Оқиға болған жерден айғақ боларлық ештеме табылмады ма?

– Иә, айтпақшы, Петренконың уысынан табылған үш тал шаш бар. Шаш Петренкоікі де, Пименовтікі де емес.

– Бұл жөнінде сарапшылар не айтады?

– Олардың айтуларынша, шаш иесінің жасы 23-24-тер шамасында, бойы 178-180 сантиметр болуы керек. Осыдан басқа ештеме жоқ.

– Осының өзі-ақ көп нәрсені айтып тұрған жоқ па?

– Солайы солай ғой, бірақ, күр елестен не пайда. Петренконы білетіндердің, оған жақын жүретіндердің арасынан шаш иесі табылмады.

– Бұл елес емес, қылмыскерге шығаратын айғақ, ол осы оқиғаға қатысты үшінші адамның болуы мүмкін екендігін аңғартады. Осыны естен шығармауымыз керек.

Сәл үнсіздіктен кейін капитан Пименовтің қазір қайда екенін сұрады.

– Жұмысында болуға тиіс, – деді лейтенант. – Қамаудан босатылғанымен ешқайда шықпау жөнінде қолхат алынған.

Көшербаев жас әріптесін бұдан әрі ұстаған жоқ. Серғалиевпен әңгіме барысында аңғармапты, түскі үзіліс уақыты таялып қалған екен. Бірақ, ол асыққан жоқ. “Петренконы өлтірген кім? Серғалиевтің айтуынша, қылмыскер – Пименов. Ал, табылған үш тал шаш оныкі емес. Бұл іске тағы біреудің қатысы бар сияқты. Оған қалай шығуға болады?”

Көшербаев басқармадағы тәжірибелі қылмысты іздестіру инспекторларының бірі. Ол бұған дейін де талай күрделі істерді ашып, біраз қылмыскерлердің жолын кескен. Ал, мына іс оның қолына оқиғаның ыстық-суығы әбден басылғаннан кейін келіп тиіп отыр. Алты ай аз уақыт емес қой. Оның өз тәжірибесінен көңіліне мықтап түйгені: “Қылмысты тез ашу үшін оқиғаның ізін суытпау керек. Араға уақыт түсіп, оқиғаның ізі көмескеленіп қалғаннан кейін оны қайта қозғау қиынның қиыны”. Бөлім бастығы: “Тағы бір қатты жаңғақты шағуыңа тура келеді”, – дегенде осыны мезгеген екен ғой. Алайда, қатты дегені әбден қатып қалған жаңғақ екен. Көшербаевтың ойына подполковниктің “Серғалиев жалған жорамалдардың жетегінде кетіп қалған сияқты” деген сөздері оралды. Иә, бұл жас қызметкердің басында болатын жай. Бірақ, жорамалдың бірде-бірі ескерусіз қалмауға тиіс. Олардың бәрі таразыға тартылып, еш

потіжге бермегенде ғана түйыққа тірелгендей боласың. Ал осы оқиға төңірегінде сайрап жатқан жорамал іздері не емес сияқты.

Ол Серғалиев тастап кеткен материалдармен танысып шыққанша орынынан тұрған жоқ. Жас инспектор, расында да, Пименовтың ізіне тез шығыпты. Прокурордың рұқсаты бойынша Пименов екінші күні-ақ қымауға алыныпты. Серғалиевтің қылмысты ашуға шыққаны соншалық, сол күні Пименовтен жауап алған. Бірақ, әңгімелері жараса қоймағаны байқалады.

Азамат Пименов, сіз өзіңіздің не үшін тұтқындалғаныңызды білесіз бе?

Соны сізден естісем деймін.

Естисіз, бірақ, есіңізде болсын. Бұл арада сұрақты мен қоямын да, сіз жауап бересіз.

Мен әзірмін, сұрай беріңіз.

Онда, 1 сәуір күні кешкі сегіз бен он екі жарымның аралығында қайда болғаныңызды айтыңыз?

Сегізден он жарымға дейін мейрамханада болдым. Сосын...

Жалғыз ба, әлде қасыңызда біреу болды ма?

Жоқ, жалғыз емес, депода машинист болып істейтін Петренко екеуіміз бардық.

Так, так... Сосын?

Он жарым кезінде үйге қайттық. Аялдамаға келіп едік. Автобус бола қоймады, сосын жаяу кеттік.

Жолда ешқайда соққан жоқсындар ма?

Жоқ. Украин және Труд көшелерінің қиылысына дейін бірге келдік те, ол үйіне, мен жатақханаға кеттім.

Содан кейін Петренконы көрген жоқсың ба?

- Жоқ.
- Бір күннен кейін оның өлі денесі өзің айтып отырған жерден табылғанын білесің бе?
- Естідім.
- Азамат Пименов, сіз жақсылап ойланыңыз, сол арада болған оқиғаны есіңізге түсіріңіз.
- Сонда Сіз Петренконы мән өлтірді демексіз бе?
- Өзің білесің, мән сендердің қастарында болғам жоқ. Демек, бәрі өзіңе байланысты.
- Жоқ. Мән де білмеймін, ешкімді өлтірген жоқпын.
- Жақсы, бүгінге осы да жетер. Өлі де болса ойлаң, қылмыс жасағаныңды өзің мойындасаң жазаң жеңілдейтінін ұмытпа.
- Мән мойындайтындай ештеме істегем жоқ.
- Жарайды! Болды, болды. Сөзді көбейтпе, ертегіні басқаларға айт, ертең-ақ мойындайсың!..

Ертең тағы кездесеміз десе де Серғалиев үш күнге дейін Пименовті жауап алуға шақырмапты. Сірә, ол осы уақыт ішінде Пименовтің жұмыс орнында, жатақханасында болып қажетті деректер жинаса керек. Ол 5 мамыр күні қойылған алғашқы сұрақтан-ақ аңғарылып тұр.

– Азамат Пименов, Сіз өткен жолы мейрамханадан он жарымда шықтық дедіңіз. Ал жатақханаға бірде келіпсіз. Сонда мейрамханадан Жұмысшы поселкесіне дейін екі жарым сағат жүргендеріңіз бе?

– Рестораннан он жарымда шыққанымыз рас. Жұмысшы поселкесіне дейін жаяу келдік, ешқайда соққамыз жоқ. Жатақханаға қашан келгенімді нақты айта алмаймын. Өйткені, сағатқа қарағам жоқ.

– Сіз қарамасаңыз, басқалар қарапты. Сол күні кезекшілік атқарған Ахметова сіздің жатақханаға түнгі бірде оралғаныңызды растап отыр.

– Растаса, рас шығар. Бірақ, тағы да айтамын, мен сағатыма қарағам жоқ.

– Қарайтын шамаң болмағаны ғой, онда...

– Сөзіңіздің төркінін түсіндім. Мас болдың, не істеп, не қойғаныңды білмейсің дегіңіз келеді ғой. Мен ешкімді өлтіргем жоқ!

– Айғақтардың бәрі сізге қарсы болса қайда барасыз.

– Қайдағы айғақ?! Қайдағы айғақ?! Көне, тым болмаса біреуін көрсетіңізші!!!

– Тағы да ескертемін, бәрін өзін мойындағаның өзіңе пайдалы. Бұл арада дәлелдейтін түк те жоқ. Сенің “өлтіргем жоқ”, “өлтіргем жоқ”, деп құр бай-балам салғаныңа ешкім де, ертең сот та сенбейді. Сондықтан босқа арам тер болма! – Ақылыңа кел. Ойлан. Бәрін есіңе түсір...


– Жоқ!!! Мен ешкімді де өлтіргем жоқ!!!

Серғалиев екінші жауап алуды осымен доғарыпты. Ол қанша тырысқанмен іс орнынан қозғалмаған сияқты. Түспалдамай тура қойған сұрақтардың өзі жауапсыз қалған. Жас инспектордың кей жерлерде тым қызбаланып кететіні байқалады.

Сауалдар көп. Бірінші – Петренко мен Пименовтің базарда кездесуі кездейсоқтық па? Пименов: “Демалыс болған соң уақыт өткізейін деп барып едім”– дейді. Ал, Петренко неге барған? Сосын оның Пименовті мейрамханаға шақыруын қалай түсінуге болады? Олар екі-үш сағат бойы не жайында әңгімелесті екен? Осы сауалдарға жауап іздеген капитан алдындағы материалдарды әрі ақтарып, бері ақтарып табан тірерліктей ештеме таба алмады. Пименов Серғалиевтің “Мейрамханада не

49493

17



жайында сөйлестіндер? деген сұрағына: "Біздің арамызда не әңгіме болушы еді. Өткен-кеткенді еске түсіріп, уақыт өткіздік", деп жорта жауап беріпті. "Бұл сауал оған бірден қойылмаған. Сондықтан оның қитығып, ойына не келсе соны айта салуы да мүмкін ғой. Жарайды, Петренко мен Пименов ойламаған жерден кездесті делік. Ал, енді бірін-бірі көрместей болып кеткен олардың екеуінің қол ұстасып мейрамханаға тартуы қалай? Осы арасы ақылға сыйыңқырамайды. Әйтеуір, "тіл табысудың" төңірегінде бір гәп бар тәрізді. Петренконың еңбекке жарамсыздығы туралы куәлік алғанын үй ішіндегілерден жасыруы да, таңертең кеткеннен кейін үйіне хабарласпай көшеде сенделіп жүріп алуы да тегін емес... Иә, бәрін басынан қайта бастау керек. Ол ең алдымен Пименовпен кездесуге ұйғарды.

Алдында жатқан материалдарды сейфке салып, киіне бастағаны сол еді, телефон сылдыр ете түсті.

– Капитан Көшербаев тыңдап тұр! – деді ол үйреншікті әдетімен. Аржақтан "Еркін, маған келіп кетші" деген бөлім бастығының дауысы естілді.

Теміров кабинетінде жалғыз емес екен. Ол бірден істің жайына көшті.

– Еркін Жанатұлы, Серғалиевпен кездескен боларсыз?

– Иә, ол әлгі әзірде ғана келіп кетті, материалдармен танысып шықтым.

– Онда көңілге түйген ойларыңыз да бар шығар?

– Мәнінше істі әлі де тереңірек зерттей түсу керек сияқты.

– Онда ойымыз бір жерден шыққан екен. Жаңа басқарма бастығы шақырып, осы істің түйінін тезірек шешуді тапсырды. Сондықтан ақылдаса келіп осы іс бойынша жедел топ құруға ұйғардық. Сіз осы топтың жұмысына

жетекшілік ететін боласыз. Топтың құрамы жөнінде қандай пікіріңіз бар?

Көшербаев отырғандарды бір шолып шықты да:

- Жолдас подполковник, топқа лейтенант Серғалиев тартылса дұрыс болар еді, – деді.

- Ол жағын өзің шеш, мен қарсы емеспін. Тек бір-біткей ме деп қалдым.

- Әлі жас қой, кейбір қорытындылары негізсіз де емес, бір жүрген ізбен екінші рет жүрмес үшін оның бізбен бірге болғаны жөн ғой деймін.

- Жарайды онда. Басқа сұрақтарың бар ма?

- Жоқ, – деп капитан бәрі үшін жауап берді.

- Олай болса, іске сәт! Тек сұрайтыным: тергеудің барысы жайлы маған хабарлап отырыңыз.

* * *

Көшербаев күндегі әдетімен бүгін де жұмысқа ерте келді. Сағат тілі әлі сегізге жете қойған жоқ. Сәлден соң жедел топтың мүшелері оның кабинетіне жиналуға тиіс. Капитан ақ қағаздың бетіне Наталья Михайловна Петренко, Николай Григорьевич Пименов деген сөздерді бадырайтып жазып қойды. Иә, әзірше белгілі – осы екеуі ғана. Наталья Михайловна Петренконың әйелі. Ол өзінің айтуынша, күйеуін мерт боларынан он бес сағат бұрын көрген. Ал Пименов Петренкомен әңгімелескен, дәмдес болған соңғы адам. Демек, ізге осы екеуі арқылы ғана шығуға болады. Олай болса Серғалиевтің бірден Пименовке шүйлігуі негізсіз де емес. Бірақ, әзірше қылмыскерді байлап-матап тастайтын бұлтартпас айғақ табылмай отыр. “Айғақсыз бәрін күдікке, жорамалға ғана құруға болмайды. Айғақ керек! Айғақ!...” Осы кезде кабинеттің есігі ашылды да оның ойы бөлініп кетті.

Топ мүшелері түгел жиналғаннан кейін ол әріптестерін істің жайымен таныстыра бастады.

– Әңгіме ауыр қылмыс жайында болып отыр, – деді ол – Ал қылмыскер әлі бостандықта сайран салып жүр. Демек, біз өзімізге зор жауапкершілік жүктелетінін түсінуіміз керек. Ендігі жерде ізден ауытқуға, уақыттан ұтылуға еш хақымыз жоқ. Сондықтан топтың жұмысын бірнеше бағытта жүргізуге тура келді. Меніңше, ең алдымен сол бағыттарды анықтап алғанымыз жөн болар, кәне, кімнің қандай ұсынысы бар?

– Оқиға болған жерді тағы бір рет мұқият зерттеу керек, – деді қылмысты іздестіру инспекторы, аға лейтенант Әубәкіров.

– Қанат Мағжанұлы, алты айдан кейін із кесуіміз күр әурешілік болмас па екен, – деп лейтенант Айбасов көңіліндегі күдігін жасырмаған. – Меніңше, Пименовті сүттен ақ, судан таза деуге болмайды. Әлі де болса оның тамырын басып көру керек шығар?

– Жолдастар, – деді Көшірбаев әріптестерінің назарын өзіне аударып. – Шынында да біз әзірше Пименовтің қылмысқа қатысы жоқ дей алмаймыз. Бірақ, енді оған күр қол баруға болмайды, өздеріңіз ойлап қараңыздаршы, біздің қолымызда Пименовке қатысты бұлтартпас дәлел жоқ. Петренконың уысынан табылған үш тал шаш та оныкі емес. Міне, осы үш тал шаштың иесін табуымыз керек. Сондықтан бірде-бір жорамал ескерусіз қалмауға тиіс. Кей кездері Серғалиевтің ізімен қайта жүруге де тура келеді. Нұрлан анықтаған куәгермен қайта әңгімелесу керек. Бұл орайда ашылмай қалған жайлар аз емес. Басқаны былай қойғанда, біз Петренконың таңертеңнен кешке дейін қайда болғанын білмейміз. Ол Пименовпен қайда, қашан кездесті? Бізге бұл жағы да беймәлім.

Пименовтің айтуына қарағанда, олар базарда кездескен. Пименовтің сөзі шын дейік. Онда Петренконың базарға келгені белгісіз ғой. Мүмкін, ол біреулермен кездесіскен болған шығар? Ондай адамдар болса соларды іздеуіміз керек. Мүмкін, Петренко базарға мүлде жоламаған шығар? Пименовтің тергеуді теріс жолға салып жіберуі де мүмкін екенін естен шығармайық. Десек те, дәл қазір Пименовті мазалаудың қажеті жоқ. Сіздер қалай ойлайсыздар?

– Расында да, Пименовті сырттай бақылай тұрғанымыз жөн болар. Ендігі жерде оны күр күдікпен мазалағанымыздан ештеме шықпайды, – деді Әубәкіров.

– Онда сіз, Қанат Мағжанұлы, Петренконың жұмыс орнына барып, оның өмірінің соңғы күніне қатысты жайларды анықтаңыз. Оны сол күні көрген адамдардың да табылып қалуы мүмкін ғой.

– Ал сіз, – деді ол енді лейтенант Айбасовқа бұрылып, – мейрамханаға барып, даяшылармен тағы да сөйлесіңіз. Мүмкін, Петренко мен Пименовтің бірге отырғанын көрген басқа адамдардың ізіне шығарсыз. Әйтеуір, Серік Ғалымұлы, бірде-бір факт назардан тыс қалмасын. Ал мен Петренконың әйелімен, көршілерімен сөйлесіп қайтайын. Нұрлан Петренконың әйелімен бір-ақ рет кездесіпті, оның өзінде де әңгімелері жараса қоймаған сияқты. Ертең осы уақытта, осы жерде кездесетін болайық.

Топтың мүшелеріне қадау-қадау тапсырма беріп шығарып салған Көшербаев алғашында Петренконың әйелін басқармаға шақырып алмақшы болған, бірақ, бұл ойынан тез айныды. “Жай да жүрегі жаралы адамды мазалап қайтем, бәрібір көршілеріне де кездесуім керек қой” – деп түйген ол өз ойын. Наталья Михайловнаның қайда екенін білмек болып жұмыс орнына телефон соғып

еді, ондағылар: “Петренко үйінде болуға тиіс, кіші қызы ауырып қалыпты”, – деді.

Осыдан кейін ол кабинетінде көп бөгелген жоқ.

Петренконың отбасы вокзал алаңындағы биік үйдің жетінші қабатында тұрады екен. Қоңырауды қайта-қайта басқанымен ешкім жауап бермеді. “Ауруханаға кетіп қалды ма екен?” – деген оймен лифтке беттегені сол еді, қарсы есік ашылып, жасы алпыстар шамасындағы әйел көрінді.

– Сәлеметсіз бе? – деді капитан бейтаныс адамға жылы ұшырап.

– Сізге кім керек еді?

– Наталья Михайловнаны іздеп келіп едім, үйінде жоқ па, ешкім есік ашпайды. Сіздің көзіңізге түскен жоқ па?

– Көргем жоқ, байсыз әйел үйде отырушы ма еді, тәйірі, кеткен шығар тағы басы ауған жаққа.

– Баласы ауырып үйінде отыр, – деп еді ғой.

– Сізге оны айтып жүрген кім, балалары бәлкі айдан бері әке-шешесінде. Сапа қайтқаннан кейін іле апарып тастаған. Содан бері салт басты, сабау қамшылы.

Көшербаев өзінің полиция қызметкері екенін айтып, әйелмен сөйлескісі келетінін білдіруі мұң екен, үй иесі: – Мен не біледі дейсіз, – деп қашқақтай бастады.

– Аты-жөнім – Еркін Көшербаев, облыстық ішкі істер басқармасында аға инспектор болып істеймін. – деді капитан өзін таныстырып.

– Никитина Вера Александровна, вокзалда үй күтушімін.

– Онда Петренконы жақсы білетін болдыңыз ғой.

– Білмегенде ше, Сапа көз алдымызда өскен бала емес пе. Бір кезде әкесімен бірге істегеміз. Біз не көрмедік. Зейнетақым аздау болған соң, жұмыстан әлі қалмай

келемін. Оның үстіне немерелеріме көмектесуім керек. Есік алдында сөйлескеніміз ыңғайсыз болар, үйге кіріңіз. Бірді айтып бірге кеттім-ау, Сашаның әкесі бес жыл бұрын қайтыс болған. Саша оның жалғыз баласы еді, енді, міне, ол да өмірмен қош айтысты. Қыршын кетті.

– Иә, Петренконы белгісіз біреулер өлтіріп кетті. Біз қайткен күнде де оларды тауып, жауапқа тартуға тиіспіз. Оған сіздің де көмегіңіз керек.

– Тәйірі, мен қандай көмек болушы еді? Көрші тұрсақ та араласқан жандар емеспіз. Олар – жастар, у-шуды ұнатады. Ал біз шалымыз екеуіміз болсақ құлақтың тыныштығын ойлаймыз.

– Немесе, олар жиі-жиі сауық-сайран құрушы ма еді?

– Бірде төмендегі көршілерімнен сөзге келіп қалғанын құлағым шалған.

– Онда кімдер тұрушы еді?

– Ерлі-зайыптылар, күйеуі мүгедек, бір аяғы жоқ, үйінен көп шыға бермейді. Абайсызда поездың астына түсіп қалған. Әйелі подъезд жуады, сол байғұсты күтіп отыр.

– Сонда олар неменеге келіспей қалды екен?

– Машаның сөзіне қарағанда Петренколар түннің бір уағына дейін улап-шулап, мазаларын алса керек. Ақыры Маша олардың есігін қағуға мәжбүр болыпты. Бірақ, қызыңқырап алған Наталья бет бақтырсын ба. “Билеймін бе, ән айтамын ба – онда сендердің жұмыстарың болмасын” деп есігін тарс еткізіп жауып алыпты. Машаның да тілі сала құлаш қой, шаң-шұң айғай шыққан соң есікке таялып келіп едім: “Бәлем, байың келсін, бәрін айтамын” дегенін естіп қалдым. Содан кейін у-шу басылды да Маша үйіне кіріп кетті.

– Сонда қалай, Петренконың үйде болмағаны ма?

– Олардың жұмысы белгілі ғой, он күн үйде болса, сонша уақыт жолда жүреді. Машаның зіркілдеуіне карағанда үйде болмағаны ғой. Өйткені осы үйде кімнің қай пәтерде тұратынын, қашан кетіп, қашан келетінін бес саусағындай білетін сол ғана. Сірә, сіздің онымен де әңгімелескеніңіз жөн болар. Қазір барсаңыз олар үйінде, жаңа ғана шырпы сұрап келіп кеткен.

– Жақсы, Вера Александровна, әңгімеңізге көп рахмет! Егер тағы бір жайттар есіңізге түссе хабарласарсыз, – деді капитан. Сосын шығар есікке таяп барып артына бұрылды да:

– Вера Александровна, бұған дейін сізден осы жайында ешкім сұраған жоқ па? – деді.

– Жоқ. Сұраса кімге де болсын айтамын ғой.

– Ал, жақсы, онда қош-сау болыңыз!

Стрельниковтер қоңырау қаққан адамның кім екенін де сұраған жоқ. Түпкір бөлмеден “Есік ашық, кіре беріңіз” деген ер адамның дауысы естілді. Расында да есік ашық екен. Әйтсе де капитан үйге кірер-кірмесін білмегендей тұрып қалды.

– Саша, сенбісің? Тезірек нанға барып келші, магазин жабылады.

Бүйірдегі бөлмеден сөйлей шыққан егде әйел бейтаныс адамды көрді де қалшыып тұрып қалды.

– Сізге кім керек еді? – деді ол сәлден соң өзіне өзі келіп.

– Стрельниковтер осы пәтерде тұра ма?

– Иә, иә, ерім де үйде, мен Мария Петровна Стрельниковамын. Сіз кім боласыз?

– Мен облыстық ішкі істер басқармасынанмын, аға инспекторымын. Сізге келіп едім. Есікті ашып тастағандарыңыз қалай, қорықпайсыздар ма?

– Тәйірі, бізге кім тиеді дейсіз. Жұрт қызығатындай байлығымыз жоқ. Жоғары шығыңыз. Осы кезде немереміз мектептен келуші еді, сол екен деп қалсам.

Көшербаев қонақ бөлмеге өтіп, диванға отырғаннан кейін өзінің не жұмыспен келгенін айтты.

– Қайдан білейік, басы-қасында болғамыз жоқ, – деп жорта жауап берген Мария Петровна әңгімеге құлықсыз екенін бірден білдірген.

– Мария Петровна, мен сізге осы істің жайын бүгешүгесіне дейін біледі деген оймен келіп отырғам жоқ. Өзіңіз білесіз, қылмыс жасалғалы алты айдай уақыт өтті. Ал, қылмыскер әлі ұсталған жоқ. Оны осылай тайрандатып қоя берсек, ертең тағы біреуді мерт етпесіне кім кепілдік бере алады. Сіз Петренколардың отбасы, олардың туған-туысқандары, дос-жолдастары, келімді-кетімді кісілері туралы бар білетініңізді айтып берсеңіз.

Осы сөздерден кейін үй иесі әңгімеге икемделе бастады.

– Қайдан білейін, полицияға бірдемені көрдім десең сотқа дейін сүйрейді деген соң қорқақтап жатқаным ғой.

– Оны сізге кім айтты?

– Осыдан бес-алты ай бұрын Натальяның да аузынан естігем. Подъезді жуып жүр едім, олардың үйіне бөтен бір жігіт кіре берді. Бірақ, үйде көп бөгелген жоқ. Жайшылықта жұлдызымыз жараса қоймаушы еді, сол жолы не қылып иліккенін білмеймін, әлгі жігітті шығарып салған Наталья:

– Полициядан келіпті, әр нәрсені сұрайды, түк те білеймін дедім, – деді. – Оның не? – деп едім. Көрдім деген көп сөз, көрмедім деген бір-ақ ауыз сөз. Бірдеменің ұшығын шығарсаң олар қыр соңыңнан қалмайды, күн демейді, түн демейді, маза бермейді. Енді олар маған

Александрды қайтарып берер дейсің бе? – деді.

– Ашынған соң айтқан ғой, – деді капитан әңгімені басқа арнаға бұрмақ болып. – Сіздер оларды қашаннан білесіздер?

– Осы үйге 1982 жылы бәріміз бірге түскеміз. Бірақ, жақын қарым-қатынасымыз болған емес.

– Олардың ара-қатынасындағы келіспеушілікті аңғарған жоқсыз ба?

– Үй болған соң ыдыс-аяқ сылдырламай тұра ма. Дегенмен, алғашқы кездері олар ың-шыңсыз тұрып жатты. Бірақ кейін араларынан қандай қара мысық жүгіріп өткенін білмеймін, жанжал көбейді. Бір-екі рет подъезге де шығып кеткен кездері болған. Сұрасаңыз көршілердің бәрі де айтады. Жалпы Александрдың араққа әуестігі жоқ-ты. Меніңше бәріне кінәлі Натальяның өзі. Беті жылтырағанның бәрі солай ма, қайдан білейін, әйтеуір той-думанды ұнатады, өзінің таныстары да көп.

– Солардың кімдер екенін айта алмайсыз ба?

– Қайсыбірін айтып тауысасың. Айтпақшы, ұмытып барады екенмін, солардың ішінде қара мүрт жиі келетін. Қайда істейді екен деп жүруші едім, жақында базардағы дәріханада көрдім, үстіне ақ халат киіп алыпты, дәрі сатып тұр. Дәуде болса, өзі осы жердің тұрғылықты адамы емес. Жүзіктің көзінен өтеді, нағыз сужұқтастың өзі.

Мария Петровна базарды аузына алғанда Көшербаев елең ете қалды.

– Қашан көрдім дедіңіз?

– Дәл күні есімде жоқ, шамамен бір аптадай бұрын. Ал, ол осы үйге күн сайын дерлік келеді. Александр қайтқалы тіпті айналшықтап шықпай қойды.

– Ол немене, бұрын да келуші ме еді?

– Келетін... Күнәлі болсам да айтайын, Наталья мен Александрдың кикілжіндесуінің басты себебі де сол ма деп қалдым. Бірде тіпті полиция да келген.

– Петренконың әйелі үйінде жоқ көрінеді, көзіңізге түспеді ме?

– Үш-төрт күн болды подъезд жуып жүргенде әлгі қара мүрт екеуінің артынып-тартынып кетіп бара жатқанын көргем.

* * *

Мерзімді уақытында Көшербаевтың кабинетіне жиналған жедел топ мүшелері өткен күні не көріп, не білгендерін баяндауға кірісті. Бірінші болып сөз алған Әубәкіров өзінің депода болғанын, кіммен не жайында әңгімелескенін тәптіштеп айта бастады.

– Петренконың депода істегеніне биыл он екі жыл толады екен, – деді ол – Осы уақыт ішінде ол тек жақсы қырынан танылып келген. “Жұмысына тағанды, көп сөзі жоқ момын кісі еді” деседі деподағылар. Колонна бастығымен де, бригадирмен де, қатардағы теміржолшылармен де сөйлестім, өзі тұйықтау болса керек, ешкіммен етене араласпауы да осыны дәлелдейді. Айтпақшы, ол сәуірдің 1-і күні депоға мүлде келмеген. Кесте бойынша ол кезекті сапарға 4-ші сәуірде шығуға тиіс екен.

– Сонда қалай, үйінен жұмысқа кеттім деп шыққан. Әлде қалада көңілдес біреуі болды ма екен!

– Осындай бір күдік маған да келді. Бірақ, әзірше қолда ештеңе жоқ. Дегенмен, оның жұмысқа барамын деп үй ішіндегілерді алдап кетуі тегін емес.

– Осы арада бір сәйкессіздік бар сияқты, – деді капитан. – Мен Петренконың әйеліне жолыға алмадым. Екі

көршісімен әңгімелестім. Олардың айтуларына, Петренко-
лар, әсіресе соңғы кезде тату тұра алмаған сияқты. Петренко қайтыс болғаннан бері оның әйеліне белгісіз бір қара мұртты жігіт келгіштеп жүрген көрінеді. Қара мұрт кім? Ол Натальяның көңілдесі ғана ма, әлде ол екеуінің арасында басқа да байланыс бар ма? Осыны анықтауымыз керек. Қазір Петренконың әйелінің қайда екені белгісіз. Ол үш-төрт күннен бері үйіне соқпаған.

Осы кезде телефон шылдыр ете қалды.

– Капитан Көшербаев тындап тұр!

– Жолдас капитан, сізді мазалап тұрған “Күзет” бөлімінің кезекшісі Бәйкенов, – деді қоңырау шалушы.

– Иә, иә, тындап тұрмын.

– Біз үстіміздегі жылғы шақыруларды түгел қарап шықтық. Оның ішінде Петренконың шақыруы да тіркеліпті. Телефон шалған әйел екен. Шақыруда үй иесі Петренко Александр Сергеевич мас болып үй ішіндегілердің тынышын кетірді делінген. Ал осы шақыруға барғандардың бірі сержант Қазбек Мұстафиннің айтуына қарағанда, жағдай мүлде басқаша болған көрінеді.

– Қазбек қазір қайда?

– Осында.

– Онда тезірек маған жіберсеңіз.

– Құп болады, жолдас капитан!

Телефон трубкасын орнына қойған Көшербаев:

– Петренколардың көршісі Стрельникованың айтқаны шын болып шықты. Наталья Михайловна Петренконың күйеуім мас болып лаңдатып жатыр деп ішкі істер басқармасынан көмек сұрағаны рас екен. Қазір осында сол шақыруға барған сержант Қазбек келеді. Оған дейін әңгімемізді жалғастыра берейік.

Әлжанов ресторанда болғанын, даяшы Кузнецованың

Серғалиевке айтқан сөздерін үтір-нүктесіне дейін қайталап шыққанын айтты. Олар ресторанда екі сағаттай отырған, он жарым кезінде есеп айырысыпты.

– Даяшының сөзіне шек келтіруге болмайды, – деді осы арада әңгімеге араласқан Серғалиев. – Оны Пименовтің өзі де мойындаған болатын.

– Жақсы, Петренконың өмірінің соңғы екі сағатын ресторанда өткізгені анық дедік. Ал, оған дейін қайда болған? Базарға неге барған? Егер рас болса. Өйткені біз оны Пименовтің сөзінен ғана білеміз ғой. Пименовтің бізді басқа жолға салып жіберуге ұмтылуы да мүмкін екенін ұмытпайық. Өйткені, ол өзіне ауыр кінә тағылып отырғанын жақсы түсінеді. Демек, біз қара мүрттың кім екенін анықтауымыз керек. Петренконың уысынан табылған үш тал шаш оқиғаға қатысты үшінші адамдікі болуы мүмкін екенін аңғартады. Сол үшінші адам қара мүрт болса ше?! Бұл іспен, Қанат Мағжанұлы, Сіз айналысыңыз, тағы да Петренконың жұмыс орнына соғыңыз. Мүмкін, белгісіз бір жайлардың беті ашылып қалар.

– Ал, сіз Серғалиев, – ол енді лейтенантқа бұрылды. – Сіз Петренконың әйелінің қайда кеткенін анықтауға тырысыңыз, мүмкін, ол ауылдағы әке-шешесіне кеткен болар. Облыстан тысқары жерге де кетуі ықтимал. Аэропортқа да соғыңыз.

Осы кезде біреу есік қақты.

– Қазбек шығар, кірсін, шақыр, – деді капитан шеткерірек отырған Әлжановқа.

Сержант, формасындағы жас жігіт табалдырықтан аттар-аттамаста оң қолын шекесіне апарған күйі қаздиып тұра қалды.

– Жолдас, капитан, сержант Қазбек сіздің бұйрығыңыз бойынша келіп түр!

– Сержант жоғары шық, мына орындыққа отыр, – деді ол кіші әріптесіне ізет білдіріп. – Неге шақыртқанымды білетін шығарсыз.

– Иә, – деді Қазбек.

– Онда Петренконың отбасындағы келіспеушілік жайлы топ мүшелеріне айтып берсеңіз.

– Жақсы. Кешкі сағат сегіз жарымның кезі болатын. Біз Жұмысшы поселкесінен бөлімге оралып келе жатқанбыз. Кеш рация арқылы бөлім байланысқа шақырды. Бөлімдегі жауапты кезекші вокзал маңындағы бір пәтерде үй иесінің мас болып жанжал шығарып жатқанын хабарлап, соған соғуға бұйырды. Сыртқы есікті бізге жасы отыздар шамасындағы келіншек ашты. Жылаған болуы керек, екі көзі бұлаудай болып ісіп кетіпті.

– Сіз шақырдыңыз ба? – деп сұрадық.

– Иә, мен шақырдым, күйеуім ішіңкіреп келіпті, мазамызды алып болды, – деді. Осы кезде екінші бөлмеден ер адам шықты. Ішкен адам белгілі ғой, мына кісі сап-сау. Қасымдағы серігім Петров та осылай ойлаған болуы керек, әйелге қарап: – Жолдасыңыз қайда? – деді. – Мен, міне, алдарыңызда тұрмын, – деді әлгі жігіт сабырлы қалпын бұзбай.

Түкке түсінсек бұйырмасын. Содан соң мен:

– Сіз бүгін арақ іштіңіз бе? – деп сұрадым.

– Жоқ, бүгін үйден аттап та шыққам жоқ, – деді.

– Онда әйеліңіз бізді неге шақырды?

– Оны өзінен сұраңыздар.

Келіншек жанарымен жер шұқып, басын көтерген жоқ. Біз Петренкодан кешірім сұрадық та шығып кеттік. Лифтке кіргеннен кейін Петров:

– Масы мас емес, бірақ әйелі екеуінің арасында бір кикілжің бар сияқты, – деді.

– Маған да солай көрінді.

– Жақсы, әңгімеңізге рахмет!

Көшербаев осыдан кейін топ мүшелерін көп ұстаған жоқ. Олардың әрқайсысына нақты тапсырма беріп, шығарып салды. Сосын сағатына қарады. Уақыт он бірге таялып қалыпты. Ол стол үстінде жатқан қағаздарын жинастырып сейфке салды да бөлім бастығының кабинетіне беттеді.

Подполковник кабинетінде жалғыз екен. Көшербаев алдындағы орындыққа жайғасқаннан кейін “құлағым сізде” дегендей кейіп танытты.

– “Суға кеткен тал қармайды” дегендей, айғақтың бәрін ұсақ-түйек демей тексеріп жатырмыз, – деді капитан.

– Солай болуға тиіс!

– Серғалиев Пименовке шыққаннан кейін бәрін ұмытқан сияқты.

– Сонда қалай, Пименов қазірдің өзінде ақталып отырма?

– Олай дегуге әлі ерте. Дегенмен, біз әзірше оны мазалағамыз жоқ, сырттай бақылаумен ғана шектеліп отырмыз.

– “Қара мүрттан” не хабар бар?

– Әзірше қайда екені белгісіз. Оған Петренконың әйелі арқылы шықпақпыз. Көршілерінің айтуына қарағанда, екеуі осыдан үш-төрт күн бұрын бір жаққа кеткен.

– Иә, “Қара мүртты” қайткенде де табу керек. Петренконың әйелінен қайта жауап алу да артық болмас. Оның жұмыс орнына барып, басшыларымен, бірге істейтін адамдармен әңгімелесу керек.

– Жақсы, жолдас подполковник.

– Сағат бесте мектеп оқушыларымен кездесуге

баратыныңызды ұмытқан жоқсыз ғой.

– Жоқ.

– Олай болса, бүгінгі әңгімемізді осымен тәмамдайық.

* * *

Ол көзі жұмулы болғанмен, көңілі ояу күйде ұзақ жатты. Қанша әуреленгенмен кірпіктері айқасар емес. Кездесуде қозғалған көңіл пернесі жуыр маңда тынымасын сезген ол төсегінен тұрып ас үйге барды. Бірақ, онда да байыз тауып ұзақ отыра алмады. Суыңқырап қалған бір шәшке қара шайды сораптамай бір-ақ жұтты да қайтадан жатар бөлмесіне беттеді. Кездесуге жоғары сынып оқушылары түгел дерлік жиналыпты. Сұрақтар қарша борады. Шамасы келгенше бәріне жауап берген болды. Осылай екі сағат уақыттың қалай өтіп кеткенін де аңғармай қалды. Бірақ, негізгі сұрақ алда екен. Ар жақта отырған оқушылардың бірі орнынан тұрып:

– Рұқсат болса, менің бір сұрағым бар еді, – деді.

– Сұра, Берік, сұра, – деді сынып жетекшісі.

– Менің байқауымша, сіз ішкі істер органдарына бірден келмеген көрінесіз. Жаңа өзіңіз айттыңыз, орта мектепті тәмамдағаннан кейін біраз нәрсенің құлағын ұстапсыз, шопан болыпсыз, тракторда да істепсіз. Сонда қалай, сіздің қоғамдық тәртіп сақшылары қатарына қосылуыңыз кездейсоқтық па, әлде өмірдің өзі ұсынған тандау ма?

– Бұл сұраққа екі ауыз сөзбен жауап беруге болмайды. Бірақ, уақыттың тығыздығын ескере отырып, қысқа қайыруды жөн көріп тұрмын. Иә, мен погон тағуды жастай армандадым дей алмаймын. Бұдан менің бұл қадамым кездейсоқ жасалды деген ұғым тумасқа тиіс. Қанағаттансаңдар, жауабы осы.

– Рахмет.

Шынында да, соңғы сауалдың жүгі ауыр болып шықты. Ол еріксіз ой жетегіне ерді.

... Өзі тетелес ауыл балалары сияқты, ол да талдан “тұлпар” ерттеп ертелі-кеш томпаландап жүруші еді. Балдәурен шақтың думаны таусылмастай көрінетін сол сәтте оған. Жоқ, олай емес екен. Мектеп директоры Сейсен ағай көмелеттік аттестатты ұстатып тұрып: “Сендер енді бала емессіңдер, ер жетіп, азамат болдыңдар, ертең-ақ өмірден өз орындарыңды табасыңдар”, дегенде ол он жыл бойы тәлім-тәрбие алған, білім көусарынан сусындаған алтын ұя – мектебімен бірге балалық шаппен де қоштасатынын сезінген.

Сейсен ағай айтқандай, өмір иірімі тез үйіріп әкетті. О баста ойы мектеп бітірісімен жоғары оқу орнына түсу болатын. Бірде парталас досы Төлеген биылша оқуға бара алмайтынын айтты. Еркін “неге?” деп қазбалаған жоқ. Оның анасын жалғыз қалдырып кетуге қиналып жүргенін іштей сезетін. Досын аяп кетті. Содан болар, “Ендеше мен де ауылда қаламын” деген сөздерді қалай айтқанын да аңғармай қалды.

Ауылда қалған соң оның арты белгілі ғой. Енді қалтаға қол салып селеңдеп жүре алмайсын. Екеуі араға апта салып жұмыс сұрап басқармаға келді. Басқарма өздерімен бірге оқыған Сайлаубектің әкесі – Ерғали бұлардың оқуға бармайтынын естігенде тіпті жайрандап қалды. “Біздің Сайлаубек прокурордың оқуына кетті. Дұрыс, жұмыс істейміз дегендерің құптарлық. Жұрттың бәрі бастық болса, жұмысты кім істейді, – деді ол жорта күліп. – халық “... доп ойнаған тозар, бәрінен де қой бағып күйрық жеген озар”, – деген. Ана Қадырға көмекші болыңдар”, – деп сол арада шешімін де айтып үлгерді ол.

Ер жетіп, бір-бір үйдің иесі атанғанда да Төлеген екеуінің арасы ажыраған емес. Бүгін де бір қалада, бір көшенің бойында тұрады. Ол жобалау институтында істейді, ал бұл болса қылмысты іздестіру инспекторы. Балалы-шағалы болса да бірін-бірі сағынып тұрады. Кездескен сәтте балалық шақты, ауылды еске алып ұзақ сонар әңгіме бастап кететін әдеттері де бар. Ондайда жұбайлары жақтырмай қалады. Қанша дегенмен қала қыздары ғой. “Ауылда шаңнан басқа не бар”, – деп мұрындарын шүйіреді олар.

– Шіркін, ауылдың несібін айтасың! – дейді Төлеген келіншегін қыздыра түсіп.

– Жұпар иісі аңқыған кең далаға не жетсін! – деп Еркін де қиялға беріледі.

– Қымызы қандай, бір ұрттасаң бойың балқиды!

– Ауасын айтсаңшы, ауасын!

– Керемет болса, қалаға неге келдіңдер?!

Осы бір сөздерден кейін Төлеген екеуінің де ауыздарына құм құйылады.

Бұл арада уәж айту орынсыз секілді. Өздерінің қалалықтар қатарына қосылып, алыстағы ауылға ара-тұра болса да ат ізін салып тұрмайтындарын қалай түсіндірсін. Тіпті ақталатын жай жоқ.

Ойына тағы ауыл оралды. Кешегі ауыл бүгінгідей емес, магнитше тартып тұрушы еді ғой. Қазір ғана бәрінің құрып жатқаны. Осыдан он бес-жиырма жыл бұрын бар байлық ауылда тұрғандай көрінетін оған. Отар-отар қой... Қадыр... Өздерін еңбекке баулыған сол асыл азамат қазір қайда екен? Зейнетке де шыққан шығар-ау.

... Қадырдың қияс мінезі елге ежелден белгілі. Ал, бұлар болса, оның сырына көмекші болған екі жылдың

ішінде әбден қаныққан. Жалпы, ол қой аузынан шөп алмайтын момын жігіт, қақ-соқта жұмысы жоқ. Екі жылдың ішінде талай рет көздері жеткен оған.

Оның ойына осыдан он жыл бұрын қоңыр күзде Қайранкөлдiң дөңiнде болған бiр оқиға түстi. Түс әлетi болатын. Үшеуi қос басында шай iшiп отырған. Машинаның гүр еткен дауысы елең еткiздi, ұшып-ұшып тұрды. Машина қосқа бұрылған жоқ, тура көк шалғында иiрiлiп жатқан отарға тартты.

– Қойды үркiттi-ау, – дедi Қадыр.

– Өзi бiздiң ауылдiкi емес қой.

– Бастықтардың бiрi шығар. – Қадыр қамшысын алып отарға беттедi. Бұлар да оның соңына ердi.

Машинадан екi адам түстi. Бiреуi басқарма Ерғали екен. Қасындағысы бейтаныс адам. Жүрiс-тұрысына қарағанда бастық болуы керек. Отарға сұғына берген Ерғали бiр семiз қойды шап берiп ұстай алды. Сол-ақ екен жуан машинасына қарай жүгiрдi. Жiпке жүгiрген болуы керек, машинасының артында қорбандап жатыр.

Осы сәтте Қадыр сұрланып кеттi.

– Тапа-тал түсте мыналардыкi не-ай! – Оның бар айтқаны осы болды. Сосын шапшаң басып қойдың аяғын байлай алмай жатқан екеуге жеттi де басқарманы қой үстiнен тымақша жұлып алды.

Ерғали Қадырдан не күтсе де, мұны күтпеген болуы керек, алғашында тiлi күрмелiп сөйлей алмай қалды. Сәлден соң ғана:

– Мұның не, ей! – дедi.

– Мал иесi сен бе, мен бе, аулақ жүр!

– Ойының ба, шының ба?! Мына кiсi ауданнан келiп едi.– Басқарманың жүнi жығылып, жасып қалды.

– Аудан түгіл, облыстан келсе де менің жұмысым жоқ. Қойды босат.

Қадырдың өктем сөзі қорбандап жатқан жуанды да өңменінен түйіп жібергендей еді. Ол есін жинап ала қойды. Ерғали бой берер емес.

– Сен өзің шындап барасың ғой, міне, Ілекеннің қағазы бар.

– Ілекен жомарт болса, қорасындағы қойынан берсін. Қадау-қадау осыны айтқан Қадыр көмекшілеріне иек қағып: “Қойды өргізіңдер”, – деді.

Жолдары болмаған екеу салдары суға кетіп, машинаға сүйретіле мінді. Еркін мен Төлеген іштей Қадырға риза болып тұр. “Не де болса естен кетпестей қылды-ау, енді қайтып өздері де маңайды баспас”.

Қадыр олар кеткен соң да біраз бұркылдап жүрді. “Өздері жынданған шығар, не көп – ауданда бастық көп. Бәріне қой бере берсе, дүниенің малы шақ келе ме?! Жылда осылай, шашып-шашып жыл аяғында межеден көріне алмадық деп мүләйімсіп отырғандары”. Қаз ашуын тырнадан алады дегендей, сосын ол Еркін мен Төлегенге шүйлікті.

– Мен жоқта ашықауызданып қойды таратып жіберіп жүрмеңдер! Бір тұяқ шетінеді бар ғой, ондырмаймын!

Екі дос бұрын осы Қадыр бастықтарға неге жақпайды деп ойлаушы еді. Осы оқиғадан кейін олар оның жауабын тапқандай болды. Әйтпесе, Қадырдың көрсеткіштері басқалардікінен кем емес. Қозыны да алып, жүнді де жұрттан кем қырықпайды. Бірақ, өзінің айтуына қарағанда, бәйге алды тиіп көрмеген. Бастықтардың өзін не үшін ұнатпайтынын тегі іші сезетін болуы керек. “Мейлі, керемет болмай-ақ қояйын. Адал еңбегімнен жарылқасын” – деп отыратын.

Жайшылықта екі сөздің басын құрап айта алмайтын Қадырдың шешенсіп кететін әдеті бар еді. Бірақ, ол көлгірсуді білмейді. Дәйім көңіліндегісін бүкпесіз айтады. Содан кейін мейлі шауып алсаң да шайлықпайды. Тағы бірде отарға жеңіл машина бас тіреген еді. Машинадан түскен жас жігіт өзін облыстық газеттің тілшісімін деп таныстырды. Ол өзінің, аудан, кеңшар орталықтарында болғанын айтты да жұмыс барысы жайлы сұрай бастады.

– Биыл жүз саулықтан қанша қозы алдыңдар?

– 85

– Жүн жөніндегі міндеттемелеріңіздің орындалуы қалай?

– Орындалды.

Қадырдың жауабы қысқа. Сірә, тілші оған қанағаттана қоймады білем, сұрақты үсті-үстіне бұрқыратты-ай кеп. Сәлден соң, көмекші шопандарға ауысты.

– Қашаннан бері істейсіңдер?

Бұлар үшін Қадыр жауап берді.

– Бес айдан асып барады.

– Шопандық, қалай, ұнай ма?

– Ұнамаса, бұларды кім зорлапты.

Тілші қойын дәптерінің екі-үш бетін толтырғаннан кейін басын бір-ақ көтерді. Сосын Қадырға қарап:

– Сіздер туралы бір көлемді материал жазсам деп едім, – деді. Осы сөздерді естігенде Қадыр бірдеме шағып алғандай ыршып түспесі бар ма.

– Бізді мақтамақсың ба?! – деді ол құлағына өзі сенбегендей.

– Оның несі бар, көрсеткіштеріңіз жаман көрінбейді. Солтүстікте жүз қойдан 85 қозы алу – рекорд!

Қадыр қолын бір сілтеп сөйлеп кетті. Бұл – оның ашулана бастағаны.

– Сенің бізді мақтағаның кімге керек? Жазсаң жағдайымызға қанық та ақиқатын жаз. Меніңше, жүз қойдан 85 қозы алу мақтауға тұрарлық көрсеткіш емес. Жылда біз 95-100 қозы аламыз. Бірақ, соны аман сақтай алмаймыз. Оның сыры неде? Оның себебін ана кеңшармен екі ортада сабылып жүрген мал дәрігері мен бас зоотехниктен сұра.

Тілші қойын дәптерін қайта сырды. Қадыр токтар емес. Сөз арасында қолын сермеп қояды.

– Бізде қора жағы жетпейді. Сондықтан мал тығыз орналасқан. Бар қораның өзі ескі. Ертең көктемде төбесіңн тамшы ағып қозы да, қой да суыққа ұрынады. Бұл жөнінде басшыларға, мамандарға айта-айта шаршадық. Олар бізді жүз қойдан сексен бес қозы алу жаман көрсеткіш емес,– деп жұбатады. Өзің айтшы, осылары дұрыс па?... Ол – бір, екінші бір көтеретін мәселе – шопандардың тұрмысы жайлы. Жаз бойы дала жайлап, ел бетін көрмейміз. Сондағы паналайтынымыз – мына жыртық қос. Басқа жақтың шопандары газ пайдаланатын көрінеді, бізде ол да жоқ. Осындай жағдайда кім жұмыс істейді, көнбіс болған бізге бөрібір. Ал, мыналар ертең-ақ қолдарын бір сілтеп тайып-тайып тұрады. Егер сен тілші болсаң, осыларды жаз, біздің мұңымызды жоғары жақтағыларға жеткіз.

Қадырдың әрбір сөзін қалт жібермей қағазға түсірген тілші:

– Расында, мына айтқандарыңыз көңілге қонымды екен,– деп ыңғайға көне бастады.

Қадыр оған сенбеген сыңай танытып, шегелеп жатыр.

– Егер осы айтқандарымды жазбадың бар ғой, қалаға қуып барамын.

Осыдан кейін тілші көп бөгелген жоқ, келген ізімен кейін қайтты.

Уақыт өте берді. Шопандар тілшінің келгенін ұмыта да бастаған еді. Күндердің күнінде облыстық газетте Қызылағаштың қой фермасындағы жағдай туралы стектей мақала жарқ ете түссін. “Қойды қырған қай қасқыр?” деген тақырыбының өзі-ақ шошытып тұр”. Обалы не керек, тілші жігіт Қадырдың айтқандарын айна-қатесіз дәттепті. “Аға шопан Қадыр Әленов шаруашылықта қой өсірудің зор мүмкіндіктері пайдаланылмай отырғанын айтты” деген жолдарды оқығанда басқарманың бүгін болмаса ертең осында соғатынын ішіміз сезген.

Айтқанымыз келді. Бірақ, басқарма жалғыз емес, зоотехнигі бар, веттехнигі бар, барлық мамандарды ерте келіпті.

– Тілің шығайын деген екен! – деді ол келе Қадырға тиісіп.

– Мұның айтуына қарағанда, бәріміз қаңбақ қуып жүрген сияқтымыз.

Зоотехник Әсет Әубәкіров те басқарманы жөптеп жатыр.

Бірақ, Қадыр оларға бұрылып та қараған жоқ. Қаракөк атқа қарғып мінді де, қостан ұзай берген қой соңынан шаба жөнелді.

Әңгіме мұнымен біткен жоқ. Келесі күні бастық атаулы үйіліп-төгіліп келіп, қой санағын өткізді. Бәрінің қабағы қатулы, бірінен бірі өктем сөйлейді. Абырой болғандай қой түтел болып шықты.

Бастықтар кетісімен Қадыр бізді жанына шақырып алды да:

– Сендер әлі жассындар ғой, шамаларың келсе оқуға түсу жағын ойластырыңдар, – деді.

Бірақ, бұлар сол жылы да, келесі жылы да оқуға бара алған жоқ. Әне-міне кетеміз деп отырғанда басқарма “Ана жоғалған елу қойды орнына салмай ешқайда бармайсыңдар” деп зекіп тастаған. “Қайдағы елу қой?!” Бұлар аң-таң, Қадырға келді. Ол ешнәрседен хабарсыз екен. Жедел атқа қонып, ауылға шапты. Содан отар басына қас-қарая бір-ақ оралды. Қабағы қатулы, үн-түнсіз көк майсаға сұлай кетті. Сәлден соң ғана басын көтеріп:

– Сотталып кетпесек жарайды ғой, – деді.

– Не үшін?!

– “Күштінің күйрығы диірмен тартады” деген емес пе, елу қойдың әктісі үшті-күйлі жоқ. Ерғали “Ертең орнына сад, әйтпесе түрмеде шірісің”, – деп зіркілдеп отыр.

– Қап!!!

– Салынған әкті қайда дейсіз, табылар?

– Әй, балалар-ай, сендер не білесіңдер, бұлар жең ұшынан жалғасып, ауыз жаласып алған әккі кулар емес пе, тіпті сөйлескісі келмейді. Екі сөзінің бірі “соттала-сың”, бірақ, сендер қорықпандар, бәрін өз мойныма алам. Соттаса мені-ақ соттасын.

Қадырдың күдігі рас болып шықты. Арада апта өткен соң, аудандық ішкі істер бөлімінің шақыру қағазы келді. Сол кеткеннен Қадыр екі айға дейін ауылға оралған жоқ. Ауыл арасында әңгіме жатқан ба, “Қадырдың үстінен қылмыстық іс қозғалыпты” деген жайсыз хабар тез тарап кетті, сол күндері Ерғали отарға келгіштеп: “Балалар, сендер әлі жассыңдар, болашақтарың алдарында, шын-дарынды айтыңдар, елу қойдың із-түзсіз жоғалып кетуі мүмкін емес қой, алғанын, бергенін көрген шығарсыңдар, әйтеуір, текке күйіп кетіп жүрмендер”, – деп қамқор-сыған сыңай танытқан. Бірінің бірі аузына түкіріп қойған

ба дерсің, ауданнан келген тергеуші де: "Аға шопанмен бірдей жауап бересіндер, шындарынды айтсаңдар куә ретінде өткізем, ал әйтпесе темір тордың ар жағынан бірақ шығасыңдар" – деп зілденген. Бірақ, не дейсің? Қадырдың біреуге қой бергенін, немесе өзі алғанын көрмесек, қалай көрдік дейміз.

Тергеу ұзаққа созылды. Бірақ, оның қылмысын дәлелдейтін ешқандай айғақ табылмады. Ауылдастары елу қойды орынына салып, шығарып алмаса әлі де отыра берер ме еді, кім білсін. Қадыр ауылға оралысымен бірден облысқа тартты. Кетерінде көмекшілеріне соғып: "Әй, балалар-ай, мен үшін оқуларыңнан қалдыңдар-ау, нақақтан күйдірмек болғандарын қайтерсің! Бірақ, қазір аққа күйе жағатын кез емес-қой, шындықты қуып барам, қайда болса да таппай қайтпаймын" – деген. Сол арада көрші отардың аға шопаны Мұхтар:

– Әуре-сарсаңға түсіп қайтесің, аман-сау шықтың ғой, соған шүкіршілік ет, – деген.

– Жоқ, олардың арам ниеттерін жалғанның жарығына шығармай тынбаймын. Олар бүгін болмаса, ертең тағы біреуді отқа түсіреді. Әділдіктің туы жығылып қалған жоқ шығар, әлі-ақ елу қойды өздері орынына салады.

Айтқандай, бір айдан кейін ауылға облыстан тергеуші келді. Келген күннің ертеңіне Төлеген мен Еркіннен жауап алған. Бұлар тағы да өздері білетін жайларды жіпке тізіп, айтып берді. Тергеуші өзі бір биязы жан екен, қоңыр майда дауысы құлаққа жағымды, алдындағы адамды бірден баурап алады. Ол ауылда жарты айдай болды. Кетерінде отарға соғып, Қадырға жыртылған актінің табылғанын, бәрі басқарманың бұйрығымен істелгенін, Ерғалидың басқа да былықтары белгілі болғанын айтып кетті.

Арада біраз уақыт өткеннен кейін Еркін тергеушімен

тағы кездесті. Куә ретінде аудандық халық сотына шақырылған екі дос мәжіліс залынан шыға бергенде кездескен тергеуші жылы ұшырап:

– Иә, батырлар, сот шешіміне разысыңдар ма? – деді.

– Бұлай болады деп ойлаған жоқ едік, төбесімен көк тірегендей басқармамыз қылмысқа белшесінен батып жүр екен ғой.

– Адалдықты, адамдықты ұмытқан адам жолдан тайды дей беріңдер. Оның арты жақсылыққа апарып соқтырмайды. Қайда жүрсеңдер де біреудің ала жібін аттамауға тырысыңдар, – деген тергеуші қоштасар сәтте.

Ол ауылға жеткенше осы сөздерді іштей қайталаумен болды. Қадырды арашалап қалған тергеушінің бейнесі көз алдынан кетпей қойды. Сол сәтте оның жүрегіне тергеуші болсам деген ой мықтап ұялаған еді. Еркіннің бұл ұйғарымына үй-ішіндегілер де қарсы болған жоқ. Сөйтіп, ол тағы бір жыл жұмыс істеді де күзде құжаттарын университеттің заң факультетіне тапсырды. Жолы болғанда емтихан, конкурстан сүрінбей өтіп, студент атанды...

Университетті тәмамдағаннан кейін өзі туып-өскен ауданның орталығына келіп ішкі істер бөліміне қызметке орналасты. Ол қазіргі бөлім бастығы Теміровпен тұңғыш рет сонда кездескен. Азамат Есләмбекұлы ол кезде аудандық ішкі істер бөлімінде қылмысты іздестіру инспекторы болып істейтін. Кейін ол көршілес ауданға бөлім бастығының орынбасары болып тағайындалды. Ал, арада біраз жыл өткеннен кейін екеуінің жолы облыстық ішкі істер басқармасында түйісті.

* * *

Істің қазіргі барысы жаман емес. Бір аптаның ішінде

біраз мәселенің беті ашылған сияқты. “Қара мүрттың” кім екені анықталды. Ережеп Мәліков, 1967 жылы туған, кәсіпкер, қаланың өзінде ғана бірнеше дәріханасы бар көрінеді. Капитан Пименов пен Петренконың фамилияларының тұсына үлкен әріптермен Мәліков деп жазды да астын екі сызып қойды. Мәліков. Кім ол?

Петренконың әйелі алғашында Мәліков дегенді білмеймін деп азар да безер болды. Көшербаев: “Мәліков сіздің үйге жиі келетінін көршілерің де айтып отыр”, – деп еді. Петренко оған да дес бермеді.

– Бүгінде кімнің аузына қақпақ қоясың. Алжыған кемпір-шалдар не демейді, тәйірі, – деген міз бақпай.

– Сонымен Сіз Мәліков дегенді білмейсіз ғой?

– Білмеймін! Көрмек түгіл естіген де емеспін.

– Онда бері қараңыз.

Капитан Петренконың алдына ұшақ билетінің кассада сақталатын бөлігін сырғытты.

– Міне, қараңыз, мынау сізге сатылған билеттің түбіртегі. Сіз оны осыдан он күн бұрын орталық кассадан алыпсыз. Дәл сол күні Мәліков те Алматыға ұшады. Бір қызығы сізбен қатар отырған. Сонда қалай, Наталья Михайловна, осының бәрі кездейсоқтық па? Әлде мұнда бір сыр бар ма?

Петренкода үн жоқ.

– Наталья Михайловна, қайталап сұраймын. Сіз Мәліковті білесіз бе?

– Иә, таныспыз.

Петренконың дауысы зорға шықты.

– Онда қайда, қашан, қалай танысқаныңызды айтып беріңіз.

– Қашан екені есімде жоқ, бірде кезекті сапардан оралған күйеуім ертіп келді. Екеуі жолай танысса керек. Ол

біздікінде көп болған жоқ, шай ішіп, азырақ әңгімелесіп отырғаннан кейін қонақүйге баратынын айтып, жинала бастады. Күйеуім: “Кеш болғанда қайда барасың, қона сал”, – деп жабысып еді, көнбеді. Содан кейін мен оны ұзақ уақыт көргем жоқ. Бір күні біздікіне өзі келді. Күйеуім үйде жоқ еді, сонда да таныс болған соң есік аштым.

– Жай келіп пе?

– Сашаны сұрады. Оның кезекті сапарға кеткенін, енді төрт-бес күнде ғана оралатынын айттым. Онда не жұмысың бар еді деп сұрағам жоқ. Ана-мынаны сөз етіп біраз отырдық. Шай іштік. Осыдан кейін ол біздікіне жиі келетін болды.

– Күйеуіңіз барда да келіп жүрді ме?

– Жоқ, күйеуім жол жүріп кеткенде ғана келетін.

– Күйеуіңіз сіздің онымен жасырын кездесіп жүргеніңізді сезбеді ме?

– Көпке дейін білген жоқ, кейін біреу жеткізсе керек. Бір күні жұмыстан оралысымен жанжал шығарғаны бар.

– Сосын сіз полиция шақырдыңыз?

– Иә. Бәрін біліп отырсаңыз несіне сұрайсыз.

– Айта беріңіз, айта беріңіз.

– Ол егер Мәліков ендігәрі осы үйдің табалдырығынан аттады бар ғой, менен жақсылық күтпе – деді.

– Сіз ақталдыңыз ғой...

– Одан басқа қандай амал қалды менде. Күйеуімнің көзіне шөп салғанымды мойындауға батылым жетпеді. Бар айтқаным: құлағыңа сенбе, көзіңе сен, – дедім. Осыдан кейін ол бұл мәселеге оралған жоқ.

Капитан әңгімені одан әрі созған жоқ. Келіншекке тергеу аяқталғанға дейін ешқайда шығуға болмайтынын ескертті де қош айтысты.

Көршілері айтса айтқандай, Петренконың әйелі шынында да келбетті екен. Тіпті екі баланың анасы, дейтіндей емес, қыпша белі қиылып тұр. Аяқ басысының өзі өзгеше, бейне бір қыл арқанның үстінде келе жатқандай бұралаң-бұралаң етеді.

Петренконың жауабын ол үш қайтара оқып шықты. Алғашында бәрі орынды сияқты еді, бірте-бірте көңіліне күдік ұялай бастады. Әңгіменің басында “Мәліковті білмеймін” деп азар да безер болған сұлу келіншектің айналасы он-он бес минуттың ішінде іштегі сырын бүкпесіз ақтара салуын немен түсіндіруге болады? Тіпті бәрін жіпке тізіп шықты ғой. Өз қылығынан өзі қымсынбайтын сыңай танытты. Мұнда не сыр бар? Дәл қазір дөп басып айту қиын. Әйтеуір тегін емес. Мүмкін оның түйінін Мәліков шешер? Ол не дейді?!

Мәліков қою қара мұртты кеспелтек жігіт екен. Шодырайып шығып тұрған жақ сүйектеріне қарағанда қайратты жан сияқты. Бірақ, инспектордың алдында ол біртүрлі жасып жанарын көтере алмады.

– Азамат Мәліков, Сіз Наталья Михайловна Петренконы білесіз бе?

– Үйінде бір рет болғам, содан қайтып көрген емеспін.

– ...

Бірінің аузына бірі түкіріп қойған ба дерсің. Бұл да көргем жоқ, білгем жоқ деп көлгірсігелі отыр. Көшербаев столының жартылай ашық тұрған суыrmасында жатқан билетке қол соза берді. Ондағы ойы – Петренко сияқты Мәліковті де бірден бұлтартпай тұйыққа тіреу еді. Бірақ ол бұл ойынан тез қайтты. Мәліковке билеттің орынына Петренконың өзіне қайтарған жауабын ұсынды.

– Мынаны оқып шығыңыз, сосын жақсылап ойлаң, деді ол. Мәліков бір жапырақ қағаздан көз алмай ұзақ

отырды. Сабырлы қалпын сақтауға қанша тырысқанмен әлсін-әлсін құбылған өңі ішкі толғанысын сырт көзден жасыра алмаған еді. Ол Петренконың жауабын оқып шыққаннан кейін өзіне қойылар кезекті сұрақты күткендей үнсіз отырып қалды. Бірақ сұрақ қойылған жоқ.

– Азамат Мәліков, жұмыс аяғы таялып қалды, енді сізді ұстамаймын, ойланыңыз, ұмытылған жайлар болса есіңізге түсіріңіз, келесі кездескенде уақытты текке өткізбейік. Бәрібір шындықтан ешқайда жалтара алмайсыз. Қош-сау болыңыз. – Осылай деп Көшербаев алдында жатқан қағаздарды жинастыра бастады.

* * *

Бұл Мәліковтің милиция алдын бірінші көруі емес-ті. Кезінде қоғамдық жерде төбелес шығарып, жазықсыз жанды жәбірлегені үшін заң алдында жауапқа тартылған болатын. Сонда сот екі жылға бас бостандығынан айырған. Бірақ, одан бері едәуір уақыт өтті. Ол алғашында ішкі істер басқармасына өзінің неге шақырылғанын біле алмай дал болған. Қазірде түкке түсінсе бұйырмасын. “Әлгі капитанның өзі бір қызық адам екен. – Петренконы білесің бе? – деді де қойды. Қалай десе де шақырулары тегін емес”. Ойына бір сәт Наталья оралды. Іштей оған ренжіп қалды. Бәрін жіпке тізгендей айтып шыққаны несі екен. Тіпті екеуінің кездесіп жүргенін күйеуінің біліп қалғанына дейін жасырмапты. Әйтеуір, не болса да милицияның ізге шыққаны анық. Енді одан құтылу оңай болмас...”.

Ол Натальяның инспекторға берген жауабын тағы да көз алдына елестетті. Тіпті қазбалаған кісі жоқ, өзі ағынан жарылып алдына түсіп отырған. Оған осынысы ұнаған жоқ. Тегін емес. Сұлу келіншек тағы бір қулығын алдына тоспаса не қылсын, осы?! Оңайын деп тұрған іс

жоқ. Ол шақыру қағазын алғанда-ақ құрыдым деп ойлаған. Құдайы иіп әзірше аман құтылды. Иә, әзірше... Ертең не болары белгісіз...

* * *

Ол түні бойы көз ілген жоқ. Өткен күндерді есіне алып дөңбекшумен болды. Ойлаған сайын ет-бауыры езіліп, тұңғиыққа батып бара жатқандай сезінеді өзін. Бәріне Наталья кінәлі. Ал, жауабына қарағанда сол кінәнің бәрін бұған аударғысы келетін сияқты. Іздеп келген де бұл, айналшықтап шықпай қойған да бұл. Сонда негіз мезгеп отыр? Ол әрі ойлап, бері ойлап, неде болса қолмен істегенді мойынмен көтеремін деген тоқтамға келді. Қылмысын өз еркімен мойнына алғандарға жеңіл жаза тағайындалады деуші еді, мүмкін, бұған да біреу болмаса, біреу аяушылық жасар.

* * *

Көшербаевтың Мәліков пен Петренконың арасындағы байланысты дәлелдеуге айғақтардың жеткілікті екенін біле тұра тура шабуылға шықпауының мәні бар-ды. Ол Петренконың жауабын оқығаннан кейін Мәліков өзінен өзі шешіледі деп ойлаған. Әзірше үміті ақталмаған сияқты. Арада үш күн өтсе де, Мәліковтен хабар жоқ. “Мүмкін, оны еркіне жіберіп қате істеген шығармын”, – деп ойлады ол. “Бірақ адамды еріксіз қысқанмен бола ма, жас келіншекпен таныстығы үшін жауапқа тағы тарта алмайсың”. Осылай ойы он саққа жүгірген ол топ мүшелерін жинап, тағы да ақылдасуды жөн көрді. “Жұмыла көтерген жүк жеңіл” деген емес пе, олар не айтады. Жедел топтың мүшелері көп күттірген жоқ. Өткен күндер оларды тонның ішкі бауындай жақындастырып жіберген сияқты. Алғашқы күндердегідей емес, өкпесі тараған Серғалиев те іске көмегін тигізіп жүр. Оған Мәліковті

сырттай бақылау тапсырылған-ды. Капитан әңгімені содан бастауға ұйғарды.

– Ал, сөйле, – деді ол жас әріптесіне жылы шырай танытып.

– Мәліков үш күннен бері жұмысына шыққан жоқ, – деп бастады әңгімесін Серғалиев. – Кеше кешке үйінен шығып вокзалға қарай жаяу бет алды. Бірақ, неге екені белгісіз, жарты жолдан кейін қайтты.

– Қанат Мағжанұлы, бұған сіз не айтасыз?

– Мәліков жұмысқа шықпай үйінде бүк түсіп жатып алуы тегін емес. Мәнінше, ол қазір торға түскен арыстандай аласұруда. Не істерін білмейді. Жанын жегідей жеген ойлардан құтылудың жолын іздейді. Сондықтан әлі де болса оны сырттай бақылаумен шектеле тұрғанымыз жөн болар. Ол бүгін болмаса, ертең бәрін өзі мойындайды.

– Алғашында мен де осылай болады ғой деп ойлап едім. Әзірше ол үмітім ақталмай отыр. Жарайды ол Петренколарды білетінін мойындады дедік. Бірақ, мұнымен қылмыс ашыла қалмайды ғой. Біз оның Петренконың өліміне қатысы бар екенін дәлелдеуіміз керек. Ал, біздің қолымызда ештеңе жоқ. Рас, қысыңқырап жіберсек, оның қылмысты мойнына алуы да мүмкін. Бірақ, сотта бәрі ашылады ғой. Жалпы, өздерің жақсы білесіңдер, сотқа бос сөз емес, дәлел, нақты айғақ керек. Біздің жалпы бағытымыз дұрыс. Өткен уақыт ішінде біраз іс тындырдық. Ең бастысы іске қатысты тағы бір адам белгілі болды. Бірақ, оның тек жорамал екенін естен шығармауымыз керек. Иә, әзірше бұл тек жорамал ғана...

Топ мүшелері бір сәт үнсіз қалды.

– Мәнінше Пименовті тағы да мазаламай болмайды,

деді сәлден соң Айбасов. – Оның 1-ші сәуір күні базарға баруы күдік тудырады. Мүмкін, ол Мәліковті білетін шығар. Осыны анықтауымыз керек. Сосын, қылмыс жасалған жерді тағы бір мұқият тексеру керек сияқты. Мүмкін, ілгешек боларлық бірдене табылып қалар.

Айбасовтың бұл пікіріне ешқайсысы қарсы болған жоқ.

– Жақсы, – деді Еркін Жанатұлы. – Қанат Мағжанұлы, депоға сіз барыңыз. Пименовті мазаламас бұрын ол еңбекстетін ұжымның мүшелерімен, басшыларымен кездесіп, әңгімелесіңіз. Ол бізге жай да өкпелі ғой. Ешқандай айғақсыз қайта-қайта мазалай бергеніміз жөн болмас.

Осыдан кейін ол Серғалиевке бұрылды.

– Сіз Мәліковті көзден таса қылмаңыз, үйде, үйде деп жүріп сан соғып қалмайық.

* * *

Көшербаевтың кабинетіне кіргені сол еді, ішкі телефон шылдыр ете қалды.

– Капитан Көшербаев тындап тұр.

– Жолдас капитан, сізді мазалап тұрған жауапты кезекшінің көмекшісі лейтенант Петров. – Сізге бір жігіт келіп тұр.

– Аты-жөнін сұрадыңыз ба?

– Мәліков, Мәліков Ережеп Нұрғожаұлы.

– Кірсін.

Мәліков табалдырықтан аттады да ілгері озбай тұрып қалды.

– Отырыңыз, – деді капитан оған қарсы алдындағы орындықты нұсқап. Мәліковте үн жоқ, бар болғаны қолындағы бас киімін умаждай береді. Келуін келсе де әңгімені неден бастарын білмей, айтар ойын жүйелей

алмай отырғандай көрінді оған. Осы сәтті қапысыз пайдалануға ұйғарған капитан:

– Сіздің бұл іске қатысыңыз бар екенін біз білетінбіз – деп қойып қалды.

Мәліков елең ете түсті.

– Қандай істі айтасыз?

– Түк білмегенсімесеңізші, Петренконың ісін айтамын.

Тергеуші ойындағысын дөп басқанда Мәліков отырған орнынан ыршып кетті.

– Жоқ, жоқ! – деді ол ерні дір-дір етіп. – Бұл жала, менің оған түк те қатысым жоқ.

– Онда неге Петренконың әйелін білетінінді жасырасын.

Аға инспектор Мәліковтің ойлануға мұршасын келтірмей бастырмалата жөнелді.

– Ол сол күні базарға келген. Кімді іздеп келді? Әрине, сізді іздеп келді. Әлде шақырумен келді ме?

Бір уақыт тілі байланғандай үнсіз қалған Мәліков:

– Мен ол күні таңертең базарда болғам жоқ, – деді.

– Онда қайда болдыңыз?

– Үйде болдым, жұмысқа түстен кейін ғана шықтым.

Көршім де растай алады.

– Сол кеткеннен таңертеңге дейін үйге оралмайсыз, оны қалай түсіндіресіз?

– Оны сіздерге кім айтты?

– Мінекей, сіз тұратын үйдің иесі Салах Рахруddиновтің түсініктемесі. Онда сол күні сіздің үйде қонбағаныңыз жазылған. Ол кісінің қолын танушы ма едіңіз.

Мәліковтің ұнжырғасы түсіп кеткені соншалық, ол қағазға қараған да жоқ. Иә, ол қармаққа мықтап іліккен сияқты. Үсті-үстіне қойылған сұрақтар есенгіретіп таста-

гандай. Өзінің осында неге келгенін де ұмытты. Сәлден соң су сұрап ішті де:

– Жазыңыз, бар шынымды айтайын, – деді.

Көшербаев алдында тұрған магнитофонды іске қосты да, өзі де қолына қаламын алып Мәліковтің айтқандарын қағазға түсіре бастады.

Мәліков өзінің Петренконың әйелімен көптен таныс екенін айтты.

– Қайда, қашан таныстыңыз?

– Алғаш үйінде.

– Кейін?

– Сосын арада біраз уақыт өткеннен кейін базарда кездестік. Таңертеңгілік павильондағы дүңгіршек сатушысынан ақша қабылдап жатыр едім, біреу терезе қақты. Наталья екен. Мен:

– Дәрі керек пе?– деп едім ол жымып басын шайқады. Мен оның ауруханада істейтінін білмейтінмін. Сол арада біз біраз әңгімелестік. Ол кетерінде: “Біздікіне келіп жүрсейші”, – деді. Жалғызбасты адамның жайы белгілі ғой, сұлу келіншектің сөзін далаға тастағам жоқ. Осыдан кейін біз жиі кездесіп жүрдік. Бір күні ол маған өзінің бір өтініші бар екенін айтты. Мен:

– Ол не?! – деп едім.

– Орындауға уәде берсең айтамын, әйтпесе басқа біреуді іздеуге тура келеді, – деді.

Құдай тас төбеден ұрайын десе қиын ба, көңілін қия алмадым, не болса да орындауға уәде бердім. Ол біраз дәріні сатып беруімді өтінді: – Қолға түсе бермейтін дүниелер ғой, бір-екі күнде өтіп кетеді, – деді. Ердің екі сөйлегені өлгені емес пе, берген уәдемді қайтып ала алмадым. Алғашында 25 мың теңгенің дәрісін сатып бердім. Арада біраз уақыт өткеннен кейін ол тағы келді...

– Сіздің бұл сөздеріңіздің шын екенін кім растай алады?

– Дүңгіршекте сатушы болып істейтін Валентина. Наталья әкелген дәрінің бәрін сол қабылдап алатын.

Бұл Көшербаев үшін күтпеген оқиға еді. Ол Петренконың Мәліков екеуінің арасындағы байланысты бүтешегесіне дейін жасырмай айтуының сырын енді ғана ұққандай болды. Сірә, ол қылмысын “махаббат” машақатымен бүркемелемек болған ғой. Ал, Мәліков болса өзінің кісі өлтіруге қатысы жоқ екенін дәлелдеу үшін осы жолды таңдап отыр. Мәліковтің айқандары шын болса, қылмыскердің өрісі тарыла түскен.

– Мәліков, сіз Александр Сергеевич Петренконы білуші ме едіңіз? Онымен неше рет кездестіңіз?

– Иә, бірде онымен осы қалаға дейін бірге келгенім бар. Жолда танысып, шүйіркелесіп кеттік. Сосын ол мені қояр да қоймай үйіне ертіп әкелді. Екінші рет онымен сол үйдің подъезінде кездесіп қалдық. Мен сасқанымнан оны қонаққа шақыра келгенімді айттым. Бірақ ол маған сенбеді білем, салқын қош айтысты да үйіне кіріп кетті. Осыдан кейін үйінде жанжал шығарып, әйелін сабаса керек.

– Оны қайдан білдің?

– Натальяның өзі айтқан. Пәледен машайық қашыпты деген емес пе, менің де далаға тастай алмай жүрген жаным жоқ, біраз уақыт ол үйге жоламай қойдым. Әйтсе де Наталья қайта-қайта келгіштеп, қыр соңымнан қалмады.

– Ал, сәуірдің 1-күні қайда болдың?

– Жаңа айттым ғой, түске дейін үйде, сағат кешкі алтыға дейін жұмыста болдым. Бұл күні Петренко кезекші сапарға кетуге тиіс-ті. Сағат жетіден кете сол үйге жиналды.

– Бізін кім?

– Мен Самат деген жолдасымды ерте бардым. Наталья да жалғыз емес екен, өзімен бірге істейтін бір жас келіншекпен қарсы алды. Ұмытпасам, есімі – Лариса.

– Ол үйде қашанға дейін болдыңдар?

– Таңертеңгі алтыға дейін. Наталья “Көршілердің көзіне түсіп қаласындар”, – деп ерте шығарып жіберді.

Бүгінге осы жетер деп Мәліковке жауабының соңына қол қойдырып алған Еркін Жанатұлы кезекшіні шақырды.

– Азамат Мәліков, істің анық-қанығына жеткенше сізді тұтқындай тұруға мәжбүр болып отырмын, – деді ол

– Сіздің мені қамауға алуға құқыңыз жоқ, прокурордың рұқсаты қайда?

– Міне, ол жағын алдын ала ескергеміз.

Кезекші Мәліковті алып кеткеннен кейін ол қалалық ішкі істер басқармасына хабарласып, Серғалиевті тауып алды да оған Мәліковтің тұтқындалғанын хабарлады.

– Әйтеуір, өзі қылмысын мойындады ма?

Еркін Жанатұлын кезекші бөлмесінде тосып алған Серғалиевтің алғашқы сөздері осы болды.

– Әзірше, Петренконың өліміне қатысы бар екенінен үзілді-кесілді бас тартып отыр. Оның өзінің айтуынша, Петренконың әйелімен екеуі бірлесіп ұрлық жасаған. Біз оның әрбір сөзін мұқият тексеруіміз керек. Өйткені, ол кісі өлімінен гөрі ұрлықтың жазасы жеңіл екенін жақсы біледі ғой. Сондықтан, сен базардағы Мәліковтің меншігіндегі дәріхананың сатушысымен кездес.

Серғалиев шығып кеткеннен кейін Көшербаев соңғы

екі күннің оқиғаларын бөлім бастығына баяндамақ болып, Теміровтің кабинетіне беттеді.

Аға инспектордың айтқандарын ықылас қоя тыңдаған подполковник:

– Егер Мәліковтың айтқандары рас болса, жіптің бір ұшы қолға тиген сияқты. Ертең Петренконың әйелі істейтін ауруханадағы дәрі-дәрмек қозғалысын тексеру керек. Петренконың ажалы осы қоғам мүлкіне қол сұғушылардан да келуі мүмкін, – деді.

– Бұл жөнінде топ мүшелеріне нақты тапсырма берілді.

– Мәліковтің өзі қайда?

– Қамауға алынды.

– Дұрыс, қалғандарына да ес жидырмай ширақ қимылдау керек, қосымша көмек керек болса айтыңыз, кісі береміз. Әйтеуір, осы істі тезірек ашу керек.

– Рахмет! Әзірше көмектің қажеті жоқ.

* * *

Таңертең ерте дәріханаға келген Серғалиев капитан айтқан келіншекті көре алмады. Оның орнында жасы қырықтар шамасындағы қазақ әйелі отыр.

– Апай, маған Лариса керек еді.

– Ол байғұста не жұмысың бар еді, кеше осы арада жүрегі қысып қалып, ауруханаға жеткізген едік. Таң ата қайтып кетіпті. Қайнымды да таба алмай қалғаным, аяқ астынан қайда кеткенін. Өзім де не істерімді білмеймін.

– Қайным деп отырғаныңыз кім?

– Ережепті айтам, кешеден бері жоқ.

* * *

Капитан Көшербаев соңғы күндердің оқиғаларын ой елегінен өткізіп отыр. Қылмыскерге апарар жіптің ұшы тағы да қолдан сусып кеткен сияқты. Мәліков айтқа-

нынан танар емес. Осы сәт оның ойына әкесі Жанаттын бір сөзі оралды. Ол аңға шыққан түз тағыларының қаптаған ізін көріп алақайлаған баласына: “Шиырдан жол табу қиын” деуші еді. Өкінішке орай, күн озған сайын із көбейіп барады. Алғашқы күндері жүрек түкпіріне үміт отын ұялатқан кейбір іздер көмескі тарта бастаған секілді. Пименов, Петренко, Мәліков... Осы тізбекке жаңа есім қосылғандай еді, бірақ, Серғалиев жайсыз хабар әкелді. Ол сағатында Серғалиевті Лариса Иванованың өлімі жайлы медициналық қорытындыға жұмсаған. “Петренконың өлімі туралы істің қайта қозғалуынан күдіктенген сыбайластары Ивановадан құтылуға ұмтылуы да мүмкін ғой”, – деп ойлаған ол Оның бұл күдігі расталмады. Дәрігерлер Иванованың кеңеттен қайтыс болуы асқынған жүрек ауруының салдары екенін айтты. Медициналық қорытындыда да “Иванова Лариса Семеновна, 1966 жылы туған, жүрек соғысының бұзылуынан қайтыс болды”, – деп жазылған. Өттеген-ай... Аға инспекторды тұйыққа тіреп отырған да осы жай.

Иә, сауал көп. Ал, әзірше тиянақты жауап жоқ. Уақыт өтіп барады. Қылмыс жасалған жерден табылған үш тал шаштың да иесі белгісіз. “Ол кім? Әйелінің көлденең табыс тауып жүргенін Петренконың да сезіп қалуы мүмкін ғой. Оның ажалына себепші жай да осы болса ше?!” Осылай ой жетегіне ерген Көшербаев “Ең алдымен ұрланған дәрі-дәрмекке қатысты мәселелердің басын ашып алу керек” деген тоқтамға келді...

Аға инспектордың бұл пікірін топтың басқа мүшелері де мақұлдаған.

– Мәліковтің алты дәріханасы бар. Ұрланған дәрілер соларға да түсуі мүмкін ғой. Тоқта... тоқта!... Мәліков Петренко қайғылы қазаға ұшыраған түнде оның үйіне

бір жолдасын ертіп барғанын айтып еді ғой. Қалай есімнен шығып кеткен! Сонда Наталья Михайловнаның жанында болған жас келіншек кім?... Мәліков оның кескін кейпін, жас шамасын біледі ғой. Аты – Валентина болуға тиіс. Сосын Мәліковтің серігі Самат қазір қайда? Мүмкін, ол Валентинамен кейін де кездескен шығар. Олай болса қазір Мәліковті алдырайық.

Мәліков Валентинаны сырттай суреттеп шықты.

– Ақ-сары жүзді, қой көзді, қыпша бел, шашы иығына төгіліп тұрады. Айтпақшы, сол жақ құлағына екі сырға тағады. Бойы бір метр алпыс сантиметр шамасында.

– Ал, Самат қайда?

– Ол құрылысшы, қалада болуға тиіс.

– Қанат Мағжанұлы, сіз Саматты тауып, Валентинаға катысты жайларды анықтаңыз, – деді ол Әубәкіровке.

– Ал, Нұрлан, сен Мәліковтің дәріханаларынан құлағына екі сырға таққан келіншекті іздейсің. Басқа да ерекше белгілерін жаңа естідің ғой. Тек есінде болсын, сатушы жігіттермен танысқанда аузына түскен кез келген атты айта салуы да ықтимал. Сондықтан, атынан гөрі ерекше белгілеріне ден қойғаның жөн болар. Түстен кейін мен басқарма бастығында мәжілісте боламын. Мені іздей қалсаңыздар, кезекшіге хабарласыңыздар.

Мәжіліс ұзаққа созылды. Өзінің республика Ішкі істер министрлігі алқасындағы есебі туралы хабарлама жасаған басқарма бастығы жаңа министрдің талапты күшейтіп отырғанын айтып, бұдан былайғы уақытта ескіше жұмыс істеуге болмайтынын, әркім еңбегіне, жұмысының қайтарымына қарай бағаланатынын ескертті.

– Өкінішке орай, бізде ашылмаған қылмыстар аз емес, – деді ол – Мұның өзі бізден кадрлардың сапалық құрамын жақсартуды, олардың біліктілігін арттыруды, іске

деген жауапкершілігін барынша күшейтуді талап етеді...

Еркін Жанатұлы өзімен бір қатарда отырған бөлім бастығына көз тастаған еді. Ол да бұған қадала қарап қалыпты. “Бастығымның жанарын көрдің бе, қимылдау керек” дегенді аңғарды. Не істесін аянып жатқан бұлар жоқ. Қылмысты іздестіру инспекторы да адам емес пе? Басы жұмыр пенделердің кез келгені сияқты, олар да кейде қателеседі, жаңсақ басады. Қайсысының қылмыскерді тайрандатып қойғысы келеді дейсің. Тіпті мойнына салу оңайға түспейді. Оның ойына тағы да Петренко оралды. Сұлу келіншектің екі баланың анасының ұрлыққа ұрынуы еш ақылға сыймайды. Не жетпеді екен? Күйеуі табыскер болғанға ұқсайды. Өзі де жұмыстан қол үзген емес. Оның үстіне ауылдағы әке-шешесі де көмектесіп тұрған. Сонда Петренконы ұрлыққа итермелеген не күш? Ал сол Петренко енді “Суға кеткен тал қармайдының” кебін киіп, қылмысын мойнына алмай, қасарысып бағады. Ол үшін бұлтартпас айғақ керек. Әубәкіров пен Серғалиев не бітіріп қайтар екен?

Ол мәжілістен шығысымен кезекшіге телефон соқты. Кезекші жаңа ғана Әубәкіров өзін іздегенін айтты.

– Ол қайда жүр екен?

– Серғалиев екеуіміз Мир көшесінің соңындағы дәріханада отырмыз, – деді.

– Жақсы, рахмет!

Ол трубканы орнына қойып, анықтамаға қол соза бергені сол еді, телефон қайта шылдырлады.

– Капитан Көшербаев тындап тұр.

– Жолдас капитан, мен Әубәкіровпін.

– Иә, иә, құлағым сізде, Қанат Мағжанұлы.

– Самат та, сатушы да табылды.

– Не дейді, ерекше белгілері, бәрі келе ме?

– Иә, бәрі келеді, тек есімі Валентина емес, Ольга болып шықты! Фамилиясы – Никольская. Оны бізге тауып берген Самат Арықов.

Көшербаев сағатына қарады. Жұмыс аяғы таялып қалған екен, соған қарамастан ол Никольская мен Арықовты басқармаға жеткізуге бұйырды.

Никольскаяның жасы отыздар шамасында ғой деп жобалаған. Қателеспепті. Сатушы аға инспектордың:

– Қайда, қашан тудыңыз? – деген сұрағына:

– 1971 жылы, Петропавлда тудым, – деп жауап берді.

– Отбасыңыз бар ма?

– Жеті жасар қызым бар, әке-шешемнің қолында, күйеуіммен айырылысып кеткенбіз.

Өзін еркін ұстап отыр. Таңдайы тақ-тақ етеді. Сірә, полицияға неге шақырылғанын сезбейтін болуы керек.

– Ольга Николаевна, Сіз Арықовты көптен білесіз бе?

– Жарты жылдай болып қалды.

– Қайда, қашан, қалай танысқаныңызды есіңізге түсіріп көріңізші?

Никольская ойланып қалды.

– Иә, наурыз, жоқ, сәуір айында, бір құрбымның үйінде таныстым.

– Құрбыңыз кім? Петренко ма?

Капитан “Петренко ма?” деген кезде манадан аяғының басына қарап отырған Никольская басын көтеріп алды. Дәл осы сәтте оның жанарына үрей ұялаған еді. Оны Еркін Жанатұлы аңғара қойды.

– Ольга Николаевна, сөйлеңіз, сізді Арықовпен кім таныстырды, Петренко ма? – деді ол

– Иә, Петренко.

– Оны қайдан білесіз?

– Ол қалалық ауруханада аға медбибі болып істейді.

– Жарайды, Петренконың үйінде сіздерден басқа тағы кім болды?

– Саматтың бір жолдасы, аты – Ережеп.

– Енді мына бір жайды есіңізге түсіріңізші, сіздер ол үйге қашан келіп, қашан кеттіңіздер?

– Кешкі сағат жеті кезінде жиналдықы қой деймін, түннің бір уағына дейін отырдық.

– Нақты айтсаңыз.

– ...

– Ольга Николаевна, қашан тарадыңыздар?

– Таң алдында.

– Енді мынадай сұраққа жауап беріңіз, Наталья Михайловна Петренкодан сіз товар аласыз ба?

– Ол кісіден біз дәрі аламыз.

– Ал дәрінің орнына тек ақшасын алған уақытыңыз болды ма?

Никольскаяның басы тағы да салбырап кетті.

– Ольга Николаевна, сіз қойылған сұрақты түсіндіңіз бе?

– Түсіндім.

– Ендеше жауап беріңіз.

– Бір рет дәрі алуға барғанымда Наталья Михайловна бір керек адамы қиылып сұраған соң бізге бөлінген дәріні сатып жібергенін, соның ақшасын алуымды өтінді. Менің алғым келмеп еді, бірақ тықпалап болмады.

– Мұндай жай неше рет қайталанды?

– Бәрі есте тұра ма, соңғы кезде тіпті жиілеп кеткен соң, шыдай алмай бас дәрігердің орынбасарына айтқам.

– Петренко кейін дәріні қайда жіберіп жатқанын айтқан жоқ па?

– Жоқ.

– Жалпы Наталья Михайловнамен қарым-қаты-

насыңыз жаман болмаған сияқты ғой.

– Ол рас, екеуіміздің жасымыз шамалас болғандықтан ба, тез жақындасып кеттік. Біздің үйде де талай болған. Бір-бірімізден сырымызды да жасырмайтынбыз.

– Сізге Мәліков туралы ештеме айтқан жоқ па?

– Айтты. Тіпті кейінгі кездері күйеуімнен айырылып, соған қосылғысы келетінін де сездірген.

– Жақсы, бүгінге осы да жетер, мына араға қол қойыңыз, – деп Көшербаев Никольскаяға қалам ұсынды.

Самат та Никольскаяның айтқандарын растап шықты. Ол өзінің Никольскаямен қай күні, қалай танысқанын тәптіштеп айтып берді.

– Мәліковтің офисін жөндеп бергенім бар-ды. Наурыздың отыз бірі күні телефон шалып, ертең туған күнім, кездесейік, екі сұлу келіншекпен оңаша атап өтеміз, – деді. Айтқандай, бірі күні кешкі сағат жетіде вокзал алаңындағы тоғыз қабатты үйге ертіп келді.

– Сіз қателесіп отырған жоқсыз ба?

– Жок, оны Ережептен де сұрауға болады. Кейін оның төлқұжатын көргем. 1-ші сәуірде туғаны рас.

– Мәліковтің қазір қайда екенін білмейсіз бе?

– Бір жаққа кеткен болуы керек, екі-үш күннен бері көргем жоқ.

Оперативті топтың мүшелері Арықов кеткеннен кейін де ұзақ отырды. Никольскаяның тез табылуы, оның дәріге қатысты былық-шылықты мойындауы бәрін ұмыттырып жібергендей.

– Байқайсыздар ма, Мәліковтің айтқандары шындыққа саяды. Демек, қайғылы оқиғаға оның қатысы болмауы да мүмкін.

– Дегенмен, әлі де тереңірек үңіле түсуіміз керек, – деді Айбасов. – Өйткені, жаңа естідіңіздер ғой, Пет-

ренконың әйелі құрбысына күйеуінен ажырасқысы келетінін білдірген. Бұл алдын ала, жан-жақты ойластырылып жасалған қылмыс болмасын.

– Қанат Мағжанұлы, таңертең сіз тағы Никольская істейтін ауруханаға барып, құжаттарды көтертіңіз. Нұрлан Мәліковтен жауап алсын. Мен Петренкодан сыр тартып көрейін, келістік пе осыған.

– Келістік.

– Онда, көріскенше күн жақсы.

* * *

Петренко бүгін алғашқыдағыдай емес, аға инспектордың кабинетіне кірді.

– Сәлеметсіз бе, жақын келіп мына орындыққа отырыңыз – деді Еркін Жанатұлы, оны бірден әнгімеге тартып. – Сізді бірнеше күннен бері мазалағамыз жоқ, жақсылап ойланған шығарсыз, жауап беруге әзірсіз бе?

– Иә, – деді Петренко.

– Онда әңгімемізді Мәліковтен бастайық...

– Мәліков туралы айттым ғой, басы бос жігіт, ұнады... Аржағын білесіз.

– Наталья Михайловна, Мәліковтің өз айтуына қарағанда, сіз оны тек жүрек қызуын басуға ғана пайдаланбаған көрінесіз. Өзіңіз айтасыз ба? Әлде?

– Бәрін біліп отырсаңыз, өзіңіз айта беріңіз, мені әурелеп қайтесіз.

– Олай болса, Мәліковтің өз аузынан естиік.

Еркін Жанатұлы магнитофонды іске қосты.

...

Петренкода үн жоқ. Жаңа ғана нарттай жанған екі беті қуылданып барады.

– Наталья Михайловна, бұған не айтасыз?

Еркін Жанатұлының осылай деуі мұң екен, Петренко

жылап қоя берді. Содан екі иығы дір-дір етіп, көпке дейін өзіне-өзі келе алмады. Аға инспектор оны асықтырған жоқ. Тек Петренконың өзі “жазыңыз” дегенде ғана қолына қалам алды.

– Мәліковтің айтқандары рас, – деді Петренко әлі де өксіген күйі. – Бәріне өзім кінәлімін.

– Сіздің немен айналысып жүргеніңізді күйеуіңіз де білді ме?

– Жоқ.

– Тіпті сезбеді ме?

– Сезген де жоқ, тек бірде 30 мың теңгеге сырға алғанымда: “Соншама ақшаны қайдан алдың?” – деп таң қалған. Мен: “Жартысын қызметтес әйелден қарызға алдым”, – дедім. Жалпы, ол еңбекақысын тиынына дейін санап әкеліп беретін де, кейін оның қайда кетіп жатқанын сұрамайтын.

– Мәліковтің қайда екенін білесіз бе?

– Жоқ, соңғы күндері хабарласпай кетті. Табанын жалтыратқан екен ғой деп ойлағам. Бақсам, сіздердің торларыңызда тоты құстай сайрап отыр екен ғой.

– Сізге мынадай тағы бір сұрақ: – Күйеуіңізбен қалай тұрдыңыз?

– Ана жолы айттым ғой, жаман тұрғамыз жоқ. Тек Ережепті кездестіргеннен кейін оған деген көңілім суыңқырап қалғаны рас.

– Айрылыспақ болғаныңыз да осы кез шығар?

– Оны кім айтты? Мәліков пе?

– Жоқ, өзіңіз кімге айтып едіңіз?

– Ә, ә, есіме түсті, бірде қызыңқырап отырғанда Ольгаға: “Маскүнем күйеуіңді қуып шығып сен дұрыс істегенсің”, – дегенім бар-ды. Ол: “Кім көрінгеннің қолтығында жүргеннің несі жақсы?!” – деген. Сол арада мен Ере-

жепті сүйіп қалғанымды айттым. Күйеуім қайтқаннан кейін екі ай өткен соң, Ережеп маған: “Қосылайық”, – деді.

– Сіз не дедіңіз?

– Мен оған екеуіміз қосылып, бұл қалада тұра алмайтындығымызды, Сашаны өлтірген кісінің табылмай отырғанын, сөзге ілігетінімізді айттым. Ол: “Онда “басқа қалаға кетейік,” – деді.

– Алматыға сол үшін бардыңыздар ма?!

– Иә, үй саудалап қайтқан едік.

– Балаларыңызды қайтпексіз?

– Олар бесіктен шыққаннан әке-шешемнің қолында өсіп келеді ғой, мені іздемейді де.

Еркін Жанатұлы жауаптың соңында Петренконың қолын қойдырып алды да “Заң алдында жауап беретініңізді сезіп отырған шығарсыз”, – деді.

Петренко уәж қайтарған жоқ. Тек бүгін өзінің үйіне оралмайтынын естігенде еңіреп қоя берді.

* * *

Бұл жолы Мәліков те ағынан жарылып, Петренкоға қосылмақ ойы бар екенін, Алматыға соңғы сапары кезінде үй сатып алмақ болғандарын айтыпты. Шынында да, сәуірдің 1-і күні туған екен. Демек, Петренконың үйінде осы оқиғаға байланысты сауық- сайран құрған. Бәрінің сөзі бір жерден шығып отыр. Олар таңғы алтыға дейін үйден ешқайда аттап шықпаған. Жарайды, Мәліков пен Петренко келісіп алды делік, ал Никольская бұлардың ісінен бейхабар ғой. Сосын Мәліковтің көңілдесін қиналмай-ақ сатып жіберуін немен түсіндіруге болады? Ол алдын ала бірденеден сезіктеніп келісіп алса, бірден морт сынар ма еді. Жоқ, үш тал шаштың иесі бұл топтың адамы емес... Оның ойына тағы да Пименов оралды.

Соңғы күндері әлде~~н~~ше рет депоға соғып, Пименовті сырттай бақылаған Айбасов оның жүріс-тұрысынан, мінез-құлқынан күдік аларлықтай ештеме байқамағанын айтты.

– Дегенмен Пименовке тағы бір жолығып әңгімелессем бе деймін, – деді Еркін Жанатұлы. – Өзіңіз ойлап қараңызшы, ол Петренкомен өмірінің соңғы сәтіне дейін бірге болған. Ресторанда олардың не туралы әңгімелескені де белгісіз. Екі сағат аз уақыт емес қой. Тамақ ішті, музыка тындады делік. Дегенмен, осы арада түсініксіз жайлар көп сияқты. Сосын үш тал шаш кімдікі? Петренко мен Пименов үйге қайтып келе жатқанда оларға үшінші адамның қосылуы да ғажап емес қой.

– Бұдан бұрын да айтқам, тағы да қайталаймын, Пименовті мүлде естен шығарып тастауға болмайды. Рас, оның Петренконың өліміне қатысы жоқ шығар, бірақ, ол әлі дәлелденген жоқ қой.

– Қанат Мағжанұлы дұрыс айтады. Адамды негізсіз жазалауға болмайтын сияқты, негізсіз ақтауға да болмайды. Сондықтан, біз істің мүддесі үшін сәл шегініс жасап, Нұрланның ізімен жүруіміз керек. Оған Сіз қарсы емес шығарсыз, – деді Еркін жас әріптесіне барлай қарап.

– Кезінде Пименовке жерден жеті қоян тапқандай жабыса кеткенім рас. Ал, соңғы күндердің оқиғасы істің күрделі екеніне көз жеткізіп отыр. Пименовтің жатақханаға бір сағат кеш келгені болмаса, оған Петренконы сен өлтірдің деудің өзі қиын екен.

Әріптестерімен қош айтысқан Еркін тағы да Пименовтің жауабын қолына алды. “Бұл қалай, шегініс пе, әлде жеңіліс пе?! ”Суға кеткен тал қармайдының” кебін киіп отырған жоқ па, осы? Істі алғаш қабылдап алған

күндері: “Жазықсыз” жанды текке жазғырмайық”, – деп шырылдаған өзі емес пе еді?!

Пименов “Петренконың өліміне менің қатысым жоқ” дегеннен басқа ештеме айтпаған. Петренкомен бірге болған екі сағаттың ішінде олардың не жайында әңгімелескені де белгісіз. Даяшының айтуына қарағанда, Петренко арақты көп ішпеген. Осылай белгілі жайларды ой елегінен өткізген Көшербаев не болса да Пименовке жолығып, тағы да әңгімелесуге ұйғарды.

Капитан депоға жұмыс аяғы таянған кезде келген еді. Пименовті табу қиынға соққан жоқ. Кеспелтектеу келген орта бойлы жігіт өзін іздеп келген бейтаныс адамды тосырқай қарсы алды. Көшербаев өзінің облыстық ішкі істер басқармасы қылмысты іздестіру бөлімінің аға инспекторы екенін айтқанда қабағы тіпті түсіп кетті.

– Мен өзім білетін жайдың бәрін айтқам, оған қосарым да, аларым да жоқ, – деді ол бірден әңгімеге құлықсыз екенін білдіріп.

– Сіздің жауабыңызбен таныстым, өкінішке орай, сіз өзіңізге тағылған кінә бұлтын сейілте алмағансыз.

– Сонда сіз де Петренконы мен өлтірді деген оймен келіп тұрсыз ба?!

– Жоқ, ондай ойдан аулақпын, бірақ, шын кісі өлтірушіні тапқанша сізді де, басқаларды да ақтауға негіз жоқ.

– Сонда маған не істе дейсіз?

– Шындықты айтуыңыз, бізге көмектесуіңіз керек.

– ...

– Сіз алғашқы жауабыңызды “Петренконы базарда кездестірдім” депсіз, осы кездейсоқтық па, әлде алдын ала келісіп пе едіңіздер?

– Бұл ұзақ әңгіме, қарсы болмасаңыз, жатақханаға

барып сөйлесейік, – деді Пименов сәлден соң ыңғайға көшіп.

– Жақсы.

Пименов төртінші қабатта шағын бөлмеде тұрады екен. Бөлме іші тап-тұйнақтай жиналған. Стол үстінде жасы он сегіз-он тоғыздар шамасындағы бойжеткеннің суреті тұр.

– Қалыңдығың ба? – деді капитан.

– Иә, темір жол техникумының соңғы курсында оқиды, сіздердің “көмектеріңіздің” арқасында айырылып та қала жаздадым. Милиция жазықсыз адамды жаппайды деп өскен бейкүнә жан Петренконың өлімінен кейін қарамды көрсе қашып жүретін болды.

– Қазір қалайсыздар?

– Қазір жаман емес, менің кінәсіз екеніме көзі жеткен сияқты.

– Қалыңдығыңды сендірсең, онда біздің де күдігімізді сейілт, – деп капитан осы арада әңгімені өз арнасына бұрды.

– Уақытыңыз болса әңгімені әріден бастасам, – деді Пименов қос жанарын бұған қадап.

– Мен сол үшін келіп отырған жоқпын ба, құлағым сізде, айта беріңіз.

– Мен бұл қалаға Белоруссиядан келгем, – деп бастады әңгімесін Пименов. – Әскери борышымды өтегеннен кейін осы жаққа тартып кеттім. Өйткені, артымда алаңдайтын ешкімім жоқ еді. Әкемнің кім екенін әлі күнге білмеймін. Шешемді де көп болса үш-ақ рет көрген шығармын. Балалар үйінде жүргенімде бір рет келіп: “Шыда, аз ғана уақыттан кейін алып кетемін”, – деп еді. Содан кейін кездескен емеспіз. Осында келуін келіп қалсам да, қайда табан тірерімді білмей көп қиналдым.

Оқуға мойын жар бермейді, жұмыс істейін десем мамандығым жоқ. Осылай дел-сал болып жүргенімде Петренкоға кездестім. Неге екенін білмеймін, оған бірден ақтарылып, бар сырымды айттым. Мені үнсіз тыңдаған Александр Сергеевич “Ештеңе етпейді, әлі-ақ өмірден өз орныңды табасың” деп арқамнан қақты. Сосын ол мені өзі еңбек ететін жерге, депоға ертіп әкелді. Байқаймын, мұндағы басшылар оны сыйлайтын сияқты. Айтқанын екі еткен жоқ, машинистің көмекшісін даярлайтын курсқа қабылдады. Курсты ойдағыдай тәмамдағаннан кейін Александр Сергеевич мені өзіне көмекші етіп алды, жатақханаға орналастырды. Алғашқы күннен тіл табысып кеттік, айтқанын екі етпеуге тырысамын. Жұмыс ұнады. Үш-төрт күн, кейде одан да ұзағырақ сапар шегіп келеміз де сонша уақыт дем аламыз. Еңбекақымыз да жаман емес. Жатақханада тұратындардың дені өзім сияқты жастар, солардың біразымен танысып алдым. Сосын...

Осы араға келгенде Пименов күмілжіп қалды. Көшербаев айта түссе екен, әңгімесін үзбесе екен деп отыр. Бірақ, асықтырған жоқ.

– Сосын не сұрайсыз, думанды өмір басталды, – деді Пименов сәлден соң әңгімесін одан әрі жалғастырып. – Бос уақытта сыраханаға барамыз. Арақтың өзәзіл екенін кім білген, бара-бара өмірдің онсыз қызығы жоқтай көрінді. Бір-екі рет жұмысқа да шыға алмаған күндерім болды. Александр Сергеевич бір сапарда осы қылықтарымды бетіме басып, қатты ұялтты. “Арақ ешкімді жақсылыққа жетелемейді, тереңіне тартып әкетпей тұрғанда тиыл”, – деді ол. Бірақ мен өзімді-өзім тоқтата алмадым, айықтырғышта араға ай салып түнеп жүрдім. Оның арты белгілі ғой, жиналыс, талқылау. Бәрінің айтатыны белгі-

лі: арақ ішуінді доғар, дейді. Алғашқы кездері уәде берумен құтылып жүрдім. Кейін жұрт сөзіме сенуден қалды. Осы кезде Александр Сергеевичтің де шыдамы таусылды білем, менімен жұмыс істемейтінін кесіп айтты. Сөйтіп ол өзіне басқа көмекші алды да, мені слесарьлар бригадасына жіберді.

– Тәлімгеріңнің қылығына қатты ренжіген шығарсың?

– Кім өз кінәсін мойындай қояды дейсіз, маған да бәрі Петренконың қырсығы болып көрінген. Бірақ, онымен сөзге келгем жоқ. Өкпем қара қазандай болса да жақ ашпай кете бардым. Жөндеушілер ұжымындағы жағдай мүлде басқаша екен. Бригадир тәртіп сақтамасам мұнда көп тұрақтай алмайтынымды ашық айтты. Мен де адам емеспін бе, намысқа бағып, бұдан былайғы уақытта арақты аузыма алмауға іштей ант бердім. Жігіттер шеттеткен жоқ. Бірақ, өзім бауыр басып қалған Александр Сергеевичтің орны бөлек еді. Ол да маған қатты өкпелеген болуы керек, көпке дейін ат ізін салған жоқ. Кездесе қалсақ салқын ғана бас изеп өте шығады. Бір күні ол мені арнайы іздеп келіпті. Жұмыстан үйге бірге қайттық. “Маған ренжіп жүрсің бе?” – деді. “Өзіме өзім ренжімесем, кімге өкпелейін”, – деп ағымнан жарылдым. Содан екеуіміз көп әңгімелестік. Ол кетерінде: “Өзің келіссең, қайтадан сұрап алайын”, – деді. Мен “иә” дей қойғам жоқ. Сол кездескеннен кейін мен оны 1-ші сәуірге дейін көргем жоқ. 1-ші сәуір күні қолым бос болғандықтан ертемен базарға барған едім, Александр Сергеевич қарсы жолықты. Оның жүзі жабырқау көрінді маған. Амандықсаулықтан соң, шеткерірек шығарып алып, Саша: баяғыда бізбен бірге келген “Қара мұртты” білесің ғой, ана дәріханада сол жоқ па екен, қарап келші”, – деді. Оның кімді іздеп тұрғанын мен түсіндім. Айналып қарап

шықтым, бірақ, ол көзіме шалынбады.

– Сіз алғашқы жауабыңызда: “Петренконы ”Қара мүртты” жігітпен сөйлесіп тұрғанда кездестірдім” деп едіңіз ғой.

– Олай дегенім рас, өйткені тергеуші бірден жаналқымға алып жаптырып тастаған жоқ па. “Сен өлтірдің, мойында” деген соң зәрем зәр түбіне кетті. Егер Александр Сергеевичпен арамызда болған әңгімені жіпке тізіп айтып шықсам, оның ажалына кінәлі өзім болып шығатындай көріндім. Сосын тергеушінің дік-дік етуі де қитығыма тиіп қалды.

– Сонымен...

– Петренконың “Қара мүрттан” неге тасаланып тұрғанын түсіне алмадым. Осы ойымды сезді ме, ол “Бүгін бос болсаң бір жерге барып отырып қайтайық” – деді. Мен “жарайды” дедім. Екеуіміз көзден қаға беріс кафеге келдік. Қандай тамақ алатынымызды Александр Сергеевич айтты. Біразға дейін әңгімеміз үйлесе қоймады. Оның қабағы жазылар емес, әр сөзінен кейістік білінеді. “Не болды?” – деп мен де қазбалағам жоқ. Әңгіме тиегін өзі ағытты. Салған жерден әйелімен ажырасатынын айтты. Мен таң қалдым. Өйткені, бірге істеп жүргенде ол ылғи үйге жеткенше асығатын, әйеліне, кішкентай қыздарына сыйлық алуды ұмытпайды. Қайда барсаң да “Наталья, Наталья” деп әйелін аузынан тастамайтын. Әңгімені сабырлы бастаған ол бірте-бірте қызбаланып кетті. “Неге дейсің ғой” – деді де іле жауабын берді. Ол бөтен еркекпен әуейленіп жүрген көрінеді, әлгі “Қара мүртпен” ауыз жаласып қалыпты. Оның сөзін бөліп: “Өсекке ере беруге болмайды ғой”, – дедім.

Жоқ, қаңқу сөз емес, соңғы кезде Натальяның мінезі мүлде өзгеріп кетті. Бұрын сапардан келгенде жадырап

алдымнан шығатын, ал қазір жоқ нәрсеге ашу шақырып, отырсам опақ, тұрсам сопақ қылады. Жарайды оған мән бермес едім. Жуырда ойламаған жерден сақтық кітапшасын тауып алдым. ~~Менен~~ жасырып кітапша ашыпты. Онда қанша ақша жатқанын көргенде төбе шашым тік тұрды. Тегін емес. Осыншама ақшаны қайдан алады? Әлде көңілдесінікі ме екен?

– Көңілдесі кім?

– Әлгі “Қара мұрт”, Мәліков деген біреу. Мені де ұрып өлтіретін кісі жоқ қой, әйтпесе, танымайтын адамды үйге ертіп әкелетін нәм бар еді. Бәрінен де тамағымды ішіп, табағымды тепкеніне өкінемін.

Мен оған не айтарымды, қалай жұбатырымды білмей қатты қысылдым. Әрі ойлап, бері ойлап асықпауға аныққанығына көз жеткізуге, Натальяның өзімен ашық сөйлесуге ақыл қостым. Ол сөйлескенін, бірақ, әйелінің өзіне шаң жуытқысы келмейтінін айтты. Сосын бүгінгі жүрісінің мәніне ойысты. Денсаулығына байланысты еңбекке жарамсыздығы туралы куәлік алыпты. Әйтсе де онысын әйелінен жасырып, таңертең үйінен кезекті сапарға кеттім деп шығыпты. “Үстінен шығып маскара қылам да есігін тарс жауып кетем”, – деді. Асыққанымыз жоқ, ұзақ отырдық.

– Ақшаны кім төледі?

– Александр Сергеевич. Мен ынғайлана бастап едім “Мен есептесемін” – деп болмады. Үйге автобуска отырмай жаяу тарттық. Красин және Труд көшелерінің қиылысына келгенде мен “осы арадан бұрыламын” дедім. Александр Сергеевич: “Жүр, біздің үйге бірге барайық”, – деді. Бірақ мен бара алмаймын деп кесіп айттым. Ол одан әрі қыстаған жоқ. Сол арада тағы да 10-15 минуттай тұрып қалдық. Менің бармайтыныма көзі жетті

ме, әлде оны өзі де ретсіз көрді ме: “Ал, сау бол” деп қош айтысты да үйге беттеді.

– Ол мас емес пе еді?

– Жоқ, екеуіміз бір шөлмекті тауысқамыз жоқ. Алғашында мен де тартынып ішпеймін деп едім Александр Сергеевич жайын айтқан соң босап кеттім. Көптен ішпегендікі ме, бірден басыма шапты, бірақ, мас болғам жоқ.

– Кезекші әйел “қызулау келді” – депті ғой.

– Мүмкін, сыртқы есікті тарс қылып жауып тастапты. “Соншама немене, қызыл інірде қасқыр жей ме” дегенім есімде.

– Содан кейін Петренконы көрген жоқсың ғой.

– Жоқ, екі күннен кейін деподан оны біреулер өлтіріп кетіпті деп естідім.

– Жақсы, әңгімеңе рахмет! – деп Еркін орнынан тұрғанда сағат тілі тоғызға таялып қалған еді. Ол шығар есікке жете беріп қайта бұрылды да:

– Николай, жатақханаға қай уақытта келгенің есінде жоқ па? – деді.

– Сағатқа қарағам жоқ, журналға бірде келді деп жазыпты ғой, сол дұрыс болуға тиіс.

– Айтуыңа қарағанда, Петренкомен сағат 12-нің кезінде айырылысқан сияқтысың. Сонда қалай жатақханаға дейін бір сағат жүрдің бе, әлде тағы бір жерге соқтың ба?

– Ешқайда соққам жоқ, тура жатақхана келдім.

* * *

Петренконың кезекті сапарға бармай қалуының сыры ашылды. Ол қас-қарайғанша әйелінен бой тасалай тұру мақсатымен Пименовті кафеге шақырған. Петренконы

өзі айтпаса Натальяның Мәліковпен байланысы барын, күйеуінен жасырып жинақ кассасына ақша салғанын Пименов қайдан біледі. Ол енді ғана шынын айтқан секілді. Бірақ, ол Петренкомен қоштасқаннан кейін бір сағат қайда болған? Пименовтің айтқандарына қанша сенгісі келгенімен осы бір сағат ойынан шықпай қойды. Бір сағат. Қайдан шыққан бір сағат? Мүмкін, олар көшеде бір сағат емес, екі сағат жүріп қалған шығар? Осыны анықтау керек. Өз ойын осылай түйіндеген Көшербаев ертеңіне депоға тағы келді.

Ескі танысындай жылы шырай амандасқан Пименов оның кафедран Красин және Труд көшелерінің қиылысына дейінгі аралықты жаяу жүріп өту жөніндегі ұсынысына қарсылық білдірген жоқ. Оған олардың 40 минут уақыты кетті. Петренко мен Пименов осы арада 10-15 минут тұрып қалды делік. Соның өзінде Пименов жатақханада он екіде болуы керек қой. Ал кезекші әйел қателессе ше? Ол өзінен-өзі мырс етіп күліп жіберді. Пименов оған таңырқай қараған.

– Сенен алғаш рет жауап алған лейтенант есінде шығар, – деді капитан. – Қайта-қайта соның ізіне түсе бергеніме күліп тұрмын. 1-ші сәуір күні жатақхана бойынша кезекшілік атқарған адамға тағы жолықпай болмайтын сияқты. Осыдан жарты жылдай бұрын лейтенант онымен де әңгімелескен болатын.

Пименов уәж қайтарған жоқ.

* * *

Жатақхананың жас тұрғындары “Оля апай” деп атап кеткен. Орынтай Ахметованың үйі де вокзал маңында екен. Есікті оның өзі ашты. Көшербаев өзінің кім екенін, не жұмыспен жүргенін айтқанынан кейін үй иесі оған: “Жоғары шығыңыз”, – деді.

Еркін Жанатұлы әңгімесіні бірден бастады.

– Апай, жатақханада кезекші болып көптен істейсіз бе? – деді ол

– Иә, 10 жылға таяп қалды, бұрын депода істегем, құрметті демалысқа шыққан соң үйде қол қусырып отыра алмадым.

– Жатақханада тұратындар негізінен жастар шығар?

– Иә, жастар ғой. Әйтеуір, бірі келіп, бірі кетіп сапырылысып жатады.

– Олардың бәрін жақсы танысыз ба?

– Танымағанда ше, күніне бөлен рет кездесеміз ғой.

– Пименовті де білесіз бе?

– Николайды айтасыз ба, оны жатақханада білмейтін жан жоқ шығар. Кезінде күнде ішіп келіп, жұрттың тынышын алып, аты шыққан. Араққа тойып алып ықылық атып жүретін. Қазір, әйтеуір, түзелейін деген сияқты. Жұмыстан кейін бейсауат ешқайда шыға да қоймайды. Үйленбек ойы бар деп естідім.

– Апай, анада сіз ол жатақханаға сағат бірде оралды деп жазыпсыз, қателесуіңіз мүмкін бе?

– Біз жатақханаға мерзімді уақытынан кеш келгендерді тіркеп отырамыз. Кезекшінің қасында сағат ілулі тұр.

– Оның тоқтап қалуы немесе озып кетуі мүмкін ғой.

– Ондайын байқағам жоқ, жаңа сағат, әлгі... Қалай деуші еді. Тілі жоқ.

– Электронды сағат па?

– Иә, иә.

– Сол күні Пименовтен басқа кешіккендер болды ма?

– Журналдан қарау керек, бәрі сонда жазылған.

Үй иесімен қош айтысып көшеге шыққан капитан енді көп ойланбастан жатақханаға беттеді.

Кезекшілікте отырған Анна Дмитриевна Киселева журналды ақтарыстырып біраз отырғаннан кейін 1-ші сәуір күні он бес адамның кеш келгенін айтты.

– Он бес адам. Тым көп екен, – деді аға инспектор.

– Міне, қарауыңызға болады, – деп кезекші кітапты Көшербаевқа жылжытты. Еркін Жанатұлы кешігіп келгендердің аты-жөндерін қойын кітапшасына көшіріп алды. Осы он бес адамның ішінен Пименовті көрген біреудің табылуы мүмкін ғой.

Сол күні ол “қара тізімге” іліккен он бес адамның онына жолықты. Бірақ, олардың бірде-бірі жатақхана маңында Пименовті кездестірмепті. Тізімде он бірінші тұрған Әлия Бектемірова осыдан біраз жыл бұрын жеке пәтер алған екен. Ол енді соған жолықпақ болды. Кадр бөлімінен Бектемірованың мекен-жайын алып, Свердлов көшесіндегі №49 үйге келді. Әйтеуір, келгеніне қарай Бектемірова үйінде болып шықты.

– Сіз теміржолшылар жатақханасында тұрдыңыз ба?
– деді ол.

– Иә, бұл үйге көшкенімізге екі айдай ғана болды.

– 1-ші сәуір күні сіз жатақханаға кеш келіпсіз, есік алдында немесе жатақхананың ішінде Пименовті кездестірген жоқсыз ба?

– Шынында да, мен сол күні жатақханаға түнгі сағат он екі кезінде келдім. 44-ші разъезде тұратын туысқандарыма барып едім. Әзер жеттім. Өйткені, онда жүрдек пәздар тоқтамайды. Пименовті көргем жоқ. Келесі күні таңертең ерте тұрдым. Біздің бөлmemіз бірінші қабатта, кезекшінің столынан алыс еместі. Бөлмеде сағат болмағандықтан уақыт білмек болып сонда бардым. Сағат тоғызға таялып қалыпты. Тез-тез өзіммен бірге істейтін құрбым Вера Алексееваны оятып,

бір шәшке шайымызды іше алмай жұмысқа кеттік. Вокзалға жете бергенде мандайшада ілулі тұрған үлкен сағатқа көзім түсіп кетті. Онда сағат 8-ді көрсетіп тұр. Жанұшырып жұмысқа жетсек шынында да сағат 8, цехтың іші тым-тырыс.

31 март күні түнде оны ешкімнің жазғы уақытқа көшірмегенін түсіндім.

Кешке келсек жатақханадағы сағат әлі түзелмепті, 8-ді көрсетіп тұр. “Біз оны қай жерін бұрайтынын білмейміз ғой” деп ақталды кезекші.

– Бұл жайдан сізден басқа кім хабардар еді?

– Вера Алексеева, сосын... сол күні кезекшілікті қабылдап алған, аты-жөні есімде жоқ, қарт адам...

– Ол кісі қазір істей ме?

– Жоқ.

– Сіз Пименовті білесіз бе?

– Сырттай танымын, бірақ, сөйлескен адамым емес.

– Ал Петренконы ше?

– Петренко... Петренко, жоқ, бірінші рет естіп отырмын.

– Осыдан жарты жылдай бұрын Жұмысшы поселкесінде белгісіз біреулердің кісі өлтіріп кеткенін естіп пе едіңіз?

– Естігем.

– Сізден ол жайында ешкім ештеңе сұраған жоқ па?

– Жоқ.

* * *

Сонымен Пименов жатақханаға бірде емес он екіде келген болып шықты. Ал сарапшылар анықтап отырғанындай, Петренко он екі мен бірдің арасында өлтірілген, Әлия Бектемірованың айтқандары толық расталды. Сағаттағы айырмашылықтың кезінде ашылмай

калу себебі – Орынтай Ахметовадан кезекшілікті қабылдап алған Соколова сол күні соңғы күн жұмыс істеген екен. Жатақханадағы сағаттың бір тәуліктен астам алда болғанын басқа кезекшілер білмеген де, естімеген де. Ол осы бір сағатты анықтау үшін екі күнін сарп етті. Бірақ, оған өкініп отырған жоқ. Расында да, бұл іске Пименовтің қатысы жоқ шығар? Енді ол өзі мойнына алмаса оған айып тағуға да негіз жоқ. Мәліков... сол өлтірсе ше?! Әлде Петренконың әйелінің зұлымдығы ма? Әйтеуір, сауал көп, те жауап жоқ. Ол тағы да топ мүшелерін жинауға ұйғарды.

* * *

Ол топ мүшелеріне өзінің соңғы екі күнде анықтаған жайларын баяндап шықты.

– Онда біздің қолымызда үш тал шаштан басқа ештеңе қалмады ғой, – деді Айбасов.

– Иә, үш тал шаштан басқа ештеме жоқ. Бірақ, шарасыздыққа салынғанмен қылмыскердің бізді өзі іздеп келмейтіні белгілі ғой. Сондықтан, қарап отыра алмаймыз, қай бағытта қимылдаймыз, соны ақылдасайық.

Әңгімеге манадан үнсіз отырған Серғалиев араласты.

– Жарайды, іске Пименовтің қатысы жоқ делік. Ал Мәліков, Петренконың әйелі жайында осыны айта аламыз ба? – деді ол

– Өзіміздегі белгілі жайларды ой таразысына салсақ, оларды да кісі өліміне қатысты деуге негіз жоқ, – деді Айбасов. – Ойткені сағат он екіге дейін Пименов Петренкомен бірге болған. Дәл осы уақытта Петренконың үйіне жиналған төртеу ешқайда шықпаған. Петренконың өлігінің жанында бір мезгілде түскен екі адамның ізі ғана анықталған. Мұның өзі нені көрсетеді? Петренконы өл-

тіруші жалғыз болған. Мүмкін ол мүлде кездейсоқ адам шығар?

– Петренконы аяусыз соққылағанына қарағанда олай деуге болмайды. Бірден жеті қабырғасы сынған, басқа да жаралары аз емес. Өзіміз ойлап қарайықшы, ұзында өші, қысқада кегі болмаса, осылай тепкілер ме еді?!

Көшербаевтың осы сауалы басқаларды да ойландырып тастағандай еді.

– Мүмкін, кісі өлтіруші мас болған шығар? – деді сәлден соң Серғалиев.

– Жоқ, өзі мас болса, өзі жалғыз болса сап-сау Петренконы ұрып жығар ма еді? Серғалиевтің пікірінше, Айбасовтың айтқан уәжі де ақылға қонымды сияқты.

– Сонда сіздіңше кім болғаны?

– Меніңше, кісі өлтіруші нашақор болуы мүмкін. Әйтпесе өз бетімен кетіп бара жатқан адамды бас-көз демей төпелей ме? Бұл арада мына бір жайды да анықтап алуымыз керек. Пименов жатақханаға он екіде келген. Ол Петренкомен қоштасқан жерден жатақханаға дейін он-ақ минуттық жер. Егер еш жерде бөгелмесе Петренко да осы уақытта үйінде болар еді.

– Міне, мәселенің түйіні де осында болып отыр ғой.

Серғалиев “кісі өлтіруші нашақор болуы мүмкін” дегенде Еркін Жанатұлы елең ете түскен. Шынында да, оның пайымдауы дұрыс. Кісі өлтірушінің жалғыз болғаны талас туғызбайтын, анықталған жай. Егер ол мас болса соқталдай Петренконы мұрттай ұшырып өлтіріп кете алар ма еді? Ал, оның айуандығын сау кісіге телу тағы қиынсыз. Демек, Петренконың есірткінің күшімен есінен айырылған есуасқа кезігіп қалуы мүмкін ғой. Осы ойдан аса алмаған ол әріптестері назарын өзіне аударды.

– Мәніңше, Қанат Мағжанұлының айтқаны назар аударуға тұрарлық, – деді ол

– Кісі өлтірушінің нашақор болуы ғажап емес. Сондықтан, осы жорамалды да ескерусіз қалдырмай, анық-қанығына көз жеткізейік. Нұрлан, сен наркологиялық диспансерге барып нашақорлардың тізімін ал. Әсіресе, Жұмысшы кентінде, вокзал маңында тұратындарға назар аудар. Ал, Қанат Мағжанұлы, сіз Мәліков пен Петренконың әйелінің ісін жеріне жеткізіп айыптау қорытындысын дайындаңыз, іске қатысты бірде-бір құжат, материал ескерусіз қалмасын. Мен Жұмысшы кентіне барып учаскелік инспекторға жолығайын. Ондағы жағдайды одан жақсы білетін ешкім табыла қоймас.

* * *

Өзін Серік Бәриев деп таныстырған жасы қырықтар шамасындағы учаскелік инспектор кенттегі жағдайдан жақсы хабардар екен. Ол кімнің қай үйде тұратынын, кімнің не нәрсеге бейім екенін, жиі тәртіп бұзатындарды, маскүнемдерді, отбасы шырқын бұзатындарды түгел жіпке тізіп айтып шықты.

– Жалпы қиын учаскелердің бірі – деді ол әңгімесін одан әрі жалғастырып. – Төбелес те, ұрлық та осында, кейде күні-түні жұмыс істеуге тура келеді. Айтасың, түсіндіресің, бірақ соған құлақ аспай қинайды ғой.

– Ондайлардың тізімі бар шығар?

– Бар болғанда қандай, міне, қараңыз, бәрі он алты мен жиырманың арасындағы кілең жастар.

– Мына қызыл сиямен астын сызып қойғандарыңыз кім?

– Бұлар бұрын қылмыстық жауапкершілікке тартылғандар. Ал мына жасыл сиямен сызылғандар биыл сотқа

іліккендер. Көрдіңіз бе, биылдың өзінде сегіз адам істі болды. Оның төртеуі төбелескені, екеуі есірткі сатқаны, екеуі ұрлық жасаған~~ы~~ үшін сотталды.

– Ұрлық жасағандар кімдер?

– Балтабаев және Серегин дегендер. Балтабаев осыдан төрт ай бұрын бақылаусыз қалған біреудің үйінің сыртқы есігін бұзып кіріп, тонамақ болған жерінде ұсталды. Ал Серегин Александр, біреудің жалғыз баласы, кішкентайынан білем, ерк е өскен сотқарлау еді. Ол түнде кенттегі азық-түлік дүкеніне түсті. Артынып-тартынып шыққанша “Күзет” қызметкерлері келіп қалыпты.

– Бұған дейін дүкенге түсу оқиғалары болып па еді?

– Жылдың басында сол дүкен үш рет тоналды. Ұры үшеуінде де ұстатпай кетті. Оқиғаның қалай болғанын қалалық ішкі істер бөліміндегілер жақсы біледі. Ал осыдан жарты жылдай бұрын дәріханаға ұры түскен.

– Жарты жыл дейсіз бе, оқиғаның нақты қай уақытта болғанын айта алмайсыз ба?

– 1-ші сәуір күні екені есімде, ал қай сағатта жасалғанын білмеймін. Оны анықтаудың ешқандай қиындығы жоқ, “Күзетке” барыңыз, сондағылар бәрін айтып береді.

“1-ші сәуір... Кездейсоқтық па, әлде екі оқиғаның арасында бір байланыс бар ма?” Көшербаев “Күзет” бөліміне жеткенше осыны ойлаумен болды. “Күзеттің” бастығы подполковник Сансызбаев әріптесіне қажет деректерді тез тауып берді.

– Ұрлық 1-ші сәуір күні түнгі сағат 12-де жасалған, – деді ол. Өзіңіз білесіз, Жұмысшы кентіне 20-25 минутсыз жете алмайсыз. Біздің жігіттер жеткенше ұры жасырынып үлгерген. Біздің ойымызша, дүкенді, дәріхананы тонаушы бір адам, ол және сол маңайда тұрады. Олай дейтінім, ұры жағдайдан жақсы хабардар.

Көшербаевтың басқармаға оралғаны сол еді, бөлім бастығы өзіне шақырды.

– Аянып жатқанымыз жоқ, – деді капитан.

– Еркін, ендігі жерде сөз емес, іс керек. Өзі үміт бар ма? Болса соны айтыңыз, әйтпесе...

– Әйтпесе, істі тапсырыңыз дейсіз ғой. Жолдас подполковник, меніңше жедел топ қылмыскердің ізімен келеді, тек уақыт керек.

– Қанша уақыт керек? Айтпақшы, дәріханадан не ұрланыпты?

– Ұры дәрі-дәрмекке тимеген, ақшаны ғана алыпты.

– Ақша арнайы сейфте сақталады ғой, ал ол өзін айтып отырғандай 20-25 минутта ісін тындырып тұрса, оны қалай тез ашқан?

– Сол күні дәріханада істейтін Соловьева ұмытып, кілтті сейфтің аузында қалдырып кетіпті. Ұры терезені қиратып кірген. Кезінде дүкендерде де дәл осы әдіспен тоналған болатын.

– Жақсы, бұзып-ақ кірсін, сонда ол кілттің сейфтің аузында қалғанын қайдан білген?

– Соловьева кінәсін мойнына алып тұрған соң, мен соны қазбалаған жоқ едім, – деп лейтенант шынын айтты.

– Қазір Соловьева қайда?

– Үйінде болуға тиіс, сол Жұмысшы кентінде Украин көшесіндегі 44-ші үйде тұрады.

– Онда мен қазір сонда барамын, кейін тағы кездесерміз, – деп капитан Мартынюкпен қош айтысты.

Украин көшесіндегі 44-ші үйдің биік дуалынан саңылау таба алмаған капитан ішке кіре алмай біраз тұрды.

Көршілерінен сұрастырып көріп еді: “Үйлерінде болуға тиіс, жұмыс істемейді”, – деді. Сосын ол мүмкін естіп қалар деген ниетпен қақпаны қатты-қатты қаға бастады. Әйтсеуір, үйде біреу бар екен. Ар жақтан – “Бұл кім?” деген ер адамның дауысы естілді!

– Соловьевтер осы үйде тұра ма? – деді ол

– Иә, иә, тоқтай тұрыңыз, қазір ашамын.

Үй иесі:

– Соловьев мен боламын, Петр Кириллович, – деді.

– Мен облыстық ішкі істер басқармасының аға инспекторымен.

– Кіріңіз, – деді үй иесі көңілі бірден пәс тартып.

Соловьевтердің ауласы кең екен. Қарағайдан бұрап салған үйдің сырты әсем безендірілген. Ауланың түкпірінде тағы бір шағын үй тұр.

– Қызыңыз үйде ме? – деді Еркін Жанатұлы бірден не жұмыспен келгенін білдіріп.

– Светлананы айтасыз ба?– Шал абдырап қалды. – Ксения, Ксения, бері шығып кетші, – деді ол ар жақтағы біреуге дауыстап.

Үйден етжеңді жасамыс әйел шықты.

– Менің зайыбым Ксения Георгиевна, – деді Соловьев.

– Ксения, мына кісі полициядан келіпті. Светлананы сұрайды.

– Оның қайда екенін өзіміз де білмей отырмыз, – деді Ксения Георгиевна.

– Білмегендеріңіз қалай?

– Осыдан бір айдай бұрын Сургутте тұратын әпкесіне кеткен, реті келсе жұмысқа орналаспақшы да. Содан бері хабарсызбыз.

– Жолдасымен бірге кетіп пе еді?

– Жоқ, жалғыз... Бар пәле сол жолдасында болып отыр

ғой, – деп Ксения Георгиевна кемсендей жөнелді. – Қайдағы сұм қайдан кездескенін?! Өз баламыздан кем көргеміз жоқ. Бөгет жасамайық деп, мына шағын үйге жеке шығардық. Бақсақ, Николай нағыз нашақордың өзі болып шықты. Қазір емдеу орнында жатыр. Бәрінен Светланады сорлатып кеткеніне күйінемін.

– Олар қанша тұрып еді?!

– Бар жоғы бес-ақ ай. Ол бұрын бір әйел алып тастаған жан, онда баласы да бар көрінеді. Бейшара қызымыздың басын айналдырып тастаған соң амал бар ма?

– Сіздер ештеме сезбедіңіздер ме?

– Қайдан білейік, ішер тамағымыз бірге болғанмен, жатар орнымыз бөлек қой. Таңертең жұмысына кетеді. Содан кешке дейін көрмейміз. Жалғыз қызымыз болған соң қолда барды аяған жоқпыз, көмектесіп тұрдық. Ал ол бейбақ жұмыс істемейді екен. Светлана да кейін біліпті, бірақ, қорланып бізге айта алмапты.

– Ксения Георгиевна, есіңізде жоқ па, күйеу балаңыз нешінші размерлі аяқ киім киюші еді?

– Неге білмеймін, білемін, анада жазғы туфлиін өзім сатып әпергем, 42 размер, құдайым оған ой бермесе де бойды аямапты ғой.

“Нашақор”. Аяқ киімнің өлшемі де келеді. Сонда қылмыскер Соловьевтердің күйеу баласы – Николай Киселев болғаны ма? Серғалиев не біліп қайтар екен?..

Серғалиев көп күттірген жоқ. Ол наркологиялық диспансердің есебінде Жұмысшы кентінен жиырма бес адам тұратынын хабарлады. Олардың жетеуі – әйел, он үші – орта жаста.

– Демек, осы жолы дәл шықсақ біздің іздеген адамымыз соңғы бесеудің арасында болғаны ғой, – деді

капитан істің беті бері қарағанына қуанышты екенін жасыра алмай.

– Иә қылмыскердің өрісі барынша тарылған сияқты.

– Онда былай істейік, сіз түстен кейін Жұмысшы поселкесінде Украин көшесіндегі 44-ші үйде тұратын Соловьевтердің отбасына соғып, 42 размерлі аяқ киімді табуға тырысыңыз. Соловьевтердің өздерінің айтуына қарағанда, олардың күйеу баласы – Николай Киселев нашакор, қазір ауруханада жатқан көрінеді.

– Ол рас, тізімде оның да фамилиясы бар. Мен диспансерде болып, оны сыртынан көрдім де, жасы отызға еркін толмаған, бойы бір метр сексен сантиметр шамасында.

– Дәріхананы тонаған да, Петренконы өлтірген де осы Киселев болуы мүмкін. Дәріханаға қатысты істі жүргізген лейтенант Мартынюк ұрлық жасаған күні Соловьеваның сейфтің кілтін ұмытып аузында қалдырып кеткенін айтты. Оны Киселевтен басқа кім білуі мүмкін? Бұл – бір. Екіншіден, Соловьева алдын ала жасалған келісім бойынша кілтті әдейі тастап кетуі мүмкін ғой. Осыны анықтауымыз керек. Соловьевтің қызы Сургутке кетіпті, бүгін болмаса ертең келуге тиіс. Келісімен одан жауап алуымыз керек.

* * *

Екі күн өтті. Соловьевадан хабар жоқ. Капитан маза-сыздана бастады. Өйткені уәделі күн жақындап қалған еді. Соловьева енді екі күн бөгелсе подполковникке не демек? Ақыры ол кабинетінде байыз тауып отыра алмай тағы да Жұмысшы кентіне соқты. Есік алдында жолыққан үй иесі қызының бүгін таңертең келгенін айтты.

Ол Соловьевадан 1-ші сәуір күні дәріхананың қалай

тоналғаны жөнінде айтып беруін сұрады. Сол-ақ екен, Соловьеваның ұнжырғасы түсіп кетті, екі беті қызарып, әңгімені неден бастарын білмегендей томаға-тұйық отырып қалды.

– Светлана, менің сұрағым түсінікті ме, сізге? – деді капитан.

– Түсінікті.

– Онда сөйле, асықпай-саспай бәрін есіңе түсір, біз үшін бәрі маңызды. Өйткені әңгіме адам тағдыры жайында болып отыр.

– Мен бәрін айтып едім ғой.

– Бұрынғы жауабыңа алып -қосарың жоқ па?

– ...

– Онда мынадай сұраққа жауап бер. Лейтенант Мартынюкке “Сол күні кілтті сейфтің ауызында қалдырып кетіппін”, дейсіз. Жарайды, солай-ақ болсын делік. Сонда кілттің сейфтің аузында қалып қойғанын ұры қайдан білген. Осыны түсіндіре аласыз ба? Әлде, сіз дәріхананы жабарда қасыңызда біреу болып па еді?

– Жоқ, әдеттегідей, сағат сегізде телефон арқылы “Күзет” бөліміне тапсырдым да үйге кеттім.

– Сосын?

– Сосын...

– Күйеуіңіздің туфлиі қайда?

– Үйде болуға тиіс.

– Онда мүмкін болса, көрсетсеңіз.

Соловьева керулеттің астынан бір қорапшаны алып шықты да ашып тергеушінің алдына қойды. Шетелдік туфли, сірә, көп киілмегенге ұқсайды, өкшесі де қажалмаған.

– Бұдан басқа туфлиі бар ма?

– Жоқ, осының өзін шешем сатып әперген.

Көшербаев Соловьевтардың үйінен шыққаннан кейін тура наркологиялық диспансерге тартты. Ойы тезірек Соловьеваның күйеуіне жолығу. Есі кіріп, із қалдырғанын сезгеннен кейін туфлиін жоқ қылып жіберуі мүмкін ғой, шашын алып сарапшыларға тапсыру керек. Николай еңгезердей жігіт екен, Көшербаев өзінің тергеуші екенін айтқанда біртүрлі сасқалақтап қалды.

– Осы арада әңгімелесеміз бе, әлде бөлімге барамыз ба?

– Өзіңіз біліңіз.

– Ол саған байланысты, шынықты айтып, сәуірдің 1-і күнгі оқиғаны түгел, рет-ретімен еске түсірсең істі осы арада-ақ бітіреміз. Ал түк білмегенсіп бұлтақтайтын болсаң, бөлімге баруға тура келеді.

– Түк түсінсем бұйырмасың, сәуірдің 1-і, одан бері жарты жыл өтті ғой.

– Жарты жыл өткені рас, мүмкін ұмытып қалған шығарсың, есіңе түсірейін, түн, дәріхана... Енді есіңе түсті ме?

– Ештеңе түсініп отырғаным жоқ.

– Киселев, текке әуре болып қайтесің? Әйелің бәрін айтты. Дәріханаға түскенің дәлелдеуді қажет етпейді, ал Петренконы өлтіруіңе жол болсын.

Киселев үндей алмай қалды.

– Өзің айтасың ба, әлде...

Киселевте үн жоқ, басы төмен салбырап кеткен. Капитан асықтырған жоқ.

– Сонымен, әйеліңе сездірмей сейфтің кілтін ұрлап алдың.

– Рас.

– Әкейдікінде теледидар көрем деп, тура дәріханаға тарттың.

– ...

– Неге үндемейсің, Киселев?!

– Жазыңыз, бәрін өзім бастан-аяқ айтып шығайын.

Киселевтің айтуына қарағанда, дәріханаға Серегин түскен.

– Серегин?.. Серегин?..

– Қазір ол тергеу оқшаулағышында отыр.

– Түсіндім, түсіндім, айта бер.

– Кезінде Алексеймен біраз уақыт бір заводта істедік.

Кейін біздің цех таратылғаннан кейін бір-екі рет товар әкелеміз деп Польшаға да бірге барып қайтқанымыз бар. Ол да оңай нәрсе емес екен. Шаршап шалдығып, барып қайтасың, көрмейтін қорлығын жоқ. Ақыры, оны да қойдық. Ал маған үнемі ақша керек болды. Екі қолға бір жұмыс таба алмаған соң не істейсің, бір күні кездескенде жайымды Алексейге айтып едім. “Саспа, жолдас емеспіз бе, осындай қиын уақытта бір-бірімізге көмектеспесек не болғанымыз” – деп бір түйіншекті ұстата берді. Ол менің есірткіге әуестеніп жүргенімді білетін. Осыдан кейін мен оны өзім іздейтін болдым. Алғашында, обалы не керек, бетімнен қақпай беріп тұрды, кейін қарызға деп сұрайтын болдым. Оған да көнді. Осылай жүріп жаттық. Бәрі ойламаған жерден басталды. Бір күні ол кешке мені іздеп келіпті.

“Тиыштық па?” деп едім, “Әңгіме бар, жүр жеке шығып сөйлесейік”, – деді. Киініп соңынан ердім. Байқаймын, қызыңқырап алған сияқты. Үйден ұзап шыққан соң “Сен маған қанша қарыз екенінді білесің бе?” – деді. Жауабын да өзі берді. 150 мың теңге! “Жүз елу мың!”. Мен аузымды ашып үлгергем жоқ. – Иә, жүз елу

мың, бері салғанда. Оның бәрі маған қайдан келді дейсің, иесі келіп қысып жатыр. Ертең кешке дейін тауып бермесем жағдайым қиын болады.

– Ойбай-ау, жүз елу мыңды аяқ астынан қайдан аламың, қазір қалтамда жүз теңге де жоқ.

– Оны маған айтпа, ертең айтылған уақытта әкеліп бермесең екеуміз де құримыз. Осылай деді де ол кетуге ыңғайланды. Дауысында жасандылық жоқ, қорқып кеттім.

– Тоқтасайшы, ақылдасайық, не істейміз.

– Не істейтіні бар, ақшаны табу керек!

Осы арада есіме Светлананың ақшаны үйге әкелмейтіні түсе кетті. “Дәріханада ақша бар” дедім.

– Оны қалай аламыз?

Ақыры, оны көндіріп, сейфтің кілтін ұрлап әперетін болдым. Айтқандай, Светлана жұмыстан келген соң шешесіне кеткен кезде кілтті алдым да Серегинге бердім. Түнде әйелім дәріханаға ұры түсті деді. Одан кейін не болғанын білмеймін.

– Бұл қай күні.

– Сәуірдің 1-інде.

* * *

Киселев ештеңені бүгіп қалмаған секілді. Өкшесі қажалған 42 размерлі туфли Серегиндікі болып шықты. Петренконың уысында қалған үш тал шаш та сарапшылардың айтуына қарағанда, Серегиндікі: биологиялық құрамы да, жуандығы да келеді. Енді тек осының бәрін Серегиннің мойнына салу керек. Серегин қазір тергеу оқшаулағышында отыр. Түн жамылып дүкенге түскен жерінде ұсталған. Тіпті қашар сыңай танытпаған. Таяуда соты болуға тиіс. Бұл арада да үйлеспейтін жайлар аз емес. Дәріханаға түсіп кісі өлтіргеннен кейін оның араға

жарты жыл салмай дүкен тонауы, қолға түсуі түсініксіз. Алғашқы жауап алу кезінде ол дүкенге бірнеше рет түскенін мойнына алды. Әлі дәріхана жайында әңгіме қозғалған жоқ. Ақтық әңгіме бүтін болуға тиіс. Ерболат Жанатұлы алдында жатқан құжаттарды қарап отыр.

– Жолдас капитан, Серегинді жеткіздім, кіргізейік пе?

– Әкеліндер.

Серегин жуасып қалған сияқты. Үн-түнсіз орындыққа отырды. Жанары үрейлі.

– Сонымен Серегин, басқа қылмыстарға қатысым жоқ, – дейсің ғой.

– Жоқ, жолдас бастық. Үш рет құтылдым, төртіншіде тұтылдым.

– Онда бері қара, мына туфлиді танысың ба?

– Менікі.

– Сенікі екенінде біздің де күмәніміз жоқ, үйіңнен алынды. Ал мына үш тал шашты танысың ба?

Серегин әлі түкке түсінбегендей, бірақ көзінің қарашығы ұлғайып барады.

– Жақсылап қара.

– Шаштан шаштың қандай айырмашылығы бар?

– Болғанда қандай, мына үш тал шаш сенікі. Әңгімені осымен доғарамыз ба, әлде қылмысыңды мойныңа аласың ба.

– Алдым ғой бәрін, тағы неі ал, – дейсіздер.

– Петренконы өлтіргеніңді неге айтпайсың.

Серегин селт еткен жоқ.

– Сәуірдің 1-і күні түнде болған оқиғаны өзің айтасың ба, болмаса мен есіңе түсірейін бе.

– ...

– Үндемейсің, ә? Онда тыңда. Сәуірдің 1-і күні дәріханаға кірдің. Үйреншікті әдіс. Бұзып-жарып кіресің де

алатыныңды алып, күзет қызметкерлері жеткенше табаныңды жалтыратасың. Бұл жолы алдыңнан Петренко шығып қалды...

– Өзім айтайын, деді Серегин.

– Сонымен?..

– Маған Киселев қарыз болатын. Бәрі соның әлегі, “Светлана менен қорқып, үйге ақша әкелмейді, бәрін сейфте сақтайды” деді. Маған көнуге тура келді, сейфтің кілті қолыма тигеннен кейін, терезені бұзып, ішке кірдім. Шағын қорапшада белінен бір буып қойған ақшаны тауып алу қиынға соққан жоқ. Таса-тасаман жүгіріп келе жатқанымда бұрыштан шыға берген бір ер адамды соғып кеттім. Өзім күнде көріп жүрген Петренко. Ол: “Немене, жын соғып кеткен бе, көзіңе қарамайсың ба?” – деді. Қаракөлеңке болғаныман, мені танып қалды. “Алексей-місің?” – деді. Не істерімді білмей қатты састым, “Ертен дәріхананың тоналғанын естиді... Айтып қояды, айтып қояды...” Осы бір ойлар миымнан шықпай, әлгі жерден қаққан қазықтай қозғала алмай қалдым. Бәрі еркімнен тыс болған сияқты, бұрыла берген Петренконы ту сыртынан ұрып жықтым да тепкілей бастадым. Ол тіпті қарсыласпақ түгілі, дыбысын да шығарған жоқ...

Ертеңіне есім кіргеннен кейін бүгін болмаса ертең ұсталатынымды сезіп, қатты састым. Күдік, сөз жоқ, маған түседі... Ақыры, тапқан амалым – дүкенге түсу болды...

КӘСІПКЕРДІҢ ӨЛІМІ



Күндегі әдетімен таңертеңгі сағат тоғызға жетер-жетпесте офиске келген Нина алғашында Сергейдің жұмыс орнынан табылмағанына онша алаңдай қоймағанды. Сағат он болды. Сергей әлі жоқ. Нина енді мазасыздана бастады. Өйткені кеше екеуі таңертең сағат 9-да жұмыста кездесуге келіскенді. Сергей Нинаның күйеуі, бірақ екеуі екі бөлек тұрады. Ержетіп қалған ортақ ұлдары бар, бизнесте де бірге істеп жүр. Кеше жұмыстан кешкі сағат 8-дер шамасында Сергей Нинаны үйіне жеткізіп салды. Арада біраз уақыт өткеннен кейін Нинаға Москваға тауарға кеткен жүргізуші телефон шалып, өзінің шекарада, кеден бекетінде тұрғанын хабарлады. Сергейдің қоштасарда айтқан: “Николай неге кешікті, мерекенің алдында келіп қалса жарар еді, сөрелер бос қалуға жақын” – деген сөздері есінде Нина күйеуін қуантып қояйын деп ұялы телефонын алып еді, жауап болмады. Содан кейін он минут өткен жоқ, Сергейдің өзі хабарласып, жай звондадың ба деп сұрады. Нина Николайдың шекараға жеткенін, сағат он екілерге қарай келіп қаламын дегенін айтты. Содан кейін екеуі таңертең тоғызға таман офисте кездесуге келісті. Бұл айтылған уақытта келді. Сергей жоқ. “Қайда жүруі мүмкін? Шұғыл бір жұмыстармен басқа жаққа кетіп қалса, ол міндетті түрде хабарласуға тиіс еді ғой” Үйдегі телефон да, ұялы телефоны да жауап бермейді...

* * *

Шағын автотұрақта күзетші болып істейтін Алмастың сыртқы қақпаны жапқаны жаңа ғана еді, қоңырау шылдыр ете түсті. “Кім болды екен?” Тұрақта орын жоқ. Мұнда елу машинадан артық симайды. Сондықтан, көліктерін қоятындардың көбі белгілі бір орынды әлде-

кашан иемденіп алған. Алмас оларды түгел дерлік таниды. Ол жақындап келгенмен қақпаны бірден аша қойған жоқ. Үстінде “такси” деген жазуы бар “Волганың” қасында тұрған ұзын бойлы жігіт бұрын мұның көрмеген адамы. Осы кезде оның ту сыртында тұрған, алғаш келгенде өзін кәсіпкермін деп таныстырған Сергей Киньконың “Тойотасы” дүр ете түсті.

– Мен Киньконың фирмасында істеймін, қожайыным машинаны алып кел деп жіберді,– деді бейтаныс жігіт.

– Өзі қайда?

– Өзі “Глория” кафесінде отыр, аздап қызыңқырап алып еді, үйіне жеткізіп салу керек.

– Мен сізді танымаймын, біреудің көлігін қалай беремін.

– Сенбесең міне, кілті, құжаттары.

Бейтаныс ұстатқан құжаттарды шамның жарығына барып, мұқият қарап шыққан Алмас қақпаны ашты. Осы кезде “Волга” сәл алға жылжып, қайта тоқтады. Киньконың қарамағында істеймін деген жігіт, неге екенін кім білсін, машинаның сол жағынан барып отырды. Сосын іле қайта шығып, оң жаққа отырды да, қозғала бастады. Осы бір жай оның әрбір қимылын бағып тұрған Алмастың көңілінде күдік туғызды. “Бұл бұрын бұл машинаға отырмаған адам болды. Әйтпесе, рөлінің қай жақта екенін білер еді ғой”. Киньконың “Тойотасы” рөлі оң жақта орналасқан таза жапондық машина болатын. Алмас ойланып, есін жиғанша машина қақпадан шығып та кетті. “Шықпаса не істер еді”. Осы оймен ол тым болмаса “Тойотаның” соңына ілескен “Волганың” нөмірін есте сақтауға тырысты. Газ-3110 маркалы ақ түсті машина, мемлекеттік нөмері Т 117 ҚДН. Байқап қалды, ішінде біреулер бар. Ол қақпаны жауып күзетшінің бөлмесіне

оралғаннан кейін газеттердің бірінің шетіне әлгі нөмірді жазып қойды. Т 117 ҚДН. Кинько біразға дейін оның ойынан шықпай қойды. Ол бүгін машинасын сағат 8-ден кете қойған. Қазір 12. Әдетте машинасын уақытынан бұрын алатын болса, ескертіп отыратын. Бүгін кетіп бара жатып, сыртын сүрте салшы деп Алмасқа 200 теңге ұстатқан. Қыстың іші емес пе, машинасы таза екен, Алмас жұмсақ шүберекпен бір-ақ рет сүртіп өтті. “Қызыңқырап қалды дейді, үйіне таксимен де бармай ма?”

* * *

Түс болды. Сергейден хабар жоқ. Нина жүкшілердің бірін үйіне жіберіп еді, “Есігін қақтым, қақтым, ешкім жауап бермейді” деп келді. Жүкші өзінің жолай автотұраққа соққанын, онда Сергейдің көлігінің жоқ екенін айтты. “Үн-түнсіз қайда кетуі мүмкін? Осы маңайда болса ұялы телефонын неге алмайды?” Сапырылысқан сансыз сауалдардан басы шағып ауыра бастады. “Қайда жүр?” Тіпті миы жетер емес. Товармен келген машина қаңтарылып ол тұр. Өз дүкендеріне қаншасын түсіру керек, қалғанын қайда апарады, кімге береді? Оның бәрін Сергей шешуге тиіс. Алғашында Сергей тұратын пәтердің есігін бұзып кірмек болған, бірақ “машинасы тұрақта жоқ” дегеннен кейін ол ойынан тез айныды. “Неде болса машинасымен бір жаққа кетіп отыр”.

Кешке дейін Сергейдің бір хабарын біле алмаған Нина үйге келгеннен кейін кіммен сөйлесерін білмей ұзақ отырған. Екеуінде де араласып-құраласып жүретін дос-жолдас жоқтың қасы. Кезінде болған. Бірақ, мына заман, дүниенің соңына түскен ку тірлік бәрін жан-жаққа бытыратып әкетті ғой. Ағайын-туғандары да солай, бірінің біріне кіріп шығуға уақыттары жоқ. Осылай дел-сал болып отырғанда оның ойына мемлекеттік автоинспек-

цияда істейтін нөмере інісі Володя оралды. Володяны табу қиынға түскен жоқ, ұялы телефонын тез алды.

– Володя, мен Нинамын, таңертеңнен бері Сергейді таба алмай басым қатып отырмын.

– Ешқайда барамын деген жоқ па еді?

– Кеше кешке бүгін офисте кездесеміз деп келіскен болатынбыз. Таңертең келген жоқ, біліп кел деп жүкшіні жіберіп едім, үйі жабық тұр, автотұрақтан машинасын алыпты. Қорқып отырмын, таңертеңнен бері бір хабарласпауы мүмкін емес қой. Сен жігіттеріңнен білші, мүмкін біреуі көрмесе, біреуі көрген шығар.

– Жарайды, алаңдама, қазір кезекші арқылы бәрін білемін.

Айтқандай, бір сағат өтті ме, өтпеді ме, Володя телефон шалып, Сергейдің қалада екенін хабарлады.

– Оны қайдан білдің?

– Бүгін күндізгі сағат 2-лер шамасында оны Соколовка жақтан келе жатқанда біздің қызметкерлердің бірі тоқтатыпты. Сірә, ішіп алса керек, әкімшілік жауапкершілікке тартылатыны жөнінде хаттама толтырылыпты.

– Содан бері қайда жүр?

– Мүмкін, машинасын басқа жерге қойып, жолдас-тарының бірінің үйінде дем алып жатпаса.

– Телефонды неге алмайды?

– Мас шығар, телефонын бір жерге түсіріп алуы да мүмкін ғой.

– ...

Иә, Сергейдің аузына бірдеме тисе бәрін ұмытып кететіні бар. Нина болмаса, баяғыда-ақ жиған-тергенін шашып бітірер еді. Кеше ғана адам сияқты, “Тауардың келмей жатқаны-ай, жаңа жылдың алдында сауда қызып жүре берер еді” деп істің жайын ойлап отырған секілді

сді, енді, міне, бәрін ұмытып, арақ қуып кете барды. Көп сайқалдарының бірінің үйінде жатуы да мүмкін. Оларды Нина білмейді, бірақ іші сезеді. Екеуінің ресми түрде айырылыспаса да бөлек тұрып жатқандары содан.

* * *

Көпке дейін көз іле алмай әбден шаршап барып ұйықтаған Валентина, қанша уақыт өткенін білмейді, оянып кетті. Ұйқысы қанып қалған сияқты. Қараңғы бөлмеде қыбыр етпей жатыр. Максим қайда жүр екен? Сірә, күйеу болып оңбайды білем. Анада шешесі айтқан еді: “Қызым-ау, көлденең көк аттының етегінен ұстауға неге асығасың, танысқандарың жаңа ғана емес пе, өзі бір емес, екі рет түрмеде отырып шығыпты, байқасайшы” деп. Тындай қоймаған. Түрмеде отырды демесе, жаман жігіт емес сияқты, ешкімде жұмысы жоқ, өзімен өзі малын бағып жүріп жатыр. Содан үш айдай жүргеннен кейін Максим бұған қосылайық деп ұсыныс жасады. “Қайда тұрамыз?” деп еді, шешесінің осындағы бос үйлердің бірін сатып әперетінін айтты. Қазір сол үйде тұрып жатыр. Алғашында айналып, аймалап жанынан шықпаса, осы соңғы айда өзіне оғаш болып көрінген екі оқиға Валентинаны ойландырып тастады. Осыдан төрт күн бұрын Максим жоқта үйге оны іздеп жасы жиырмалар шамасындағы бір қыз келді. Өзін Марина деп таныстырған бейтаныс қыз Максимнің жолдасымен жүретінін, Максимнің екеуін туған күнін атап өтуге шақырғанын, бірақ Олегпен ұрсысып қалып, жалғыз келгенін айтты. Бір түрлі нанымсыздау көрінді. Сонда да танымайтын-білмейтін адамды қалай қуып шықсын, жылы қабак танытып, шайға шақырды. Сол күні Марина бұлардың үйінде қонып қалды. Таңертең оны қаладан такси келіп

алып кетті. Бұл алдыңғыні болған оқиға. Ал кеше Максим үйге қонған жоқ. Таң ата бір-ақ келді. Жалғыз емес, қасында өзімен шамалас бұл танымайтын бір жігіт бар. Екеуі үйге біраз дүние кіргізді. Соның бәрін апыл-ғұпыл қуыс бөлмеге қойды да, бұған ләм-мим деместен, қайта кетіп қалды. Немен келді, немен кетті? Оны да көрген жоқ. Тек таң атып, пешті жаққаннан кейін “Бұл не әкелді екен?” деп қуыс бөлмеге кірген. Үюлі жатқан дүниелерді көргенде, біреу өңменінен итеріп жібергендей, тілі байланып диванға отыра кеткен. Чемодандар мен сөмкелерде не бар екені белгісіз, ашық жатқан телефонды, бейнемагнитофонды, кассеталарды, мылтықты анық көрген. Бұл не дүние? Жаңа көрінгенмен, ұсталған сияқты. Максим сол кеткеннен әлі жоқ.

* * *

Қала абыр-сабыр. Жұрттың бәрі Жаңа жылдың қамына кірісіп кеткен. Ал Нина болса күйеуінің бір хабарын біле алмай әлек. “Кеше оны МАИ қызметкерінің тоқтатқаны рас екен, тіпті наркологиялық диспансерге де апарыпты. Ішкені анық, машинаның техпаспортын қалдырып, әзер құтылған сияқты. ”Одан бері де біраз уақыт өтті ғой, мастығы тарқап, есін жиятындай болды. Әлде, жол апатына ұшырап қалды ма екен? Онда МАИ-дағылар білер еді ғой! Әйтеуір, жай емес”. Ол өзінің дауысы қаттырақ шығып кеткенін аңғармай да қалды.

– Түу, Нина, өзінді өзін мүжгілей бермесейші, ер адам қайда жүрмейді дейсің, келеді, одан да жұмыспен айналысайық, сөз естіп қалып жүрерміз.

Өзімен көп жылдан бері бірге істеп келе жатқан есепші Шолпан Айбекқызы осылай басу айтқанмен, Нинаның жаны жай табар емес. Ол Шолпанға “Телефонды қалдырып, аттап та шықпа” деп қатты тапсырды да, өзінің

қайда баратынын да айтпастан кетіп қалды.

Телефонда дамыл жоқ. Бәрінің іздейтіні Сергей. Кім, не үшін іздеп жатыр ол жағын айтпайды. Шолпан түскі тамаққа бармақ болып киініп шыға бергенде телефон тағы да безілдей жөнелді. Ол “Алайын ба, алмайын ба?” – дегендей, аз-мүз ойланып тұрды да жұмыс орнына қайта оралды.

– Алло! Алло!

– Иә, Киньконың жеке кәсіпорны.

Ар жақтағы ер адам амандық-саулық жоқ. Нөмірі Т 555 ДДН, “Тойота-Корона” 20-шы мөлтек ауданның плотинаға шығар жағындағы көп қабатты үйдің ауласында тұр, – деді де трубканы тастай салды.

* * *

Нинаға белгісіз хабарлаған ауланы тауып алу қиынға соққан жоқ. “Тойота” айтқан жерінде тұр екен. “Таңертеңнен бері қасынан тастамай жүрген ұлы – Жәня машинадан түсе салысымен “Тойотаның” есігін тартып көріп еді, ашылып кетті. Кілтті орнында тұр. Түкке түсінбеген ұлы аузын ашқанша болған жоқ, Нина еңіреп қоя берді.

– Өзім де сезіп едім, сорладық қой, сорладық!!!

– Мама, қойшы қайдағыны айтпай, әкем осы пәтерлердің бірінде шығар...

– Сау болса кілтін машинасында қалдырып кетуші ме еді, өзің қарасайшы, түгел қырау басып кетіпті, кешеден тұрған нәрсе!!!

– Енді не істедік?

– ...

* * *

Тікелей бастығынан шұғыл тапсырма алған қылмысты іздестіру инспекторы капитан Болат Шамғонов серіктерімен бірге кәсіпкер С. Кинько тұратын үйге тез жетті.

Подъезге кіре берісте біраз адам жиналып қалыпты. Бұлар жақындағанда олар ығысып жол берді. Жөн сұрамақ болып бұрыла бергені сол еді, подъезден шыққан орта жастағы ер адам:

– Сіздер полициядансыздар ма, жүріңіздер, Сергейдің пәтері үшінші қабатта, – деп жол бастады.

– Үйде кім бар?

– Ешкім де жоқ, Нинаның жүрегі қысып қалып жаңа ауруханаға әкетті. Мынау жалғыз ұлдары – Жәня, мен көршісімін, екеуміз сіздерді тосып тұр едік.

– Үйге кірдіңіздер ме?

– Нина сұрағаннан кейін балкон арқылы мен кірдім, Сергей ваннада жатыр екен, ешнәрсені қозғаған жоқпыз.

– Жақсы, біз қылмыс орнын зерттеп алғанша сіздер осы маңайда бола тұрыңыздар.

Капитан ваннаға кірмес бұрын серіктерімен үйдің ішін бір шолып шықты. Дүниенің бәрі орнында, шашылып жатқан ештеңе көрінбейді. Диванның алдындағы шағын столда жартылай ішілген коньяктің бөтелкесі, екі рюмка тұр. Тамаққа аса зауықтары соқпаған сияқты, әр нәрсені бір шұқып жепті.

Үй иесі ваннаның ішінде бір жамбастай сұлап жатыр. Мойнына салынған кәдімгі кір ілетін жіптің бір шеті жылу жүйесіне байланыпты.

* * *

Болат Шамғоновтың жұмысқа келгені сол еді, ішкі байланыс телефоны шылдыр ете түсті.

– Капитан Шамғонов тыңдап тұр.

– Болат Еркінұлы...

– Сәлеметсіз бе, полковник мырза.

– Амансыңдар ма, маған келіп кетші.

Зейнел Ғабитұлы Бекетов – Болаттың тікелей бастығы. Оның не сұрайтыны белгілі, кеше кісі өліміне қатысты өзі тапсырған қылмыстық істің жайын білмек қой, сірә. Болат керек болып қалады-ау деген қағаздарын қолтығына қыстырып, бастығының кабинетіне беттеді.

Әлгіндей болмай кіріп келген бұған көзілдірігінің астынан барлай қараған полковник кел отыр дегендей, алдындағы орындықты нұсқады.

Сосын:

– Баяндаңыз,– деді.

– Кәсіпкер Сергей Васильевич Кинько өз пәтерінде біреулердің қолынан мерт болған. Өзі осы қалаға белгілі адам, жасы 45-те, үш бөлмелі пәтерде жалғыз тұрады екен.

– Сараптама қорытындылары дайын болды ма?

– Иә, қылқындырып өлтіргенге дейін біреулер оны қатты соққыға жыққан, басында, денесінде дақ бар, екі қабырғасы сынған. Іске оны жақсы танытын біреулердің қатысы бар сияқты.

– Оны неге сүйеніп айтып отырсың?

– Диванның алдында екі кісі отырып арақ ішкен, ыдыстары, қалған-құтқан тағамдары жиналмай қалыпты. Есік те сау, кілтпен ғана ашылған.

– Екі кісі дейсің бе?

– Иә, столда екі рюмка, екі шанышқы тұрды.

– Кинько өзін айтып отырғанындай, белгілі адам. 2001 жылдың қорытындысы бойынша ол “Жылдың үздік кәсіпкері” атанған, бірнеше дүкеннің иесі. Жас кезінде бокспен айналысқан, қалай ол бір кісіге бой бере қойды екен? Әлде қатты мас болды ма екен?

– Сараптаушылардың айтуына қарағанда, екі кісі жарты шөлмектей ғана коньяк ішкен.

– Таныстарының арасында күдік түсетіндей адамдар бар ма екен?

– Қазір бәрін іздестіріп жатырмыз. Туыстарының, көршілерінің айтуларына қарағанда, араласып жүрген адамдары шамалы көрінеді. Ажыраспаса да әйелінен бөлек тұрады екен. Ұлдары – университеттің студенті.

– Біреулердің тапсырысы бойынша өлтірілуі де мүмкін ғой.

– Пәтерден біраз нәрсенің ұрланғанына қарағанда олай деуге келмейтін сияқты.

– Тергеу жұмыстарын басқа жаққа бұрып жіберу үшін солай істеуі де мүмкін ғой. Әйтеуір, бәрін мұқият тексеру керек. Көмек керек болса, қалаған адамдарынды ал Қайткенде де ізін суытпауға тырысындар.

– Құп болады, полковник мырза, қолдан келгеннің бәрін жасаймыз.

Сол күні Болаттың кабинетінің жарығы түннің бір уағына дейін өшкен жоқ. Басқарма бастығынан шыққан соң ол тура Киньконың фирмасына тартқан. Ондағы ойы әйелімен кездесіп, сөйлесу еді. Әйелі орнында екен. Амаңдық-саулықтан кейін бұған қарап, сұрай бер дегендей, отырып қалған.

– Нина Александровна, біздің жұмысымызды түсінесіз ғой, қылмыскерлер іздерін жасырып үлгергенше қимылдап қалуымыз керек.

– Сұрақтарыңызды қоя беріңіз.

– Сергей Петровичке қастандық ойлайтын жандар бар ма еді?

– Біз бұл қалаға бертін, екі облыс қосылған кезде ғана келдік. Таныстарымыз шамалы. Сосын күнде жұмыс, күн демейміз, түн демейміз. Адам бір түрлі қажиды екен, бертін келе Сергейдің сіркесі су көтермейтін болды. Жоқ

нәрсеге ашуланып, шу шығарады. Ақыры бөлек тұруға келістік.

– Балаларыңыз кіммен қалды?

– Екі ортада жүреді. Баланың аты бала емес пе, біздің проблемаларымызды қайтсін, киімі көк, тамағы тоқ... Тіпті бізден неге бұлай тұрып жатырсындар деп сұраған да емес.

– Күйеуіңіз қылмыскерлерге есікті өзі ашқан секілді.

– Өзімнің де миым жетпей отыр. Кім болса да сеніміңе кірген адам. Әйтпесе, ол беймезгіл уақытта есікті таныстарына да ашпайтын. Сол күні әдеттегідей мені жұмыстан кейін үйге әкеліп тастаған. Арада біраз уақыт өткеннен кейін телефонмен сөйлестік. Қасымда ешкім бар деген жоқ.

Фирмадан шыққаннан кейін Болат әңгіме арасында Нина Александровна әлдеқашан рет аузына алған МАИ-де істейтін Володя Карелинге жолықты. Ол желтоқсанның 23-і күні Нинаның өзіне телефон шалғанын, күйеуінің қайда екенін біле алмай көмек сұрағанын, сосын өзінің кезекшіге хабарласқанын, Сергейдің рөлге арақ ішіп отырып жол полициясы қызметкерінің назарына іліккенін тәптіштеп айтып берді. “Кинько Соколовкаға неге барды екен? Тапа-тал түсте арақ ішіп алғаны несі? Өзі асыға күтіп отырған тауардың түнде келетінін біле тұра, әйеліне танертең жұмысқа келемін деп басқа жаққа кетіп қойғаны қалай?” Осы арада бір үйлесімсіздіктер бар сияқты. Кешікпей ол Соколовка жолында Киньконы тоқтатқан жол полициясының қызметкерін тауып алды. Лейтенант погонын осыдан жарты жылдай бұрын ғана таққан жас жігіт екен. Тәртіп бұзушыны наркологиялық диспансерге апарғанын, жүргізуші өзіндей жас жігіт “жаздым, жаңылдым, ендігәрі аузыма бір грамм да ішім-

дік алмаймын” деп жалынып, жалбарынған соң жүрегі жібіп қоя бергенін айтты.

– Жас дейсің бе, жасы қай шамада?

– Жиырма бестер шамасында шығар.

– Жиырма бес дейсің бе, кескіні, бойы, басқа да ерекше белгілері есінде жоқ па?

– Кескіні ашандау, бойшаң, үстінде қысқа тон...

– Тоқта, тоқта, бойшаң дейсің бе? Сен өзі құжаттарын дұрыстап көрдің бе?

– Қолыма ұстадым. Техпаспортты, сосын жүргізуші куәлігін.

– Аты-жөні есінде ме?

– Кинько Сергей Петрович.

– Тоқта, тоқта.

Болат қағаздарының арасынан мана өзі әйелінен сұрап алған кәсіпкердің суретін алып шықты.

– Мынау ма?

Суретке бір сәт қадала қарап қалған инспектор сәлден соң:

– Жоқ, бұл емес, мынау кексе адам ғой,– деді.

– Міне, міне мәселе сонда болып тұр, Кинько қырық бестен қырық алтыға қараған адам. Ал сен рөлде жап-жас жігіт болды дейсің, құжаттағы адамға ұқсамайтынын аңғармағаның қалай?

– Тіпті ойыма да келмепті, бәрін қолыма ұстата салған соң аса шұқшимап едім. Кінәлімін, кешіріңіз...

– Менен несіне кешірім сұрайсың, өз басшыларыңа түсіндіре жатарсың. Ал қазір уақытың болса наркологиялық диспансерге бірге барып қайтайық.

Лейтенант үнсіз бас изеді.

Диспансердің кезекші дәрігері Кинькоға байланысты толтырылған құжаттың көшірмесін тез тауып берді. Көз

жүгіртіп оқып шықты. Масандау деп жазылыпты. Аяғында таныстым деген сөзден кейін ирелеңдете салған Киньконың қолы тұр. Кейін оны Нина Александровнаға көрсетіп еді, үзілді- кесілді “Бұл күйеуімнің қолы емес” – деді. Бұл оның рөлде басқа адам болды деген ойын бекіте түсті. Әзірше белгісіз жанның қылмысқа қатысы болуы әбден мүмкін. “Ал машина оның қолына қалай түскен? Белгісіз қылмыскер кілтті тапқан күннің өзінде Киньконың машинасын қай тұраққа қоятынын қайдан біледі? Білді-ақ делік, соның өзінде ондағылар танымайтын адамға біреудің машинасын ұстата сала ма?” Осындай ойлардың жетегінде Кинько машинасын қоятын авто-тұраққа келген капитан журналды қарап отырып, желтоқсанның 21-і күні Киньконың машинасын кешкі 8 сағат 30 минутта автотұраққа қойып, үш сағаттан кейін қайта алып кеткеніне көз жеткізді.

– Содан кейін қайта әкеліп қойған жоқ па?

– Ол күні кезекшілікте Алмас деген жігіт болған, мен ешнәрсе білмеймін. Бірақ содан бері Киньконы көргемін жоқ.

– Алмасынды қайдан табуға болады?

– Ол осы арада жақын тұрады. Әлгі әзірде ғана телефон арқылы сөйлескемін, үйінде, керек болса шақырайын.

– Шақыр.

Алмас көп күттірген жоқ. Орта бойлы жас жігіт екен.

– Алмас деген жігіт сіз боласыз ба?

– Иә, иә.

– Осында күзетші болып істейсіз ғой.

– Иә...

– Мен қалалық ішкі істер басқармасы қылмысты издестіру бөлімінің инспекторы Болат Шамғоновпын.

Өзіңе қоятын сұрақтарым бар, бері жақында.

– Желтоқсанның 21-күні түнгі күзетте сен болдың ғой.

– Иә мен болдым.

– Кинько деген азамат сол күні машинасын тұраққа қойды ма?

– Қойды, журналда бәрі жазылған. Бірақ...

– Немесе бірақ?

– Бірақ, өзі әкеткен жоқ, үш сағаттай өткеннен кейін бір жас жігіт келіп, “Машинаны аламын”, – деді. “Иесі қайда?” деп едім, кафеде отыр, мас, үйіне жеткізіп салуым керек, – деді. Құжаттарын көрсетті. Сосын қалай бермейін. Оның үстіне анада бір-екі рет баласы, сосын бірде әйелі де осылай келіп алған. Өзі айтқан шығар, әйтпесе таңертең келіп айғай-шу шығарар еді ғой.

– Жас жігіт дедің бе, суреттеп бере аласың ба?

– Жұқатай келген, талдырмаш, үстінде қысқа тон.

– Күдіктенерліктей ештеңе байқамадың ба?

Алмас сәл ойланып қалды да:

– Байқадым, – деді. – Ол қолындағы пультпен қақпаның ар жағында тұрып-ақ машинаға от алдырғанмен, ә дегенде сол жағына барып отырды, Киньконың машинасының рөлі оң жағында. Осыдан күдік алып қалдым.

– Әлгі жігіт жалғыз келді ме?

– Жоқ, таксимен келді. Таксидің ішінде тағы біреулер болды, бірақ олар машинадан шыққан жоқ. Такси “Тойотаның” соңынан қозғалды.

– Такси деп отырғаның қандай машина?

– Жаңа ақ түсті “Волга”.

– Нөмірі есінде жоқ па?

– Есімде жоқ, осында бір газеттің шетіне жаза салып едім. Одан бері екі кезекшілік өтті. Біреу алып кетпесе, сөзжұмбағы бар еді...

Сол арада олар қуыс-қуысты түгел ақтарғанмен газет табылмады. Күзетші жігіт былай да ойланды, алай да ойланды, бірақ таксидің нөмірін есіне түсіре алмады.

Дегенмен біраз жай анықталған сияқты. Соколовка тас жолында ұсталған адаммен машинаны тұрақтан алып кеткен бір кісі. Машинаны автотұрақтан алып шыққанға дейін тосып тұруына қарағанда бұған такси жүргізушісінің де қатысы болуы ықтимал. Солай десе де ол такси жүргізушісі деген сөздердің жанына үлкен сұрақ белгісін қонжытып қойды. Оны ойланып отырып сызғылап-сызғылап, қалай қалыңдатып жібергенін де аңғармай қалды. Такси жүргізушісі ештеңеден хабары болмаса да “тос” деген соң тосуы мүмкін ғой. Ол да мүмкін. Қалай дегенмен де жүргізушіні іздеу керек. Қалада қазір не көп, такси көп. Жаңа ақ “Волгалар” да қаптап жатыр. Қолыңда дерегің, дәйегің болмаса олардың қайсысына барып соқтығасың. Онда қылмыскерлерді үркітіп алуың да мүмкін. Сосын “Тойотаны” алып кеткен жас жігіт кім? Оның бұрын сотталған адам болуы да мүмкін ғой. Оның машинаны айдалаға апарып, кілтін ішінде қалдырып тастап кетуінде не сыр бар? Жанармайы бітіп қалды деуге келмейді. Әлде біреулерден шошынды ма екен? Әйтеуір, сауал көп. Осылай ұзақ отырған ол ертеңгі атқаратын істерін қойып кітапшасына түртіп алды да орнынан көтерілді.

* * *

Осы істің Болатқа тапсырылғанына бүгін төртінші күн. Бірақ бәлкендей алға жылжығаны шамалы. Дегенмен, бір орында табылжымай тұр деуге де болмайды. Сарапшылардың айтуларынша, Киньконың үйінде үш адам болған. Рюмкадан әйел адамның саусағының іздері табылды. Көршілерін түгел сұрастырып шықты. Бірақ

ешқайсысы сезік туғызарлықтай ештеңе аңғармаған. Бүгін автотұраққа тағы соқты. Түннің бір уағында келіп тоқтаған таксиді автотұрақтың іргесіндегі дүңгіршектің сатушысы да көріпті. “Бірақ нөмеріңе назар аударғам жоқ” деді. “Енді қалада жолаушы тасумен айналысып жүрген бүкіл ақ “Волгаларды” тексеріп шығудан басқа амал жоқ. “Қанша екен, жүз бе, екі жүз бе? Күзетші тым болмаса жүргізушінің жүзін де көрмеген. Қанша дегенмен Қызылжар шағын қала ғой, қазір кәсіпкердің өлімі туралы жұрттың бәрі құлақтанып қалды. Жүргізуші де өзінің автотұраққа кімдерді апарғанын түсінген шығар. “Көрдім деген көп сөз” деп ат-тонын ала қашса ңе істемек? Осылай ойланып отырғанда телефон шылдыр ете түсті.

– Капитан Шамғонов тыңдап тұр.

– Сәлеметсіз бе, ағай. Мен... Мен автотұрақтан телефон шалып отырмын.

– Иә, иә, тыңдап тұрмын.

– Газет табылды, осында машинасын қойып жүрген біреу “Сөзжұмбағын шешемін” деп алып кеткен екен, бүгін өзі әкеліп берді. Таксидің нөмірі Т 117 ҚДН.

Болат өз құлағына өзі сөңе алмай тұр.

– Тағы бір қайталап айтшы.

– Міңе, алдымда жатыр, өз қолыммен жазып қойғам, Т 117 ҚДН.

– Сізге көп рахмет, борыштымын.

Осыдан кейін капитан кабинетінде көп бөгелген жоқ, МАИ-ге телефон соғып Т-117 ҚДН нөмерлі “Волганың” қай фирманыкі екенін біліп алды да, тура бұрынғы такси паркіне тартты.

Өзінің қылмысты іздестіру бөлімінің инспекторы екенін айтып, куәлігін көрсеткеннен кейін диспетчер қыз екі сөзге келген жоқ: – “Иә, Т 117 ҚДН нөмірлі “Волга”

біздің паркке қарайды, екі жүргізуші кезектесіп жұмыс істейді – деп бәрін тәптіштеп айтып берді.

– Желтоқсанның 22-і күні түнде кім жұмыс істеді екен?

– Қазір қарайық, бәрі журналда тіркелген. Желтоқсанның 22-і... Ақанов Марат.

– Ол қазір қайда?

– Таңертең жұмысқа шыққан. Қажеті болса рация арқылы шақырайын.

– Иә, кездесуім керек.

Сол-ақ екен диспетчер рацияның даусын қосыңқырап Ақановты байланысқа шақыра бастады:

– Он екі, он екі!

– Он екі тындап отырмын.

– Сіз қайдасыз?

– 20-шы мөлтек ауданға жолаушыларды әкеле жатырмын.

– Онда босағаннан кейін паркке соғыңыз.

– Жайша ма?

– Түсіндіңіз ғой, кешікпеуге тырысыңыз.

– Жақсы, бес-алты минуттан кейін келемін.

Марат Ақанов отызға әлі еркін тола қоймаған жас жігіт екен. “Света, сәл хабарласпасам мені сағынып қаласың-ау” деп әзілдей кіріп еді, диспетчер: Сізде мына кісінің жұмысы бар көрінеді, – деп капитанды нұсқады.

– Ақанов Марат сіз боласыз ба?

– Иә, менмін.

– Менің атым – Болат, тегім Шамғонов, қылмысты іздестіру инспекторымын, мүмкін болса оңаша сөйлессек.

Капитан осылай өзін таныстырған кезде жүргізуші бірден басылып қалды.

- Өзіңіз біліңіз, демалыс бөлмесі бар, болмаса...
- Сіз қарсы болмасаңыз, осы арадан алыс емес, қалың ішкі істер басқармасына барсақ.
- Барсақ барайық.
- Болат төртінші қабаттағы өзінің кабинетіне көтерілгеннен кейін жүргізушіні қарсы алдына отырғызып, бірнеше сұраққа жауап беруге тура келетінін айтты.
- Асықпай ойланып, нақты жауап беруге тырысыңыз.
- Жақсы.
- Сіз желтоқсанның 22 күні түнде қалалық гимназияның сыртындағы автотұраққа соқтыңыз ба?
- Қазір есіме түсіріп көрейін. Желтоқсанның 22-сі, түнде... Иә, бардым.
- Өз жұмысыңызбен емес, біреуді апардыңыз ғой.
- Екі жігіт, бір қызды апардым.
- Олармен таныстығыңыз жоқ па еді?
- Қызды біраздан бері білетінмін, жігіттерді бір көргенім бар.
- Онда олармен сол күні қалай кездестіңіз, қайда бардыңыз. Соның бәрін рет-ретімен айтып шықсаңыз.
- Біз бір машинада екі адамнан жұмыс істейміз, тәулік сайын ауысып отырамыз. Әдеттегідей, 21-і күні қабылдап алдым. Кешке қарай сағат 10 кезі болуы керек, тамакішейін деп “СМАК” кафесіне соқтым. Қайда болатынымды диспетчерге айтқам. Содан жарты сағаттай өткенде бір жас жігіт келіп: “Сені таныстарың күтіп отыр” деді. Мен оны танығам жоқ, “Кімді айтып тұрсың?”– деп едім, “Сен мені танымадың ба, Колямын ғой, Максим мен Марина күтіп отыр, Жабаяев көшесіндегі 111- үйге бару керек”,– деді. Әлгі жігітті сонда ғана шырамыта бастадым. Осыдан екі-үш күн бұрын Маринаны Богатое селосына апарғанда танысқам.

– Марина кім, оны қайдан білесіз?

– Марина “Комфорт” деп аталатын кафеде істейді, бірде жұмысына апарып тастағам, содан кейін ол такси керек болса ұдайы мені шақыртатын болды. Солай танысып алдық. Бірде ол маған Богатөе селосына барып келетін жұмысы бар екенін айтты. Апарып тастадым да келесі күні алып қайтатын болдым. Айтқандай, келісілген уақытта серігім екеуміз әлгі селоға бардық. Рөлде Александр, ол Богатөе селосының қайда екенін білмеймін деген соң бірге бардым. Маринаны апарып тастаған үйге кірсем, екі жігіт, үш қыз дастарқан басында отыр екен. Марина жігіттермен таныстырды. Максим үй иесі екен, Коля қаладан келіпті. Сол арада отырып, бір-екі рюмкадан арақ іштік. Кетерде Марина: “Коляны да ала кетейік”, – деді. Біз қарсы болғамыз жоқ, қалаға келген соң айтқан жерлерінде түсіріп кеттік.

– Содан кейін оларды көрген жоқсыз ғой?

– Көргем жоқ, керек уақытында Марина өзі диспетчер арқылы шақырып алатын. Әлгі жігітті қасыма отырғызып алып айтқан жеріне келдім. Николай “Машинанды осы жерге қоя тұр” деді де, қараңғылыққа сіңіп жоқ болды. Қай подъезге кіріп кеткенін аңғара алмай қалдым. Бірақ көп бөгелген жоқ, 5 минут шамасында Максим мен Маринаны ертіп қайта оралды. Қолдарында чемодан, сөмке, бірнеше пакет бар екен. Соларды багажникке салайық деді. Машинадан түсіп, багажникті аштым. Сірә, едәуір нәрсе болса керек, сыймай қалған бір сөмкені Николай алдына алып отырды.

– Не нәрсе деп сұраған жоқсыз ба?

– Үшеуін де бұрыннан білетіндіктен сұрамадым. “Қайда барасыздар?” деп едім, “бізді “СМАК-қа” апар, аздап шалып алайық, осында бола тұруға тура келеді, мені

астында күтіңіз” деді. Ақанов кабинетінен шығып кеткеннен кейін астындағы кезекшіге телефон шалып өзінен шыққан жүргізушіні бөгей тұруын сұрады. Өзі бөлім бастығына жолығуға асықты.

Мұның әңгімесін ықылас қоя тыңдаған бөлім бастығы:

– Қылмыскерлердің ізіне шыққан сияқтысың, ендігі іс-қимыл қандай болмақ?– деді.

– Олардың үшеуін бір мезгілде ұстау керек, әйтпесе, біреуін ерте, біреуін кеш тұтқындасақ, сезік туғызып алуымыз мүмкін. Кім біледі, олар бір-бірімен телефон арқылы хабарласып отырған болар.

– Қолымызда қандай айғақ бар?

– Такси жүргізушісі айтқанынан тана алмайды, авто-тұрақ күзетшісі де таниды. Үйлерінен ұрлаған дүниелер де шығып қалар, әзірше еш жерге еш нәрсе түскен жоқ.

– Жаксы, онда жігіттерді алып іске кірісіңіз. Хабарды өзіңнен күтемін.

Капитан Шамғонов бөлім бастығынан шығысымен жігіттердің бір тобын Богатсәға жіберді де өзі кафеге тартты.

Кудряшова бұларды күтіп отырғанындай бір ауыз сөзге келмей сондарына ерген. Ал Николай кафеден алыс тұрмайтын болып шықты. Ол да үйінде екен. Жедел топ мүшелері күдіктінің қолына кісен салғаннан кейін: “Ұрланған заттарды өзің тауып бересің бе, әлде тінту жүргізейік пе?” дегенде, үн-түнсіз кіре берісте аяқ астында жатқан қоңыр сөмкені нұсқады.

– Қалғандары қайда?

– Оны алған кісіден сұраңыздар.

Кешікпей Богатсәға кеткен жігіттер де оралды. Бұрын екі рет сотталған Максим Герасимов қанша әккі, қу

болғанымен ізіме бұлай тез шыға қояды деп ойламаса керек, ұрланған заттарды түгел өз қолымен шығарып беріпті. Сөйтіп одан “Панасоник” бейнемагнитофоны, “Орель” аудиомагнитофоны, қоңыр түсті тон, “Сайга” мылтығы, газбен атылатын пистолет, “Алимко” радиотелефоны, басқа да Киньконың үйінен жоғалған заттар алынады. Бұлардың бәрі, әрине, бұлтартпас айғақтар. Солай бола тұрса да Шамғонов ең алдымен Кудряшовадан жауап алуға ұйғарды.

Кудряшованың көздері бұлауланып ісіп кетіпті. Басы салбырап кеткен, тұмауратқан адамдай ара-тұра мұрнын тартып қояды.

– Аты-жөніңіз?

– Кудряшова Марина Геннадьевна.

– Қайда, қашан тудыңыз?

– 1981 жылы Петропавл қаласында тудым.

– Біліміңіз?

– Сауда колледжін бітіргем.

– Соңғы жұмыс орныңыз.

– “СМАК” кафесінде даяшымын.

– Не үшін ұсталып отырғаныңызды білесіз бе?

– ...

Кудряшова да үн жоқ.

– Осылай отыра береміз бе, шынынды айтсаң жазан жеңілдейді. Бізге бәрі белгілі болып отыр: серіктерің ұсталды, машина, ұрланған заттар табылды. Кінәларыңды мойындарыңа салатын айғақтар жетіп жатыр. Сен айтпасаң ана екеуі сайрап қоя береді. Байқа, ертең бәріңе өзің кінәлі болып шыға келіп жүр ме?..

Капитан осылай деуі мұң екен, Кудряшова еңіреп қоя берді.

– Бәріңе Максим кінәлі, Киньконы өлтірген де сол..

– Сен, немене кәсіпкер Киньконы бұрыннан танушы ма едің?

– Кинькомен бірде біздің кафеге келіп тамақ ішкенде таныскам.

– Иә, сосын?...

– Сосын екі-үш рет кездестік.

– Ал Максим Герасимовты қайдан білесің?

– Онымен де кафеде таныскам. Осыдан төрт-бес күн бұрын Богатсәға туған күніне шақырды. Жалғыз бардым...

– Таксимен бардың ба?

– Иә, осында таныс такси жүргізушім бар, сол апарып тастады. Менен басқа ешкім болған жоқ, бірге тұрып жатқан әйелі бар екен, үшеуміз түннің бір уағына дейін отырдық. Таңертең Максим бір жігіт пен екі қызды ертіп келді. Николай да қалада тұрады екен. Мен оған: “Сағат төрт кезінде қаладан машина келеді, бірге кетейік” дедім. Ол келісті. Сосын тағы да арақ іштік. Мен жұмысқа баратын болғаннан кейін тартыныңқырап отырдым, қалғандары қызып қалды. Біраз отырғаннан кейін қазір келемін деп сыртқа беттеп едім, Максим ере шықты. “Байқа, әйелің қызғанып шатақ шығарып жүрмесін” – деп едім, “Ол жағына алаңдама, бір-ақ ауыз сөзім бар, сіздің кафеге келушілер көп қой, қалтасы қалындау бір ашық ауызды таба аласың ба?” – деді. Арақтың әсері ме екен, ойланбастан келісе кеттім. “Ондай адам бар, бірнеше дүкен ұстап отырған кәсіпкер, менің жақсы танысым”, – дедім. Содан кейін қалада кездескенде Максим маған: “Кинькомен ретін тауып өз үйінде кездесуге тырыс, ол келіссе, маған хабар бер, ар жағын өзім айтам”, – деді. Сол күні Кинькоға телефон шалып, біреуге жүз доллар берешек екенімді, соны сұрап қысып жатқанын айттым.

“Сол да сөз болып па, көмектесемін, қолың тисе кешке үйден келіп алып кет”, – деді. Максимнің жоспары дайын екен. “Сен біраз отырғаннан кейін ретін тауып, есігін ашып жібер, ар жағын өзім білемін” – деді.

Сағат тоғызға қарай Максим екеуіміз Кинько тұратын үйге келдік. Мен оған Сергейдің пәтерін көрсеттім. Ол “Бір айналып келемін, ұялы телефоныңа звондаймын” – деді.

Келіскен уақытта келіп есік қақтым. Сергей Петрович үйде екен. “Жоғары шық, осы сенің көп қыздардан артықшылығың, айтқан уақытыңнан кешікпейсің” – деп күліп алды да: “Не ішеміз?” – деді. “Өзің біл” дедім мен. Ол бардан басталмаған коньяк алып шықты. Біраз отырдық. Ол не ішесің, не жейсің деп бәйек болып, кіріп-шығып жүрді. Сағатқа көз қиығымды салсам онға таялып қалыпты. Мен: “Шиенің шырынын ішкім келеді” – дедім. – “Түу жоқ нәрсені сұрайтының-ай, қазір дүкенге барып келе қояйын” – деді. Сол-ақ екен мен: “Менің жасым кіші ғой, қазір жүгіріп барып келемін” деп шыға жөнелдім. Бұрыштағы дүкеннен шырынды алып үйге беттегенімде телефоным шылдырлады. Максим екен, жағдай қалай? – деп сұрады. Мен: “Келе бер” – дедім.

Сергей Петровичпен тағы біраз отырдық. Сосын ол душқа түсіп алмақ болып, ваннаға кірді. Осы кезде тағы телефон шылдырлады. Максим. – Есік ашық па? – деп сұрады. Мен “иә” дедім. Сөйткенше болған жоқ, олар кіріп келді. Максим жалғыз емес екен, анада өзінің туған күнінде бірге болған Николайды ерте келіпті. Маған: “Төргі бөлмеде отыр, дыбысыңды шығарма” деді де өздері ваннаға беттеді. Ар жағын білмеймін.

– Максим мені үйден алып шыққанда өзінің біреумен төбелесіп қалғанын, соны тәубесіне келтіру керектігін

айтқан. “Үйге қалай кіреміз?” деп едім, “Саспа, онда өзіміздің адам отыр”, – деді. Менің күдігімді сейілту үшін подъезге кіріп келе жатып, телефон шалды. Расында да есік ашық екен. Максим кіріп келген бойда ваннадан шыға берген үй иесін ұрып жығып тепкінің астына алды. Мен де тепкілей бастадым. Сосын қайтадан ваннаға сүйреп кіргіздік. Осы арада Максим одан ақша қайда?– деп сұрады. Мен сонда ғана Максимнің мені алдап әкелгенін түсіндім.

– Азамат Иванов, бұған дейін Герасимовтың шын ойын білгем жоқ дегіңіз келеді ғой, мен сізді дұрыс түсініп отырмын ба?

– Иә, Максимнің жоспарынан хабарым болған жоқ. Үй иесі, жігіттер, үйде ақша сақтамаймын, не керектің бәрін алындар, қалалық гимназияның сыртындағы автотұрақта машинам тұр, кілті қалтамда, керек болса соны да алындар, тек өмірімді сақтандар деп жалбарына бастады. Оған қараған Максим жоқ, кір ілетін жібек жіпті мойнына салып қылқындыра бастады. Мен “Қорқытқан түрі шығар, босатар” деп ойлағам, босатпады. “Бұлай келіскен жоқ едік қой, мұның не?!” – деп ашу шақыра бастап едім. “Енді кеш, сен одан да әнжулі такси жүргізушіні алып кел” деп қолыма біреудің телефоны жазылған бір тілім қағаз бен 200 теңге ұстатты. Диспетчер мен іздеген адамның жаңа ғана кафеге тамақ ішуге кеткенін айтты. Расында да барсам Марат тамақ ішіп отыр екен. Қайта оралып келгенде Максим мен Марина бәрін буып-түйіп қойыпты.

Тергеушінің алдын талай көрген Герасимов та бұлтартпас айғақтардың толып жатқанын түсінсе керек, бәрін өзі айтып шықты.

... – Сонымен кәсіпкер Кинькоға қарақшылық ша-

буыл жасау жөнінде алдын ала жоспар құрған жоқпыз дейсіз ғой.

– Жоқ, бәрі аяқ астынан туды. Өлтіреміз деген ой болған жоқ, қорқытып, азын-аулақ ақшасын алып кетпек болғамыз. Бірақ ол ақша жоқ деген сөзінен танбады. Оның үстіне алысып-жұлысып жүргенде менің бетпердемі жұлып алып, кескінімді көріп қалды...

– Оның машинасын автотұрақтан алып шыққаннан кейін қайда бардыңдар?

– Маринаны үйіне апарып тастадық та Николай екеуміз Богатсқа кеттік. Онда көп бөгелгіміз жоқ, машинадағы заттарды түсіріп, қалаға қайтып келе жатқанда жол полициясының инспекторы тоқтатты. Арақ иісін сезіп қалды білем, бірден наркологиялық диспансерге апарды. Әйтеуір, машинаның техпаспортын алып қалды да қоя берді. Осыдан кейін машинамен жүруге қорқып, 20-шы ықшам ауданындағы бір үйдің ауласына тастап кеттім де автобүспен ауылға бардым.

Болат шаршағанын енді ғана сезгендей. Соңғы күндері сағатқа қарауға мүршасы болған жоқ. Күдіктілер қолға түскеннен кейін жұмыс тіпті көбейіп кетті. Оқиға болған жерді бірнеше рет тексеруге, әр үйді тінтуге, наркологиялық-биологиялық сараптамалар жүргізуге, күдіктілерден, куәлардан қайта-қайта жауап алуға, оларды беттестіруге, тағы басқа жедел шараларды жүзеге асыруға тура келді. Сөйтіп осы бір қанды оқиғада кімнің қандай роль атқарғаны айқындалды. Ең бастысы, қандықол қылмыскерлер бұл жолы бостандықта көп тайрандаған жоқ. Олар өз жазаларын алады. Осыларды ойлағанда ол қанша шаршаса да иығынан бір ауыр жүк түскендей сергіп қалды.

КӨГІЛДІР МАЗДА



Басқарма бастығының қабағы қатулы. Жиналғандарды жанарымен шолып шықты да, бірден іске көшті:

– Бір аптаға бес қарақшылық шабуыл көп емес пе?! Қайда барсаң да: “Қырып-жойып жатыр, полицейлер қайда?” деген сияқты гу-гу әңгіме. Иә, полицейлер қайда? Осылай дәрменсіздік танытып отыра береміз бе? Әлде Астанадан кісі шақыртайық па?... Серік Жанатұлы, сіз не айтасыз?

– Полковник мырза, шынында да шұғыл шаралар қолданбай болмайды. Менінше, жедел топ құру керек.

– Келістік. Жедел топты басқаруды сізге тапсырамын. Жұмыс барысы жайлы күн сайын мені хабардар етіп отырыңыз.

* * *

Қарашаның 11-і күні “Жұлдыз” балабақшасы тоналды дегенде қылмысты іздестіру бөлімінің бастығы Серік Әлиев онша елең ете қоймаған. “Жедел мәліметтерде күн сайын дерлік кісі өлімі тіркеліп жатқанда, 34 мың теңге деген не, жасөспірімдердің ісі шығар”. Жоқ, балабақша күзетшісі Николай Сорокиннің айтуына қарағанда, түнгі “қонақтар” көнігі қылмыскерлер. Олар бетперде киіп кәдімгідей сайланып келген. Біреуінің қолында ұңғысы кесілген мылтық болған. Түнгі екілер шамасында сыртқы есікті бұзып кіріп, мұның аяқ-қолын байлап, ақшаның қайда сақталатынын айт деген. Бұл қайдан білсін. Тепкінің астына алса керек, бет-аузының ісігі әлі басылмапты.

– Неше адам екенін байқадыңыз ба?

– Төртеу. Ішіндегі бойшандауы, дауысына қарағанда, европалық. Бәріне бұйрық беріп жүрген сол.

Келесі күні Смирнов көшесіндегі 131-ші үйдің 14-ші пәтерінде тұратын Герашенколар да осындай күй кешкен.

Таңертеңгі таңғы төрт кезінде жұрт шырт ұйқыда жатқанда үй иесі Мария Ивановнаға балкон жақта біреу жүргендей көрінеді. Қызын оятып, бөлмеден шыға бергенде сау етіп кіріп келген төрт жігіт ауыздарын ашуға шамаларын келтірмей байлап-матап тастайды. Сосын: “Көңе, көрі қарға, жиған-тергенінді шығар, әйтпесе өлтіреміз” деп қыспаққа алады. Мария Ивановна қозғала қоймаған екен, төртпақтау келгені: “Қызынды зорлаймыз, мына жігіт СПИД-пен ауырады”, – деп Люданы жұлмалай бастайды.

– Шыдай алмадым. Осы үйден не керектің бәрін алындар, тек қызыма тимендер, – деп үйде 100 мың теңгедей ақша бар еді, соны алып бердім.

– Сонымен кете қалды ма?

– Қайдан кетсін, үйдің астан-кестенін шығарып, іліп алар нәрсенің бәрін сөмкелерге салып алды. Мына арада 33 мың теңгеге бертін алған “LG” телевизоры, “Самсунг” бейнеплейері, жай магнитофон тұратын, солардың бәрін әкетті. Әйтеуір қас пен көздің арасында тақырға отырғызып кетті ғой.

Мария Ивановнаның өзінің шағын дүкені бар екен. Қызы екеуі ғана тұрады. Соған карағанда, білетін біреулердің сілтеп жіберулері де мүмкін.

– Мария Ивановна, өзіңіз күдіктенетіндей ешкім жоқ па?

– Қайдан білейін, біз ешкіммен аса араласа қоймаймыз. Өзім жұмыстамын, Люда күн ұзақ оқуда.

– Олар пәтерге қалай кіріпті?

– Балкондағы бір терезенің шынысын қопарып алыпты.

– Қолдарында мылтық болды дедіңіз бе?

– Иә, ұңғысы кесілген мылтық, бәрінің қолдарында – бессаусақ.

– Немен жүргендерін байқамадыңыз ба?

– Машинамен, тек түрін, түсін көргем жоқ.

“Түсінікті. Бұл екі қылмыс та бір топтың жұмысы болды”. Оның бұл ойын Алматы көшесіндегі 241-ші үйдің 3-ші пәтерінде тұратын Ахметованың әңгімесі де бекіте түсті. Мұнда да төрт жігіт түн ортасында келген. Бұл пәтерге де терезе арқылы түскен. Жалғыз әйелді сәкіге жатқызып қойып, ақшасын тауып беруін талап еткен. Ақыры дегендеріне жетіп, 40 мың теңгені ақшалай, барлығы 196 743 теңгенің дүние-мүлкін алып кеткен.

Қарақшылық шабуылға ұшыраған басқа пәтерлерден де айғақ боларлық ештеңе табылмады. Бәрінің айта-тындары: төрт жігіт, қаруланған. “Егер кәнігі ұйымдасқан топ болса, алас-күлес қимылдамас еді. Бірақ, артына із қалдырмағандарына қарағанда, көне-жасық деуге де келмейді. Әлде жер шарлаған жолай соққан біреулер ме?”

Серік Жанатұлы осылай, өз ойымен өзі болып отырғанда топ мүшелері жиналып та қалған еді.

– Көне, кімде не бар?– деді ол серіктеріне қарап.

– Соңғы екі түн тиыш өтті, соған қарағанда “төрттік” із суытуға ұйғарған болуы керек,– деді аға лейтенант Азат Мәжитов.

– Мүмкін, олар табандарын жалтыратқан да шығар?!

– Одан біздің жұмысымыз жеңілдемейді. Қайткен күнде де оларды қолға түсіруіміз керек. Бұлар кездейсоқ адамдар емес, қылмыс жолына шындап түскен содырлар. Егер тезірек ұстамасақәлі талай кінәсіз жанды сорлатарлары анық. Әлнұр, сенің не ойлағаның бар? Серік Жанатұлы манадан әңгімеге араласпай үнсіз отырған

капитан Әлнұр Батырхановқа қарады.

– Қылмыскерлер төрт жағдайда жалғызбасты әйелдер тұратын пәтерлерге түскен. Меніңше, олар қаланы жақсы білетін адамдар сияқты. Және “жорыққа” түн ортасы ауа шығады. Түнгі бақылауды күшейтуіміз керек.

– Әзірше біздің қолымызда ілгек боларлық жайлар шамалы. Қылмыскерлер төртеу, қаруланған, көліктері бар. Сіздер тағы да қылмыс орындарына шығып, сол үйлердің тұрғындарымен, жолаушылар тасымалдайтын көліктердің жүргізушілерімен кездесіп сөйлесіңіздер. Мүмкін, есік алдында тұрған машина біреуінің болмаса біреуінің көзіне шалынған шығар.

* * *

Серіктің жастыққа басы тигені сол еді, телефон шылдыр ете түсті. Басқарма бойынша кезекші Сәкен Аязов екен. Оған әлдеқандай жағдай болса, іле маған хабарла деп ескертіп қойған.

– Майор мырза, жаңа ғана Амангелді көшесінің бойындағы жеке меншік дүкеннен хабар алдық. Төрт жігіт дүкенді тонап кетіпті.

– Қазір шығамын. Тезірек машина жібер!

Бұлар тұйық көшенің бойындағы шағын дүкенге келгенде жедел топ іске кірісіп те кеткен екен.

– Майор мырза, дүкеннің иесін алдырдық. Сатушы қыз қатты шошып қалса керек, әлі тілге келген жоқ.

– Жақсы, төңіректі мұқият зерттеңіздер. Сатушымен өзім сөйлесейін. Жол полициясына, “Күзетке” хабар беріңіздер.

Сатушы жиырманың ар жақ-бер жағындағы жас қыз екен. Екі иығы дір-дір етеді. Әңгімені дүкен иесі бастады:

– Дүкенде екі бригада кезектесіп істейді. Светланалар

бүгін ғана қабылдап алған. Өзім де есеп-қисап жүргізілген кезде араларында болып үйге жаңа ғана кеткен едім, – деді ол

– Түнгі күзетші жоқ па еді?

– Түнде сатушылар өздері кілтке жауып алып, сауданы терезеден жасайтын.

– Сонда қылмыскерлер дүкенге қалай кірген?

– Соны өзім де біле алмай жатырмын. Ирина, түсіндірші қалай болғанын?

– Сіз кеткеннен кейін есіктің кілтін салдым да товарларды сөрелерге орналастыра бастағам. Осы кезде біреу терезені қақты. Осы маңайдағылар болмаса, бізді басқалар көп мазалай қоймайды. Біз олардың бәрін танимыз. Ойымда ештеңе жоқ, терезені аштым. Біреу екі ауыз сөзге келмей, 500 теңгені ұсына берді. Ақшаға қол соза бергенім сол еді, әлгі білегімнен шап беріп ұстады да тарта жөнелді. Есімнен танып қала жаздадым. “Жан керек болса, есікті аш” деді. Қолымды сындырып барады, шыдай алмай ашып жібердім. Төрт жігіт екен. Есікті іштен жауып алды да: “Ақша қайда?” – деді. Мен әлгі әзірде ғана дүкенде есеп жүргізілгенін, түскен ақшамызды иеміздің алып кеткенін айттым. Сөзіме сенді ме, сенбеді ме, мені бұрышқа қарай итере салды да, қолдарына не түссе, соны өздерімен бірге ала келген кәдімгі базардағы саудагерлер ұстайтын сөмкелерге сала бастады. Кетерлерінде маған: “Дыбысыңды шығарсаң, өлесің”, – деді.

– Қандай бір ерекше белгілерін байқаған жоқсың ба?

– Жоқ, есім шығып кетті. Беттерін жауып алыпты.

– Магазинге немен келді? Машина көзіңе түскен жоқ па?

– Машинаның дауысын естідім, бірақ көргем жоқ.

Серік Жанатұлы таңертең жұмысқа келгеннен кейін кешегі жайды бастыққа хабарлап шықпақ болып орнынан көтеріле бергені сол еді, капитан Әлнұр Батырханов кіріп келді. Кейде ол бастығын шенімен атамай “Секе” дейтін, сонысына басып:

– Секе, машина табылды, – деді.

– Қайда? Иелері ұсталды ма?

– Жоқ. Мен кеше сізден шыққаннан кейін Смирнов көшесіндегі 131-ші үйге барғам едім. Пәтерлерді түгел дерлік аралап шықтым. Ақыры іздегенімді таптым. Геращенконың пәтеріне қарақшылық шабуыл жасалған түнде сол үйде тұратын Ермұрат деген жігіт, өзі жеке меншік машинасымен жолаушылар тасымалдайды екен, түнде бір жұмысымен үйіне келіпті. “Екінші подъездің алдында машина тұрғанын көрдім. Нөміріне қарағам жоқ. Бірақ маркасы “Мазда–626” екенін білемін. Түсі көкшіл”, – деді.

– “Мазда”, көкшіл дейсің бе, онда тезірек сол машинаны іздеуіміз керек. Бірақ жігіттердің бәріне ескерт, іздеген машинамыз көзге шалынып қалса, ешқандай шұғыл әрекет жасалмасын. Тура өзіме хабарлаңдар.

Хабар кешкі жетілер шамасында ғана түсті.

– Секе! – Әлнұрдың дауысы. – Біз іздеген машина Мир көшесіндегі жатақхананың алдында тұр.

– Жақсы, алыстан бақылаңдар, көз жазып қалып жүрмеңіздер.

Содан Әлнұрдан он бірге дейін ешқандай хабар болған жоқ. Серік Жанатұлы үйге қайтпақ болып алдында жатқан қағаздарын жинастыра бастады. “Жігіттер неге хабарласпай жатыр? Әлде басқа машина болып шықты ма екен?” Сөйткенше болған жоқ, телефон шылдырлады.

– Алло! Алло!

– Майор мырза, жатақханадан төрт жігіт шығып “Маздаға” отырып жатыр. Қолдарында сөмкелері бар.

– Біз қазір шығамыз. Көзден таса қылып алмаңдар.

“Мазда” қаланың теріскейіндегі айналма жолға түсіп Омбыға бет алды.

– Бесінші! Бесінші!

– Тыңдап отырмын.

– Бесінші, “Мазда” қаладан шығып кетті. Жол полициясының қосынына хабарласып, сол арада ұстасак қайтеді?

– Оныншы, күдіктілерді бөгеменіздер, қазір оларды ұстауға негіз жоқ. Машина біздікі, олар ешқайда кетпейді. Бүгін болмаса, ертең ұстаймыз. Әзірше бақылап көрейік.

Айтқандай, “Мазда” Александровка деген елді мекеннің тұсына келгенде жүрсін баяулатып, онға бұрылып кетті.

– Бесінші! Бесінші! Машина Александровкаға бұрылды.

– Аса жақындамаңыздар!

Александровка деген шағын село. Серік Жанатұлы онда дүкен бар-жоқ екенін де білмейді.

Селоға орталық көшемнен кірген “Мазда” іле келесі көшеге ауысып, бұрын клуб болған үйдің алдына аялдады.

– Оныншы, Александровкада дүкен бар ма?

– Дүкен жоқ, үйінен сататын адам бар.

– Онда сендер сол кәсіпкердің үйіне жақынырақ барып, күтіңіздер. Біз қалаға шығатын жолда боламыз. Егер жағдай өзгерсе дереу хабар беріңіздер.

– Жақсы.

Өздеріне қолайлы жерді тандап алған полицейлердің екі көзі кәсіпкердің үйінде. Әзірше сезік туғызарлықтай ештеңе байқалмайды. Сәлден соң жақын маңайдағы

үйлердің жарықтары бірін-бірі өше бастады.

– Қозғалды!– деді бір кезде Сергей қасында отырған Әлнұрды түртіп.

– Кәне, кәне?

– Жарығын өшіріп тастады білем, жаңа ғана жалт ете түскен.

Машина баяу жылжып келіп сатушының үйінің алдына тоқтады. Машинадан түскен үш адам аулаға кіріп кетті де, жүргізуші орнында қалып қойды.

– Бесінші! Бесінші, күдіктілер сатушының үйіне кірді, біреуі сыртта қалды.

– Бақыландар. Қазір біз де келеміз.

– Бесінші, рөлдегі де үйге кіріп кетті.

– Келе жатырмыз. Үйге баса-көктеп кіруге болмайды. Олардың не жұмыспен жүргенін білмейміз ғой.

– Жеті қараңғы түнде не жұмыспен жүр дейсіз.

Полицейлер үйді қоршап алды. Барлық бөлмелердің жарығы жанып тұр. Бірақ үйдің ішінде не болып жатқаны белгісіз.

Мұндайда уақыт өте қоя ма. Жастар жағы шыдамсыздана бастады:

– Олар жылы үйде шай ішіп отырған шығар, ал біз болсақ...

– Шай ішіп отыр ма, жай отыр ма? Енді не болса да шығуларын күтеміз.

Қанша уақыт өткенін кім білсін, бір кезде үйдің жарығы жалп етіп сөнді.

– Дайындалындар, қазір шығады. Бұйрықсыз ешқандай әрекетке бармаңыздар.

Сыртқы есік ашылып, үйден жалғыз адам шықты. Қолында үлкен сөмке. “Ол есік алдында әлденеге құлақ

түргендей сәл-пәл тұрды да, сөмкесін машинаға салып, қайтадан үйге кіріп кетті.

– Дайындалыңдар! Үйден шығысымен машинаға жеткізбей аламыз. Майор аузын да жауып үлгерген жоқ, есік сарт етіп ашылып, төрт жігіт көшеге шыға берді. Сол-ақ екен Серік Жанатұлының:

– Полиция! Тырп етпендер! – деген үні саңқ ете түсті.

Түн торауылдаған төртеу, сірә мұны да күтпеген болуы керек, шынында да тырп ете алмай қалды. Тасадан атып-атып шыққан полицейлер оларға ес жиғызбай қолдарын арттарына қайырып үлгерді. Сарт-сұрт кісен салынды.

– Асығыссыздар ғой, бір жаққа көшіп барасыздар ма?!– деді Әлнұр Батырханов кекесін үнмен.

Жігіттерде үн жоқ.

– Ешкімнің шығарып салмағаны қалай? Әлде қоштасуды ұмытып кеттіңіздер ме? Оларыңыз ұят емес пе? Жарамайды, үйге кірейік.

Топырлай үйге кірген полицейлер үй иелерін көре алмаған. Осы кезде түкпір бөлмеден ыңырсыған дыбыс естілгендей болды. Қарақшылар әйелі мен күйеуін байлап, ауыздарын скотчпен жапсырып тастапты. Үрейге толы көздері әне-міне шараларынан шығып кететін сияқты.

Үй иесі елудің үстіндегі азамат, қанша дегенмен біразды көрген адам болуы керек, есін лезде жинады.

– Мен облыстық ішкі істер басқармасы қылмысты іздестіру бөлімінің бастығы Серік Әлиевпін. Осы оқиғаға байланысты сіздермен әңгімелесуіміз керек.

– Сұрай беріңіз.

– Мына жігіттерді сіздер білесіздер ме?

– Бұрын-соңды көрген жандарым емес. Жатқанша

сыртқы есікті ілгешекке ғана жабушы едік. Қалай ашқандарын білмеймін, кіріп келіп, мылтық кезенгесін айтқандарына көнуге тура келді. Айналымдағы азды-көпті ақшамызды місе тұтпады білем, көз көрер жерде тұрған біраз дүние, киім-кешекті салып алды.

– Әлнұр Есләмұлы, көршілерді оятуға тура келеді. Қазір солардың көз алдында мына сөмкелердегі заттарды тізімге алу керек.

Қарақшылар қолдарына түскеннің бәрін сөмкелеріне сала беріпті. Ішінде сатуға деп әкелінген товарлар да бар. Енді бір сөмкеден төрт бетперде, төрт бессаусақ, пышақ, мылтық, бірнеше орам скотч шықты.

* * *

Үйге таң ата бір-ақ оралған Серік Жанатұлы дұрыстап көз шырымын да алып үлгерген жоқ. Жуынып-шайынып, күндегі әдетімен бір шәшке шайын ішті де жұмысына беттеді. Бүгін жұмыс бастан асып жатыр. Жыл қорытындысына арналған жиналыста есеп беруі керек. Кеше төрттікпен айналысуды Әлнұрға тапсырған. Оны да назардан тыс қалдыруға болмайды.

МЕЗГІЛСІЗ АТЫЛҒАН МЫЛТЫҚ



...Бұл олардың әрбір қимылын бағып тұр. Ана екеуі болса алаңсыз, осы өңірде өздерінен басқа жан жоқтай әлденеге ішек-сілелері қатып күледі. Қолдарындағы ыдыстарын бұлақ суына толтырып алды. Содан кейін бір сәт көкжиекке іліккен күннің көзіне қарап тұрып қалды.

– Ертең жаңбыр жауады,– деді қыз.

– Жоқ, ашық болады. Әжем: “Күн қызарып барып батса, ертеңіне ашық болады” дейтін, көрдің бе, көкжиекте шөкімдей де бұлт жоқ.

Дауыстары анық естіліп тұр. Қыз сөз таластырған жоқ. Екеуі баспалдақпен жоғары көтеріле бастады.

Бұл аялдаманың тасасынан шыға келгенде бірінші болып қыз көрді.

– Андрей!!!

Мылтық гүрс ете түсті. Жігіт құлады. Мылтық тағы да атылды. Қыздың шамасы екі аттауға ғана жетті. Ол кәнігі аңшылардай жүгіре басып алдымен қызға жетті. Демі үзіліп кетіпті. Жігіт ыңырсығандай болды. Тірі екен. Ол жалма-жан мылтығын қайта оқтады да шүріппені басып қалды.

* * *

Бүгін Қадіржан қаладан кештеу шықты. Сағат онда теледидардан футбол бар, үлгеруі керек. Нақ осы кезде оның ойына Зияштың “Суды ұмытпа” деген сөздері түсті. Зияш – Қадіржанның келіншегі, ауылдағы орта мектепте мұғалім. Ал бұл болса ауылда екі қолға бір жұмыс табылмағандықтан күн сайын қалаға шапқылап, жолаушылар тасымалдап жүр. Бәрі күнкөрістің қамы.

Жолда қысы-жазы жылап ағып жататын бұлақ бар. Бірде соған бұрылып үйіне су ала барған. Содан бері бұлақтың суы болмаса Зияштың тандайына шай таты-

майтын болды. “Не қыласың, қанша асықсан да бұрылу керек. Жолдан онша алыс емес, бес жүз метрдей ғана”. Осылай ой құшағында ~~әне-міне~~ дегенше бұлақтың тұсына келіп қалған ол өзінің қалай бұрылғанын да байқамады.

Ойында ештеңе жоқ, ақ “Волгаға” қатарласа бергені сол еді, жүрегі су ете түсті.

Машинаның алдында екі бірдей адам сұлап жатыр. Біреуі әйел сияқты. Ол тоқтаған жоқ, келген ізімен кері тартты. Ойы астан-кестен: “Не болды екен? Өлі ме, тірі ме? Мен қайда барам, біреуге хабарлау керек қой”.

Әлгіндей болмай үлкен жолға жеткен ол қалаға қарай келе жатқан “Ниваға” тоқта деп белгі берді. Тани кетті. Өзінің ауылдасы Виктор Ковалев.

– Не болды, машинаңның бірдемесі жарамай қалды ма?

– Сұрама, Виктор, бұлақтың басында біреулер өліп жатыр.

– Не дейді?!

– Рас, жаңа су ала қояйын деп бұрылып едім, “Волга” тұр, қасында бір әйел, бір еркек жатыр.

– Тірі ме екен?

– Тіпті білмеймін, зәрем ұшып кетті. Машинадан түскем жоқ. Енді ~~не~~ істейміз?

– Не істейміз, ~~мен~~ жолда Кондратовкаға соғып полицияға хабар берейін, ~~сен~~ осы арада тос.

– Әлгі байғұстар тірі болса көмек керек шығар, соларға бара берсем қайтеді?

– Жок, мүмкін оларды біреу өлтіріп кеткен шығар. Полиция келгенше ол жерге жолауға болмайды. Қазір біреулер бұлаққа бұрыламыз десе де ескертіп, ешкімді жіберме.

– Жарайды, бірақ, ~~сен~~ тезірек хабар бер.

“Бұлақ басында екі кісі өліп жатыр” деген хабар алысымен облыстық ішкі істер басқармасының қылмысты іздестіру бөлімінің бастығы полковник Ермек Қайсаровтың өзі жедел топты басқарып жолға шыққан. Содан олар басқармаға түннің бір уағында ғана оралды. Қараңғы түсіп кеткендіктен оқиға орнын жан-жақты зерттеу мүмкін болмады. “Оқиғаның анық-қанығына жеткенше бұл араға ешкімді жолатпандар” деп екі жігітті күзетке қалдырып кетті. Келісімен аға инспектор Кәкен Әлімовті іздеген. Әйтеуір, үйінде екен. “Мен жұмыста отырмын, қазір машина жіберемін, тез жет”, – деді.

Майор Әлімов – басқармадағы тәжірибелі қызметкерлердің бірі. Оған тапсырылған істің ашылмай қалғаны шамалы. Кеше ғана көптен іздеуде жүрген аса қауіпті қылмыскердің қолына кісен салып еді, мына істі де соған тапсыру керек.

– Полковник мырза...

– Кел, кел, Кәкен, шұғыл шаруа бар, төсектен тұрғызуға тура келді, рәңжімессің.

– Бірінші рет емес қой.

– Жаңа ғана Ишимге барар жолдағы бұлақ басынан оралдым. Сол жерде белгісіз біреулер, жалғыз адам болуы да мүмкін, екі кісіні өлтіріп кетіпті. Аңшы мылтығымен атқан. Мерт болғандар 25-30 жас аралығындағы жастар. Бұлаққа су алуға бұрылған сияқты. Қазір дереу іске кірісіп олардың кім екендерін анықтау керек. Біз барғанда “Волганың” жүк салатын бөлігінің қақпағы ашық тұрды. Машинадан да, мерт болғандардың қалталарынан да ешқандай құжат табылмады. Қылмыс тонау мақсатымен жасалған деуге келмейтін сияқты. Өйткені жігіттің де, қыздың да қолдарындағы қымбат сақиналары, киімдері

орнында. Оқиға болған жерге күзет қойып кеттік, Ертең таңертеңнен бастап мұқият зерттеу керек.

– Ертең емес, бүгін.

– Иә, таң атуға да жақындап қалыпты ғой.

* * *

Көкең кабинетінде жалғыз. Ойланып отыр. Таң атысымен оқиға болған жерге барды. Криминалистер де сонда екен. “Волганың” жанынан 12-ші калибрлі аңшы мылтығының үш гильзасы, оқ-дәріні тығындаған киіз, қағаз қиындылары, басқа да ілгешек боларлық біраз дүние табылыпты. Ол төңіректі түгел шолып шықты. Оқиға болған жерден жарты шақырымдай жерде омарташының қосы бар екен. Онда да соқты. Жасы елулер шамасындағы орта бойлы орыс күзетке кеше кешке келгенін, сағат нешеде екенін нақты білмейді, күн батуға таяп қалғанда бұлақ жактан мылтық дауысы шыққанын, бір емес, екі рет атылғанын, бірақ “аңшылар шығар” деп онша мән бере қоймағанын айтты.

Әзірше басқа куәлар табыла қойған жоқ. Жәбірленушілердің кім екендері анықталды, кәсіпкер Андрей Тарасов пен оның қалыңдығы Наталья Прохорова екен. Андрейдің әкесінің айтуына қарағанда, баласының қол сөмкесі, “Эриксон” деп аталатын ұялы телефоны жоғалған.

– Балаңызға біреу қастандық жасауы мүмкін бе?

– Андрей кәсіпкер деген аты болмаса көп ақшаның ортасында жүрген адам емес. Пәтері мен машинасын өзіміз әпергеміз. Сотқарлығы да жоқ. Үйленбек болып, той камымен жүрген.

Әзірше белгілі жайлар осы ғана. “Екі бірдей жанды жайратып кеткен қаныпезер кім? Не үшін өлтірді?” Ойын

тұмшалап алған осы бір сұрақтардың жауабы оңайлықпен табылмайтын сияқты.

* * *

– Көкен, әнеуі іс не болып жатыр?

Бастығының осы сұрақты бүгін болмаса ертең қоятынын Көкеннің іші сезетін-ді. Өйткені оқиға болғаннан бері бір ай өтті, бірақ, ол қылмыскердің ізіне шыға алған жоқ.

– Полковник мырза, сот-медициналық, баллистикалық сараптамалар жүргізілді. Алғашында қылмысқа бір адамның ғана қатысы бар ма деп ойлап едік, қазір...

– Қазір немене?

– Оқиға болған жерден алғашында үш гильза тауып едік, кейін тағы төртеуін таптық. Сараптама үш гильзаның бір мылтықтан, төртеуінің басқа қарудан атылғанын анықтады.

– Мезгілсіз атылған мылтық даусын естіген адам бар, күдікті, күдіктілер дейміз бе, ешкімнің көзіне шалынбаған. Жердің астына кіріп кетті ме, болмаса ұшып кетті ме?

– Соған өзіміз де таң қалып отырмыз. Адам көп жүретін жазғы уақыт. Қанды оқиғаның үстінен алғаш шыққан адам – Уткинода тұратын Қадіржан Арнұров деген жігіт. Өзінің айтуына қарағанда, ол бұлақ басына жиырма минутсыз онда келген. Егер күдікті көлікпен жүрсе, асфальтқа шықса Арнұровтың көзіне шалынар еді. Ал дала жолымен кетсе міндетті түрде омартаға соғуға тиіс. Соған қарағанда ол жаяу жүрген адам. Аңшы болуы да мүмкін.

– Маусым айында қандай аңшылық?

– Ауылдағыларға маусым да, қыркүйек те бәрі-бір. Қай күні көңілі соғады, сол күні мылтығын асынып, орманға немесе көлге тартады.

– Демек...

– Сол маңайдағы ауыл-селоларды да байқау керек сияқты.

– Дұрыс айтасың, учаскелік инспекторлармен кездес. Бұрын сотталған адамдар болса, байқа. Келіп-кетіп жатқандардың арасында күдік туғызарлықтай адамдар болды ма екен. Бәрін анықтау керек. Айтпақшы, әлгі оқдәріні тығындаған қағаздың қалдығын сараптамаға бердім деп едің, одан бірдеме шықты ма?

– Біреуінде мөрдің жұрнағы қалыпты. Аяғындағы “ка” деген екі әріп анық көрінеді.

– “Ка” дейсің бе? Елді мекен атының соңғы әріптері болса ше? Ол маңайда “ка”-ға аяқталатын қандай ауыл-село бар. Мылтық оқтауға ешкім жаңа кітапты жыртпайды, бұрынғы кеңшар, ұжымшарлардың атауы да болуы ғажап емес. Қалай болған күнде де қимылдату керек.

* * *

“Ка”, “ка”... Бірнеше күннен бері Кәкеннің ойынан осы екі әріп шықпай қойды. Бұлақты жағалай қоныстанған алты селоның екеуі “ка”-ға аяқталады екен. Веселовка бұлақтан алты шақырым, оның ар жағында Пресновка тиіп тұр.

Ол алдымен Веселовкаға соғуға ұйғарды. Шағын селода учаскелік инспектор жоқ болып шықты. Сондықтан “бір білсе сол білер” деген оймен осындағы мектептің директорын іздеді.

Танысқаннан кейін директордан селоның жайын сұрады.

– Шағын село ғой, бәрі алақандағыдай, – деді директор. – Жастар жұмыссыз, түн болса селең-селең, өздері де ұйықтамайды, жұртқа да тиыштық бермейді. Жай қы-

дырса бір сәрі ғой, араққа үйірлер көбейіп барады.

– Маусым айының орта кезінде сіздің селоға бөтен ешкім келген жоқ па?

– Маусым дейсіз бе, маусымда мен демалысымды алып Өскеменге қайын жұртыма барып келген едім. Сондықтан ештеме айта алмаймын. Бірақ, қам жеменіз, селодағы жаңалықтардың бәрін Пелагея Ивановна біледі. Үйі осы маңайдан алыс емес, жүріңіз.

Пелагея Ивановна жасы алпыстың үстіне еркін шыққан етженділеу келген адам екен. Әңгімеге бірден үйіріле кетті.

– Маусымның орта кезі дейсіздер ме? Иә, иә, осында бір жігіт жүрді. Өзі екі аптадай болды.

– Кімнің үйіне келді?

– Нестеренко Николаймен жүргенін көргем.

Осыдан кейін Кәкен Нестеренкоға жолығуға асықты.

– Нестеренконы қайдан табамын?

– Қайда болушы еді, үйінде шығар. Қазір жұмыс жоқ, бәрі үйде ғой. Аңға кетпесе үйінде болады.

– Ол не, аңшы ма еді?

– Осындағылардың бәрі аңшы.

– Сізге көп рахмет.

– Алла жолдарыңды оңғарсын.

Бұлар келгенде Нестеренко биесін жегіп қойып, қақпасын ашып жатыр екен.

– Жол болсын, Коля, – деді директор.

– Қолдағы ұсақ малға шөп шауып әкелейін деп едім.

– Мына кісі қаладан келіпті, сенде жұмысы бар көрінеді.

– Сізді аңшы деп естідім.

– Қайдағы аңшылық, қар түскенде бір-екі рет із кескенім болмаса, көп шыға қоймаймын.

– Мылтығыңыз бар ма?
– Сізбен таныспадық қой.
– Кешіріңіз, қылмысты іздестіру бөлімінің аға инспекторы Кәкен Әлімовпін.

– Мылтығым, аңшылық билетім бар, жарнасын уақытында төлеп тұрамын.

– Қарсы болмасаңыз, үйге кіріп көрсек.

– Жүріңіз, жүріңіз, бәрі заңды, тіркелген.

Бұрышта тұрған темір сейфті ашқан үй иесі не дерін білмегендей, бұған жаутандап қарай берген.

– Нина! – деп айғай салды.

– Нина, бері келші, мылтығым қайда?

– Сен білмесең, мен қайдан білемін. Аанада Саша алып еді ғой, әкеліп пе еді?

– Е, бәсе, қайда кетті десем, сол алған екен ғой.

– Саша кім еді?

– Қалада тұрады, жамағайын. Аанада келіп қиылып сұраған соң, көңілін қалдырмайын деп беріп едім.

– Құжаттары үйде шығар, көруге бола ма?

– Қазір, қазір...

Үй иесі сейфтің ішіндегі бүкіл қоқыр-соқырды алып шықты. Кәкеннің көзі сыртқы мұқабасы жартылай жыртылған журналға түсті. Ол журналды қолына алып, ақтарыстырып қарай бастады.

– Әйелім бухгалтер болған. Колхоздың керексіз болып қалған ескі журналы ғой, патрон оқтауға пайдаланып жүрмін. Оқ пен дәрінің арасына қағаз саламын да, бетін киізбен нығарлаймын.

– Туысыңыз қашан келіп кетіп еді?

– Нақты есімде жоқ, сол маусымның 13-14-і кездерінде-ау деймін.

– Одан бертінде көрген жоқсыз ба?

– Жок, мылтықты бір аптадан кейін әкеліп беремін деп еді, әлі жоқ. Аса қажет бола қоймаған соң есімнен шығып та кетіпті.

– Сіз қарсы болмасаңыз, мына журналды, киізді, патронды өзіммен бірге ала кетсем. Кейін өзіңізге қайтарып береміз.

Майор осылай деуі мұң екен Нестеренко қызарактай бастады.

– Тыныштық па, әлгі Саша бірдеңені бүлдіргеннен сау ма өзі?!

– Әзірше ештеңе айта алмаймын...

* * *

Соңғы сараптаманың қорытындысын оқып шыққан Кәкен айғайлап жібере жаздады. Өз көзіне өзі сенбегендей қайта-қайта оқыды. “№801 сараптама қорытындысы. Қылмыс орнынан табылған оқ тығындағыш Нестеренконың үйінен алынған киізден жасалған. Қағаз да, тығындағыш та журналдан алынған. Жазу бір адамдыкі”.

Демек? Демек, Нестеренконың мылтығын алып кеткен Усовтың осы қылмысқа қатысы болуы әбден мүмкін. Енді соны іздеу керек.

Усов Александр Дмитриевич, 1979 жылы туған, ұлты орыс, білімі орта, еш жерде жұмыс істемейді, Каманин көшесіндегі 191 үйде тұрады.

Шешесі Александрды біраздан бері көрмегенін айтты. Осында Осипова Екатерина деген бір келіншекпен көңіл қосып тұрып жатқан. Екеуі осы үйге де келіп тұратын. Бірақ, соңғы кезде көрінбей кетті. Білетіндердің айтуларына қарағанда, айырылысып кеткен сияқты.

– Қайдан табуға болады?

– Қайдан білейін, біраз уақыт Кондратовкада тұрған.

Бір келгенде “Осында жатақханаға орналастым, біреудің жеке меншік автобусында кондуктор болып істеймін” деген.

– Балаңыз колледжде оқыды дедіңіз бе? Жақын араласатын жолдастары бар ма еді?

– Осы аулада тұратын Новиков Жәңия, Дремасов Юра жиі келетін.

Әлімов Усовтардың үйінен шыққаннан кейін бірден Осипова сатушы болып істейтін “Стиль” магазиніне бет алды. Шағын дүкенде халық онша көп емес екен. – Осипова мен боламын, – деді жасы жиырма бестер шамасындағы талдырмаш келіншек.

– Менің аты-жөнім Кәкен Әлімов, қылмысты іздестіру инспекторымын. Сізбен әңгімем бар еді.

Осипова екі ауыз сөзге келмей – орнына әріптесін қалдырды да, оны қуыс бөлмеге бастады.

– Мен Усов Александрды іздеп жүрмін. – деді Кәкен.

– Сашаны мен көрмегелі екі айға жақындап қалды.

Онда да терезеден, сыртынан ғана.

– Қашан, қайда көрдіңіз, асықпай айтып шықсаңыз.

– Саша екеуіміз ресми тіркелмесек те үш жылдай бірге тұрдық. Бірақ, шешесі не нәрсеге болсын араласа берді де, ақыры айырылысып тындық. Алғашқы кезде келгіштеп жүрді. Келгенде ылғи ішіп келеді. Сосын мен үйге мүлде кіргізбей қойдым. Соңғы рет маусымның орта кезі ғой деймін, иә, сол кез. Күндіз біреу есік қақты. “Кімсің?” – деп едім, “Менмін, аш”, – деді. Даусынан таныдым, Саша. Ішіп алыпты, тілі күрмеліп сөйлей алмайды. Ашпадым. Содан ол үш-төрт сағат үйдің маңын айналшықтап кетпей қойды. Терезеден сығалап қарап едім, үстіне қысқа жең “Аидас” деген жазуы бар жейдеше киіп алыпты, аяғында кроссовка.

– Сосын?
– Сосын жүрді-жүрді де кетті. Содан бері келген жоқ.
– Екатерина Семёновна, Александрмен үш жылдай бірге тұрдым дедіңіз ғой, оның жақын жолдастары болды ма?

– Новиков екеуінің жұбы жазылмайтын, техникумда да бірге оқыған.

– Новиковтың қайда екенін, немен айналысатынын білмейсіз бе?

– Білемін, осы арадан онша алыс емес, “БЭСТ” деп аталатын компьютер клубында істейді.

Новиков та жұмыс орнында болып шықты. Неге екенін кім білсін, “Мен – тергеушімін” дегенде қызарақтап қалды.

– Сізден Усов Александр жайлы білейін деп едім.

– ...

– Евгений, сіздің есіміңіз Евгений ғой.

– Иә, иә!

– Усов жайлы не білесіз? Оны қайдан табуға болады?

– Саша қазір бұл қалада жоқ.

– Соңғы рет қайда, қашан көрдіңіз?

– Қай күні екені есімде жоқ, маусым айының іші болуы керек, әйтеуір күн шыжып тұрған, сағат он бірлер кезінде біздің үйге келді. Үсті-басы салтақ-салтақ. Өзінде өң-түс жоқ. Шай қойдым. Сосын: “Саған не болған? Көрінбей кетіп едің, қайда барып келдің?” – дедім. “Жағдайым жаман, маған киім, ақша керек”, – деді. Бір жейдешем бар еді, соны бердім, 500 теңге ұстаттым. Сосын екеуміз отырып шай іштік. Кетерінде ол біздің үйден Юраға телефон шалды. Бірақ, көп сөйлескен жоқ.

– Юра кім, Дремасов па?

– Иә.

– Содан кейін Усовты көрген жоқсың, қайда екенін білмейсің?

Новиков ойланып қалды. Сәлден соң ғана:

– Көрген жоқпын, бірақ, осыдан он күндей бұрын Нижний Тагильден телефон шалды. “Шешеме сәлем айт, туған күні еді менің атымнан құттықташы” – деді.

– Нижний Тагиль дейсің бе. Онда оның кімі бар еді?

– Ол жағын білмеймін. Тек соңғы рет кездескенде сол қалада тұратын ескі танысымыз Грачевтің әкесінің атын сұраған.

Дремасов мардымды ештеңе айтқан жоқ. Одан да киім, ақша сұраған. “Көптен көрінбедің ғой” деген екен, екі аптадай ауылдағы туыстарында болғанын айтыпты.

* * *

– Сонымен қылмыскер анықталды, Нижний Тагильге кісі жіберу керек дейсің бе? Ал егер Усовтың осы іске ешқандай қатысы болмай шықса не істейміз?

– Полковник мырза, меніңше, айғақтар жетерлік. Біріншіден, Усов маусымның 13-і күні Веселовкада болған. Қандай ойы болғаны белгісіз, туысының мылтығын сұрап алып кеткен. Сараптама көрсеткеніндей, оқиға болған жерден табылған патрон, оған пайдаланған нәрселердің бәрі Нестеренконікі. Оны иесі де таныды. Куәлардың айтуларына қарағанда, аяғында кроссовка болған. Ал бұлақ басынан алынған іздің кроссовканікі екенін сараптамашылар айтып отыр. Енді табылса бедерін салыстыру ғана қалды. Сосын оның жеделғабыл киімін ауыстырып, Ресейге тартып отыруы да тегін емес.

– Қазір кім қайда кетпей жатыр?

– Сосын оның шілденің 15-і күні Новиковтың пәтеріне телефон шалғаны да рас екен. Қалалық телефон станциясының берген анықтамасы бар.

- Новиковпен не жайында сөйлесіпті?
 - Шешемнің туған күні еді, құттықтай салшы депті.
- Әлі жұмысқа орналаспапты.
- Жақсы, онда ертең жүріп кету керек. Кім барады?
- Біреуді жібереміз бе, әлде?
- Өзімнің барғаным жөн болар.
 - Жақсы, келістік.

* * *

Андрей Тарасов пен Наталья Прохорованы өлтірді деген айыппен қылмыстық жауапкершілікке тартылған Александр Усовтың ісімен танысып шыққан судья Есен Кәдіровке оның нүктесі тез қойылатындай көрінген. Тергеушілердің төккен тері текке кетпеген сияқты. Нижний Тагиль қаласында тұтқындалған Александр Усов алғашқы жауап алуда бәрін мойындаған. Бірақ, соттың алғашқы мәжілісінде Усов тергеу барысында берген жауаптарынан айнып, өзінің бұл қылмысқа қатысы жоқ екенін, тағылған кінәларды мойнына алуына тергеушілердің мәжбүр еткенін мәлімдеп, басқаша сөйлей бастады. Судья жасы жиырмадан жаңа ғана асқан, бұрын сот алдын көрмеген жаннан мұны күткен жоқ еді.

– Айыпталушы Усов, сіз сол күні, сол сағатта бұлақ басында болғаныңызды мойындайсыз ғой.

– Иә, мойындаймын.

– Болған оқиғаны өз көзіңізбен көрдіңіз ғой.

– Көрдім.

– Онда Тарасов пен Прохорованы кім өлтірді? Болған жайды толығырақ баяндап берсеңіз.

– Май айының аяқ кезінде Веселовка селосында тұратын туысымның үйіне қонаққа бардым. Екі аптадай болғаннан кейін үйге қайтарда Николайдан аңға барамын деп, 12 калибрлі қосауыз мылтығы мен алты патрон

сұрап алдым. Мылтықты бөлшектеп ақ түсті полипропилен қапқа салдым да, күн кеш болса да Түменнен өтетін автобусқа үлгерем бе деген үмітпен жолға шықтым. Бірақ, автобус болмады. Қас қарая бастады. Оның үстіне жаңбыр жауды. Не де болса кері қайтпайын деп шок қайынды паналадым да сол жерде түнеп қалдым.

Оянсам, күннің көзі едәуір көтеріліп қалыпты. Сағатым болмағандықтан уақыттың қай мезгіл екенін біле алмадым. Тағы да жолға шықтым. Бірақ, көпке дейін ешкім тоқтамады. Ақыры ВАЗ-2110 маркалы автомашинаның жүргізушісі қалаға ала кетуге келісті. Машинаның түсі жасыл, мемлекеттік нөміріне назар аударғам жоқ.

Таныстық. Жүргізуші: “Олегпін”, – деді, қасындағы серігі масандау екен, өзін Валерий деп таныстырды. Сөздерінен аңғарғаным, Пресновкада бір таныстарының туған күнінде болып, содан шығып келе жатқан беттері екен.

Біраз жүргеннен кейін машинаның доңғалағы жарылып қалды. Оны ауыстырғаннан кейін Олег: “Бұлақ басына соға кетейік”, – деді. Бұл кезде күн кешкіре бастаған. Келсек ауыр салмақты екі жүк машинасы тұр екен. Олег солардың біреуінің жүргізушісінен темекі сұрап алды. Содан кейін ол: “Сәл ауқаттанып алайық”, – деп капоттың үстіне тамағын шығара бастады. Арақ қойды. Осы арада едәуір тұрып қалдық. Әңгіме барысында аңшылық туралы сөз қозғалды да, мен жігіттерге мылтығымды көрсеттім. Сосын қайтадан бөлшектеп, қапқа салдым да артық орындыққа тастадым. Мылтықты алғанда патрондар шашылып қалыпты, кейін алармын деп жинағам жоқ.

Арақтың әсері ме, өзімді жайсыз сезіндім де жігіттерге: “Қазір келемін” деп жақын тұрған ағашқа сәндім. Бір кезде бұлақ жақтан шыққан айғай-шуды естідім. Кешікпей бірнеше рет мылтық атылды. Машинаға жүгіріп

келсем Сергей Валерийдің қолындағы мылтықты жұлқылап ала алмай жатыр екен. Мылтықты алғаннан кейін лақтыра салды да, Валерийді күштеп машинаға отырғызып, алды-артына қарамай кетіп отырды. Сонда ғана алаңда ақ түсті машина тұрғанын аңғардым, қасында біреу жатқан сияқты көрінді. Бірақ, адам деп ойлағам жоқ. Мылтықты алдым да жолдағы көпірдің тұсында суға лақтырып жібердім. Қалаға келгеннен кейін бір-екі досыма кіріп шықтым да ертеңіне Нижний Тагильге жүріп кеттім.

– Онда кімнің бар еді?

– Жақын туысым жоқ, бір таныс жігіт бар еді, соны сағалап бардым.

– Айыпталушы Усов, сізден осыған дейін төрт рет жауап алыныпты, құбыла беруіңізді қалай түсінуге болады?

– Алғашында тергеушілерге осы жайды айтқам. Бірақ, олар: “Енді ешкім Сергей мен Валерийді іздемейді, бәрін мойныңа алсаң жазан жеңілдейді, туыстарыңмен кездесуіңе мүмкіндік жасаймыз” деген соң айтқандарын істеуге мәжбүр болдым.

– Сонымен ешкімді өлтіргем жоқ дейсің ғой?

– Иә, қылмысқа қатысым жоқ.

– Отырыңыз, онда куәларды тыңдайық.

– Нестеренко Николай Петрович, осы іске қатысты сіз не білесіз?

– Айыпталушы Александр Усов менің туысым. Маусым айында біздің үйде екі аптадай болды. Кетерінде 12 калибрлі қос ауыз мылтығымды сұрап алды. Алты патрон бердім. Оқтарды өзім үйде жасағам. Дәріні ұжымшардан қалған ескі журналдан жыртып алынған қағазбен тығындадым.

– Бұлақ басынан табылған патрондар сіздікі екенін мойындайсыз ғой.

– Иә, үшеуі менікі. Менің патрондарымның таңбасы бар.

– Әзірше сізге сұрағым жоқ, отырыңыз.

– Азамат Новиков, соңғы рет сіз айыпталушы Усовпен қайда, қандай жағдайда кездестіңіз?

– Маусымның 14-і кезі болуы керек, ол мені үйге іздеп келді. Ішінкіреп алыпты. Екеуміз тағы ішітік. Біраздан кейін ол мас бола бастады. Сосын өзінің полициядан қашып жүргенін айтты. “Не болды?” деп едім. “Кеше аңнан келе жатып Ишимге шығар жолдағы бұлаққа соғып жуынып жатқанымда қасында қызы бар жігіт келіп: “Суды неге лайлайсың” – деп итеріп жіберді. Баспалдақпен алаңға көтерілдім де тосып тұрдым. Олар машиналарына жақындай бергенде екеуін де жайратып салдым. Қараңғыда патрондарымды таба алмай қалдым”, – деді.

– Сіз қылмысты іздестіру инспекторына берген жауабыңызда Усовпен кездескеніңізді айтқанмен, оның “кісі өлтірдім” дегенін аузыңызға алмайсыз. Бұл қалай?

– Рас, ол жолы мен Усовпен арада болған әңгімені тергеушіге бастан-аяқ айтқам жоқ. Біріншіден, ол мас болды. Сосын тергеуші маған оны неге іздеп жүргенін айтқан жоқ. “Қажетсіз әңгімені текке бықсытып қайтемін” деп ойлады.

... Усовтың ісі қаралып жатқалы бүгін бесінші күн. Куәлардың дені тыңдалды. Олардың сөздері де, табылған заттай айғақтар да Усовтың кінәлі екенін дәлелдей түскендей. Оны айыпталушының да іші сезетін сияқты. Алғашқы күнгідей емес жүні жығылып, жағалай отырғандарға жаутандауы көбейіп барады. Іштей өзімен-өзі

арпалысып отырғаны анық. Бірақ, судьяның оны асықтырғысы жоқ.

Сөз прокурорға берілді. Айыптаушы бұлақ басындағы қайғылы оқиғаға Усовтың қатысы бар екенін, оның қылмысын мойнына салатын айғақтардың жетіп артылатынын айта келіп: “Усовтың жастығын, бұрын қылмыстық жауапкершілікке тартылмағанын ескере келіп, оның жазасын жеңілдетуге болар еді. Бірақ, ол жалған сөйлеп, сотты адастыру ниетінен қайтпай отыр. Сондықтан оған жазаның ең ауырын тағайындау керек” деуі мұн екен, Усов: “Мен өлтірдім!” деп айғайлап жіберді.

– Мен өлтірдім!!! Мен өлтірдім!!!

–Айыпталушы Усов, тынышталыңыз. Сізге сөз беріледі, қажет деп тапсаңыз бәрін сонда айтасыз.

– Мен өлтірдім!!!

Ол сылқ етіп отыра кетті.

Прокурордан кейін Усовтың қорғаушысы сөз алып, айыпталушының жастығын, жүйкесі жұқара бастағанын айтып, сот мәжілісін кейінге қалдыру керек деген ойдың ұшығын шығарды. Сот төрағасы өз шешімін айтып үлгергенше Усов:

– Бәріне мен кінәлімін, маған сөз беруіңізді өтінемін, – деді.

– Жаксы, айта беріңіз.

– Веселовкадан шыққан соң мен жаяулап, күн бартардың алдында бұлақ басына келдім. Беті-қолымды жуып алайын деп еңкейе бергенім сол еді, “суды неге лайлайсың” деп біреу кимелей жөнелді. Қасында қызы бар екен. “Соның алдында қоқиланып тұр ғой” деп ойладым да: “Сен, немене, бұл жерді сатып алып па едің” деп ығыса қоймадым. Сол-ақ екен ол мені итеріп жіберді. Оның күші менен басым екенін сездім де одан әрі ілегіспей баспал-

дақпен жоғары көтеріліп кеттім. Бірақ, әлгі жігіттің бой-жеткеннің алдында мені қорлағаны қанымды қыздырып жіберді. Аялдаманың тасасына барып мылтығымды оқтап алдым да олардың жоғары көтерілуін күттім. Ар жағында не болғанын сіздер білесіздер...

АЛА БИЕНІҢ ӘЛЕГІ



Кешке жұмыстан оралған бетім еді, алдымнан неме-
рем Батырхан жүгіре шығып:

– Ата, ала бие жоқ,– деді.

– Тор бие мен күрең үйде ме?

– Иә, оларды жаңа ғана әкеліп қамадым. Ала биені
іздеп бармаған жерім жоқ, осы маңайда болса көзіме
шалынар еді...

Ала бие бір ғана құлындаған жас мал, көктемде Есіл-
дің ар жағындағы Леденево селосынан Германияға көш-
келі жатқан бір немістен сатып алып едім. Өзі торы болса
да оң жақ бүйіріндегі ақ таңбасына қарап Ала бие деп
атап кеткеміз. Оның үстіне төрт аяғы тұяқтан жіліншікке
дейін ақ. Үнемі тұсаулы жүретін. “Қайда кетуі мүмкін?
Басқа бір үйірге қосылмаса?”

Сол күні жел теріскейден соғып, екі кештің арасында
қара дауыл көтерілмесі бар ма. “Таңертең өзі бір жерден
шығар” деп іздей қоймадық.

Содан Ала бие келесі күні де, одан арғы күндері де
қарасын көрсете қоймады. Көршіміз Болаттың торы бай-
талы да жоқ болып шықты.

– Біздікі құлынынан қолға үйренген мал еді, күнде
кешке үйге өзі келетін, біреу айдап әкетпесе жарайды ғой,
– деп Болат күдігін жасырмаған.

Менде уәж жоқ. Өйткені Ала бие сырмінез мал емес.
Әкелгеннен бері екі биенің соңында жүретін. “Қайда кетуі
мүмкін? Әлде, жылқы малы үйренген жерін ұмытпайды
деуші еді, Леденевосына тартты ма екен?” Осы оймен елу
шақырым жердегі Леденевоға барып, жылқышылармен
сөйлесіп, тұрғындардан сұрастырып жарты күнімді өт-
кіздім. “Көрдім” деген бір жан жоқ.

Қаланың дәл іргесіндегі біз тұратын Озерныйды Есіл

орап өтеді. Демек, өз бетімен кеткен мал солтүстік-шығысқа қарай ғана беттейді.

“Табылып қалар” деген үмітпен алғашында ешкімді дүрліктіре қоймап едік. Тіпті болмаған соң аудандық ішкі істер бөліміне хабарладық. Ондағылар өтінішімізді алып қалды.

– Оларға сенбеңдер, жай да жұмыстары бастан асып жатыр.

Жанашырлардың осы сөздерінің де жаны бар-ау деп ойладық. Өйткені, теледидарды іске қоссаң болды, күнде еститінің атыс-шабыс, ұрлық. Бөлімдегі саусақпен санарлықтай ғана қызметкер сенің биенді іздей ме, солармен күресе ме?! Оларды да түсінуге болады. Ақыры, не керек, жұмыстан сұранып, биемді өзім іздеуге бекіндім. Адал ақы, маңдай термен келген мал ғой. Оның үстіне “Бәлен-шенің биесін үйінің іргесінен аузын аңқитып алып кетіпті” деген алып-қашпа сөздерден кейін намысым да қайнап кетті.

Кеш болса “Тисе терекке, тимесе бұтаққа” дегендей таныстарға телефон шаламын. Хабар жоқ. Тіпті біраздан кейін Ала бие жоғалғалы неше күн өткенін де жаңыла бастадым.

Осылай дел-сал болып жүргенімде құқық қорғау органында істейтін бір танысым:

– Кешегі мәліметте жүр. Ресейден ұрланған бес жылқымен бері өтпек болған үш жігіттің екеуі ұсталып, біреуі қашып кетіпті, – деді.

– Қай ауылдың жігіттері екен?

– Үшқұдықтікі.

Үшқұдық біздің селодан төтесінен жиырма-ақ шақырым. Бұрын бір-екі рет болғаным бар, шағын ғана ауыл “Ана жақтан жолы болмаған соң, көзіне бірінші іліккен

менің биeмді мініп кетуі мүмкін-ау” деген ой сап ете түсті де Үшқұдыққа тартайын. Ресей шекарашыларына ұс-
татпай кеткен жігіттің аты-жөнін біліп алғам. Үшқұдық-
қа кіре бере көшеде кездескен жасы алпыстар шама-
сындағы ер адамнан Асхат Мәліковті қайдан жолық-
тыруға болар екен деп сұрадым.

– Сонымен бір аптадан бері көргем жоқ, – деді ол
Сосын шегір көздерін маған қадап:

– Немен, жылқыңыз жоғалды ма,– деді.

Қуанып кеттім. “Адасып осы ауылға келіп қалған ғой”
деген оймен белгілерін айта бастадым.

– Торы бие, оң жақ бүйірінде ақ таңбасы бар, күйлі.
Сіздің ауылдың жылқысына қосылмасын?!

– Жоқ, ондай жылқы көргем жоқ. Іздеп жүрген адамын
осы маңайды қан қақсатқан нағыз барымташы. Сосын
сұрап жатқаным ғой. Ол өзі менің туған жиенім. Әке-
шешесі мына үйде тұрады.

Үйелмелі-сүйелмелі кемпір-шал диванның үстінде
отыр екен. Амандық-саулықтан кейін балаларының қайда
екенін сұрадым.

– Соны өзіміз де біле алмай отырмыз. Бір апта бұрын
қаладағы апасына барып келем деп кетіп еді, әлі жоқ.

Қарттарды текке шошытпайын деп не жұмыспен жүр-
генімді айтпадым. Тек кетерде қаладағы қыздарының
қайда тұратынын сұрап алдым.

Салып ұрып қалаға келсем, мен іздеген Асхат мұнда
да жоқ екен.

– Болған, қазір Озерныйда нағашым үйінде,– деді
апасы.

– Озерный да?! Мына іргедегі Озерныйда ма?

– Иә, иә.

– Мен сонда тұрамын ғой, нағашысы кім еді?

– Бейсенбаев Мырзап, дүкеннің қасында тұрады.

– Е, білем, білем.

Жасы отыздар шамасындағы талдырмаштау келген жігіт есік алдында жүр екен.

– Сіздің үйде Асхат бар ма? – деп едім, – Асхат – мен боламын, – деді.

– Ендеше, сенімен әңгіме бар.

– Айта беріңіз.

– Бірнеше күн болды бір бием жоғалып сергелдеңге түсіп жүрмін.

– Оны ~~мен~~ неге сұрайсыз?

– Мүмкін, көрген шығарсың, көрмесең көргендерді білетін шығарсың?

Көргем жоқ, өзім осы ауылға келгенім жаңа.

Асхатым кісіге тура қарамай сөйлейді екен. Секем алып қалдым. “Дәу де болса осының қолынан келіп отыр. Бірақ, әрі қарай қысуға дәлел жоқ”. “Бала, ойлансайшы” деп кетіп қалдым.

Кейін Мырзапмен көрші тұратын, әйелі мектепте менің әйеліммен бірге істейтін Сәрсеннен сыр тартып едім. “Ол бала осында бір аптадан бері жүр. Бір келеді, бір кетеді”, – деді.

“Ұры – Асхат!” Осы бір-екі сөз миыма шегеленді де қалды. Әйтпесе, ол “бүгін ғана келдім” деп өзінің осы ауылда бір аптадан бері жүргенін неге жасырады? Сол біреуге шығарып беріп отыр, болмаса осы маңайда бір жерге тығып қойып отыр.

Мұндайда ақыл айтатындар көбейіп кетеді ғой. Біреулері: “Анда кетуі мүмкін, мында кетуі мүмкін” десе, енді біреулері: “Енді әуре болма, ол кеткен жылқы” деп жігерімді құм қылады. Сексен мың теңгеге сатып алған семіз биеден айырылу оңай ма, таңертеңнен кешке дейін

машинадан түсу жоқ. Біраздан кейін әйелім ұрса бастады: “Таста, қой енді, соған ғана қарап отырғамыз жоқ қой. Садақа, балалар аман болсын”.

Мырс етіп күліп жібердім.

– Немесе жетісіп күлесің?!

– Жай, ертеректе болған бір оқиға есіме түсіп кеткені. Ана өзіміздің Төкеннің Сейіт деген атасы осы өмірге аты шыққан аңшы болыпты. Ит ұстап, құс салады екен. Бірде қыстыгүні сол кісінің бір керемет итін бір үйір қасқыр қамап жеп қойыпты. Содан әлгі шал кәдімгідей өкіріп жыласа керек. Сен сияқты кемпірі “Балалар аман болсын, ит табылар” деп жұбатса, “Әй, атаңның аузын бәлкі қылайын, балаларды айтты ғой, қайран, Құтжолым-ай!” деп бой бермейді дейді. Жылқы табылар, балалар аман болсын. Бірақ, соны балаларымның аузынан жырып әкеткен адам, дәл қазір күліп отыр ғой. Іздемей болмайды. Таппасам, өкініші кетпейді.

– Ізде, ізде...

Өстіп әйеліммен тәжікелесіп отырғанда ауылдағы ақсақалдардың бірі Балтекең келе қалмасын ба.

– Немесе, Қадіржан, биің жоғалды дей ме?

– Бір аптадан асты, бармаған жерім жоқ. Таба алмай жатырмыз.

– Жас мал ма еді?

– Жас, бір-ақ рет құлындаған.

– Онда ол осы маңайда, ешқайда кетпейді. Мына Есілдің бойындағы жыңғылдардың ішінде шығар. Жер от, суы қасында. Сен алдымен сол жақты бір сүзіп шық.

“Осы да бірдеңе білетін шығар” деп түстен кейін күрен биеге мініп, Балтекең айтқан жаққа беттедім. Жолай кездескенің бәрінен: “Бие көрдің бе?” – деп сұраймын. Бәрі бас шайқайды. Тіпті Қарғалының арғы бетінде тұратын

сігәннің үйіне дейін бардым. Алаңқайға екі жылқысын арқандап қойып, қамшы өріп отыр екен:

– Бұл жаққа бөтен мал келген жоқ, – деді.

“Түрін-түсін сұрамастан жұлып алғандай жоқ дегеніне карағанда осының қолынан келмесін”. Жоқ. Жоқ. Қорасын барып тінтпеймін ғой”. Салым суға кетіп үйге келдім. Көптен атқа салт мінбегендікі ме, аттан түскенде белімді жазып, аяғымды баса алмай қалдым.

Жайшылықта басымыз онша қосыла қоймаушы еді. Ала бие жоғалғаннан бері ағайын-туған кеш болса біздің үйге жетіп келетін болды. Айтатындары белгілі: “Не хабар бар?” Хабар жоқ, жердің астына кіріп кеткен сияқты. Әлде қанат бітіп аспанға ұшып кетті ме екен?

Шай ішіп отырмыз. Күйеу балалардың бірі газеттерге, телефондарға хабарландыру беру керек деді. Ол да дұрыс екен деп таңертең қалаға соғып, хабарландыру бердім. Ала бие, төрт бақайы ақ. Бір хабарын бергендерге сый-ақым дайын.

Бие ұшты-күйлі жоғалғалы бүгін оныншы күн. Аудандағылардан хабар жоқ. Не бітірді екен, білейінші деп өзім бардым. Бір жас жігітке берген екен.

– Бүкіл учаскелік инспекторларға хабарландырдық, – деді.

– Олар іздеп жатса жарайды ғой.

– Өзім де шығар едім, бірақ, көлік жоқ.

– Мен көлікпен жүрмін.

– Қайда барамыз?

– Мына бетті түгел аралап шықтым. Енді Тоқшынға дейінгі ауылдарды бір шолып шықсам ба деймін.

– Бұл екі ортада қандай ауылдар бар?..

– Лебединсө, Ивановка.

– Лебединсәда нәбәрі он шақты-ақ үй қалды, тура Ивановкаға барайық.

Ивановкаға келісіммен учаскелік инспекторды іздеп едік, таба алмадық. Селолық округтің әкімі бір иман-жүзді адам екен, аяушылық білдіріп:

– Осы селода ет дайындаумен айналысатын бірнеше адам бар, кеше Қасымовтардың кішісі: “Қалаға ет апарайын деп едім, анықтама бер” деп келіпті, ал біздің есебіміз бойынша оның малы жоқ, бермедік. Осында жылқысы көп екі шаруа қожалығы бар, соларға да соға кетіндер, – деді.

Қанша дегенмен, полицияның аты полиция ғой, қорқады, біраз үйдің қақпасын қақтық, біраз үйдің қорасына кірдік. Не жұмыспен жүргенімізді естіген ауылдың бір тұрғыны: “Ондай малды ешкім қорасында ұстамайды. Баяғыда сойып тастады. Бір жылқы деген не, тәйірі. Былтыр мына оң жақтағы көршімнің бес жылқысын бір түнде жоқ қылып жіберді” деген.

Шаршадым. Күдер үзейін дедім. Күзгі уақыт қой. Әлгіндей болмай қараңғылық түсіп кетеді. Аудан орталығына бет алып келеміз. Лейтенантым: “Бөлімде жұмысым бар еді, жеткізіп саларсыз” деген. “Түк бітірмесе де күні бойы қасымда салпандап жүрді ғой, жеткізуім керек”.

Аудандық ішкі істер бөлімінің қасынан қозғала бергенім сол еді, ішінен жүгіріп шыққан кеспелтектеу келген жігіт машинамен қатарласа жүгіріп “Тоқта!” дегендей белгі берді.

– Ағай, мына Вознесенкада бір жылқы тұрған көрінеді. Қазір баруымыз керек.

– Сағат он бір болды ғой, біз жеткенше он екі болады. Таңертеңге қалдырсақ қайтеді?

– Жоқ, танертеңге дейін жоқ қылады. Жету керек. Сіз сігәндарды білмейсіз ғой.

– Жақсы, отырыңыз. Түр-түсін сұрадыңыз ба?

– Телефонмен хабарлады, түк естілмейді. Әйтсеуір, бөтен жылқы дегенін түсіндік.

Вознесенка қанша жақын болса да, айтқандай, он екіде келдік. Учаскелік инспектор жас жігіт екен, оның өзін тауып алу бір күш болды.

Кондратовтың үйі селоның ең шетінде екен. Беймезгіл уақытта есік алдына екі машина тоқтай қалғанда үйдегілер әбігерге түсіп, бөлмеден бөлмеге жүгіре бастады. Терезеден бәрі көрініп тұр. Сәлден соң жарықты бір сөндіріп, бір жаға бастады. Жоқ іздеген адам күдікшіл болады екен. Сол сәт осы үй ұрылардың ұясындай көрінуі бар емес пе. Биік табылғандай елегізіп отырмын.

Ақыры үй иесі де сыртқа шықты-ау. Сақалы қауғадай орта жастағы адам екен. “Абыржыған түрі жаман, биімді сойып тастамаса жарайды ғой”.

– Сіздің үйде бөтен жылқы бар дейді ғой, – деді жаңа жолда келе жатқанда өзін қылмысты іздестіру жөніндегі аға инспектор Нұрқан Бәкіровпін деп таныстырған жігіт.

– Кім айтты?

– Естідік.

– Бөтен жылқы жоқ, бүгін мына көрші ауылдан сатып алдым.

– Торы ма?

– Торы.

– Жүр, көрсет.

Үй иесі “Қазір қораның кілтін алып шығайын” деп үйіне қайта кірді.

Қораның есігін шынжырмен шандып кілттеп тастапты. Құлыпты аша алмай көп бөгелді. Қолы дір-дір

етеді. “Осы ұрлап отыр. Өзі ұрламаса, айдап әкеткен адамнан сатып алған”. Күдігім қоюланғаны соншалық, биіе табылғандай шаршағанымды да ұмытып кеттім.

Торы бие менікі болмай шықты. “Жок, бұл бие менікі емес, менікінің оң жақ бүйірінде ағы бар” дедім. Сондағы үй иесінің қуанғанын көрсеңіз. “Тригорийден сатып алып едім. Ол мені алдауға тиіс емес”, – дейді.

* * *

Ала бие жоғалғалы бүгін он бесінші күн. Теледидардан хабарландыруым күнде жүріп жатыр. Өзім болсам, күдерімді үзе бастадым. “Баяғыда сойып жеп қойған шығар. Әйтпесе, бір жерден шығар еді ғой”. Тіпті қайда барарымды да білмеймін. Осылай дел-сал болып отырғанымда телефон шылдыр ете түсті. Қалада тұратын күйеу балам екен.

– Сүйінші! Биеніз табылды, бүгін отынға бара жатқанда Талғат пен Қайрат ағаштың ішінде байлаулы тұрған екі биені көріпті.

– Аузыңа май, қай жерде екенін көрсете ала ма?

– Жас балалар ғой, қорқып жылқыларға жақын дамапты.

– Сосын?

– Екі сағаттан кейін қайта келсе, биелер манағы орнында болмай шығыпты.

Осы әңгімеден кейін күйеу баламды, Қайрат пен Талғатты салып алып, биелер байлаулы тұр деген жерге барайын.

– Өздерің анық көрдіңдер ме?

– Міне, осы жолмен ағашты жанай өттік. Екеуі де торы, біреуінің бүйірі – ақ.

– Белгілері келіп тұр. Сонда қайда кетулері мүмкін?

Әлдебіреулер осы арада дем алып, сосын әрі кетті ме екен. Олай дейін десем, екі жылқы ұзақ тұрғанға ұқсайды, маңайының бәрін таптап тастапты.

Тағы да қас қарайып кетті. Амал жоқ, үйге оралдым. “Әйтеуір, тәубе, бием алысқа ұзамаған сияқты. Бұйырса табылып қалар. Өзімді өзім осылай жұбатып жастыққа бас қойғаныммен түні бойы дұрыс ұйықтай алмай шықтым.

Таңертең аудандық ішкі істер бөліміне соғып, қасыма Нұрқан Бәкіровты ертіп алдым да қаланың күнгеіндегі орман шаруашылығына тарттым. “Мүмкін, бос жүрген жылқыларды біреуі ұстап алған шығар. Болмаса, көрген адам табылып қалар”.

Поселкенің шетінде кездескен бірінші адамға не жұмыспен жүргенімізді айтып:

– Осы маңайда жүрген бөтен жылқы көзіңізге түскен жоқ па?– деп сұрадық.

– Түсті,– деді ол бірден. – Кеңседен кейінгі үшінші үйде Портушкин Петр тұрады. Кеше түс кезінде бәріміз жабылып ұстап іздеген біреу болса келер деп байлатып қойғамыз.

– Түрлері қандай?

– Екеуі де торы, жас малдар, біреуінің бақайлары – ақ.

Портушкин жасы алпыстан асқан шал екен. Рұқсат сұрап үйіне кірдік. Кемпірі екеуі терезенің алдында шай ішіп отыр. Амандық-саулықтан кейін Нұрқан:

– “Жоқ іздеп жүрміз. Сіздер кеше екі биені ұстап байлап алды деген соң келдік”, – деді.

Менің екі көзім шал-кемпірде. Олар болса бірін-бірі жаңа көргендей, жанарлары түйісе қалыпты. Тіпті полицейдің әлгі сөзін естімеген сияқты. Меніреу адамдай тіл қатар емес. Шыдамым таусылып:

– Бие іздеп жүрміз, кеше сіздер ұстап алыпсыздар ғой,
– дедім.

Сонда ғана кемпірі:

– Ұстағанымыз рас, бірақ, түнде иелері келіп алып кетті, – деді.

Мәссаған! Иелері дейді, тағы да менің бием болмай шықты ма?

– Түрің, түсін айтып бере аласыздар ма?

– Екеуі де торы, біреуінің мандайында кішкене қасқасы бар. Екіншісінің бүйірі – ақ. Түс кезі ғой деймін, есік алдында жүр едім, біреуі шауып келіп аулаға өзі кірді. Басында ноқтасы бар, тізгіні салбырап жүр. Жақындап келіп едім, қашқан жоқ. Біреу айырылып қалған ғой деп есік алдына байлап қойдым. Содан бес минут өтті ме, өтпеді ме, ана Иванның үйінің сыртынан кісінеген дауыс естілді. Торы байтал екен. Көршілер бар қаумалап оны да ұстап алдық. Иван: “ Қораға кіргізіп байлап қой, теледидарда бірнеше күннен бері хабарландыру жүр, белгілері келіп тұр телефон шалып хабарла, сыйақы аласың”, – деді.

– Сосын?

– Бізде телефон жоқ. Кемпірім әдейі “Бәзостройға” екі рет барып хабарласа алмай келді. Сосын ерсілі-қарсылы жүгіріп жүргенде кеш болды. Малды орналастырып үйге кіргеніміз сол еді, есік алдына бір машина келіп тоқтады. Шықсам, шарбақтың қасында бір әйел мен жігіт тұр. Амандастық. Іле әйел:

– Атай, біздің жылқыларымыз сіздің үйде деп естіп келдік, – деді.

– Қандай жылқы? – дедім түк білмегенсіп.

– Екі торы бие.

– Қандай ерекше белгілері бар?

– Біреуінің маңдайында айы бар, екіншісінің он бүйірі, төрт бақайы – ақ. Сайрап тұр.

Үйге кірдік. Әйелдің жасы қырықтар шамасында-ау деп жобаладым. Бойшаң. Үстіне былғары пальто киген. Қанша дегенмен күз ғой. Қайта жігіттің киімі жеңіл ме деп қалдым. Әйел:

– Сыйақыңызды ертең әкеліп береміз, күн кешкіріп қалды. Өзіңіз білесіз Беләе әжептәуір жер ғой, – деп бастырмалатып жатыр. Кемпірім ол жік-жапар:

– Берме, алдап кетеді, алдымен ақшасын алып келсін.

– Сенбесеңіздер, міне, жүргізушінің жеке басын куәландыратын құжатты тастап кетейік.

– Ақыры, не керек, көніп қалдық. Екі биені алып шықтым. Жігіт машинаның жүк салатын бөлігінен ер-тұрманын алып шықты да, біреуін жетегіне алып, жүріп кетті. Әйел де көп бөгелген жоқ.

– Қандай машина, нөмірін байқаған жоқсыздар ма?

– Ескі “Жигули”, түсі қызыл, ал нөміріне тіпті назар аудармаппыз да.

Осы арада әңгімеге кемпір араласты:

– Дәл сол кезде үйде әскери училищеде істейтін күйеу баламыз болған. Мүмкін, нөмірін сол байқап, есіне сақтап қалмаса?..

Кемпір мен шал аң-таң. Мен болсам, есенгіреудің аз-ақ алдында отырмын... Ақыры бұйырмаған мал болды. Тіпті алаяқтар қалдырып кеткен құжаттың иесін, олар мініп келген машинаны тапқан күннің өзінде, әрине, оған қыруар уақыт кетеді, жылқылардың ізі де қалмайды”.

“Шешінген судан тайынбас” деген емес пе, менің өтінішім бойынша Нұрқан көліктің нөмірін, төлқұжаттың иесін тауып берді.

– Бірақ, аға, сіз ренжімеңіз, бастықтарым бір тығыз

жұмыс тапсырып жатыр, соны орындауым керек, – деп асығыс екенін білдіріп, кетіп қалды.

Куәліктің иесі Логиновты мекен-жайы бойынша іздеп барып едім, шешесі болуы керек:

– Ол жазда Ресей жаққа кеткен, содан әлі оралған жоқ, – деді.

“Жигулидің” иесі Семенов деген екен. Ол машинаны сатып жібергенін айтты.

– Кімге сатып едіңіз?

– Мына қаланың іргесіндегі Воскресеновкада тұрамын деген. Тіпті аты-жөні де есімде қалмапты. “Жазған құлда жазық бар ма” деген емес пе, амал жоқ, “мүмкін біреуі болмаса біреуі білер, көрген адамдар кездесіп қалар” деген шайтан үміттің жетегінде Воскресеновкаға тарттым. Әжептәуір, үлкен елді мекен екен. Көше-көшені бойлап, аулаларды шолып келемін. Бір кезде өз көзіме өзім сәе алмай қалдым: Мен іздеген “Жигули” ең шеткі көшедегі бір үйдің ауласында тұр. Маңайында ешкім көрінбейді. Сезік туғызбайын деп өтіп кеттім де, келесі көшеге барып бір-ақ тоқтадым. “Бәрі, түсі де, машинаның нөмірі де келіп тұр. Енді не істесем екен? Кіріп барып ”биемді тауып беріңдер” деп қиғылықты салайын ба. Әлде... Қой, талайды қан қақсатып жүрген әккі қулар болса маған жөндерін айтып, құйрығын ұстата ма. Одан да аудандық ішкі істер басқармасына хабарлайын”. Осы оймен ешкімге соқпастан келген ізіммен кері қайттым.

Сол күні Нұрқанды жұмысынан таба алмадым. Кешке телефон шалсам үйінде екен:

– Аға, сіз өзіңіз іздемеңіз. Біз оларды таптық. Тек қолға түсіру ғана қалды. Сірә, іздеріне шыққанымызды сезген болулары керек, екі күннен бері үйлеріне жоламай жүр, – деді.

Осыдан кейін көңілім жайланып, ертеңіне жұмысқа шықтым. Келсем бастықтың қабылдау бөлмесіндегі қыз:

– Сізді кешеден бері бір әйел іздеп жатыр. Екі рет телефон шалды, – деді.

– Кім болды екен? – дедім де қойдым.

“Ала биенің жыры жетті ғой”, енді жұмысымды істейін” деп қағаздарымды алдыма ала берген едім, телефон шылдырлап қоя берді. Әйел даусы, амандық-саулық жоқ:

– Бие жоғалттыңыз ба? – деді.

– Иә.

– Қандай ерекше белгілері бар?

– Төрт жасар торы бие, семіз, оң жақ бүйірінде ақ дағы бар. Төрт бақайы да – ақ.

– Бір хабарын берген кісіге сүйінші бола ма?

Осыдан бірнеше күн бұрын біреу осы сұрақты қойса, сол биенің жарты құнын берсе салар ма едім, кім білсін, ал қазір бүйрегім бүлік етер емес. Дауысы да, қойған сұрағы да ұнамай қалды.

– Бием де, оны ұрлаған адам да табылды.

Осы сөздердің аузымнан қалай шығып кеткенін өзім де аңғармай қалдым.

– Табылды дейсіз бе?!

– Иә, табылды.

Белгісіз әйел трубканы тастай салды. “Кім болды екен? Сыйақы алғысы келген біреу шығар” дедім де қойдым. Содан жұмыс аяғына дейін биені де, басқаны да ойлауға мүршам келмеді. Жұмыс үйіліп қалыпты, бір күнде бітетін шаруа емес. “Ертең де күн бар ғой” деп үйге жинала бастадым.

Біреу есік қаққандай болды.

– Кіріңіз, кіріңіз.

Бойшаңдау келген келіншек табалдырықтан имені

аттап тұрып қалды. Үстінде ұзын былғары пальто. Аққу-ба, ашық жүзді... Орман шаруашылығында тұратын, биені ұстап, кейін айырылып қалған шалдың сөздері есіме түсе кетті. “Иә, соның дәл өзі”.

– Жоғары шығыңыз, қандай жұмыспен жүрсіз?

Келіп өзім нұсқаған, қарсы алдымда тұрған орындыққа жайғасты. Бірақ, үн жоқ.

– Сөйлеңіз.

– Сіз бие жоғалттыңыз ба?

– Иә.

– Белгілері бар ма еді?

– Оны сіз ~~мен~~ жақсы білуге тиіссіз.

Екі бетінің ұшы қызарып, бір түрлі ыңғайсызданып қалды.

– Ағай, кешіріңіз...

– Мен сізді түсіне алмай отырмын, келгеннен кейін бүкпелемей ашық айтсаңызшы. Кім боласыз, менің биеме қандай қатысыңыз бар?

– Биенізді орман шаруашылығынан біз алып кетіп едік.

– Біз деп отырғаныңыз кімдер?

– ...

Енді сұрақты ~~мен~~ қоя бастадым.

– Биелер қайда?

– Біреуі Воскресновкада байлаулы тұр, ал сіз айтып отырған бие жолда мертігіп, сойып тастадық.

Ұрылардың ізіне шықсақ та “енді ала бие қолға тие қоймас” деген ойға жеңіліп қалсам керек, селт еткем жоқ.

– Аға, бір жолға кешіріңізші?!

– ~~Менен~~ несіне кешірім сұрайсыз, барлық қағаздар аудандық ішкі істер бөлімінде, қалғанын сондағыларға түсіндіре жатарсыз.

– Ондағылар менімен сөйлеспейді. Егер сіз мені аяма-саңыз, құрыдым. Аяғыңызға жығылайын, бала-шағамды аяңыз.

– Бала-шағаның жайын ойласаңыз бұрын қайда қалдыңыз? Енді болмайды! Қолмен істегенді мойынмен көтеру керек. Заң алдында жауап беруге тура келеді.

– Аға, аға!..

– Кешіріңіз, жұмыс аяқталып қалды, үйге қайтуым керек.

– Аға!..

Ертеңіне жұмысқа келсем, кешегі келіншек есік алдында тосып тұр. Танығасын амандаспай өте алмадым. Ол үнсіз соңымнан ерді.

Кешегі әңгіме. Бар айтатыны: “Аға, кешірші, аудандық ішкі істер бөліміне берген өтінішіңізді қайтып алыңызшы”.

– Қарағым-ау, қалай қайтып алам. Олар менің сұрауым бойынша сол биенің соңында бір ай жүрген жоқ па. Біреудің малын алып кеткенде не ойладыңдар?! Кешіре алмаймын, оған рәнжімеңіз.

– Аға, менің жағдайымды түсініңізші. Мені аямасаңыз да, екі баламды тірі жетім етпеңіз.

– Әкелері қайда еді?

–...

– Әлде екеуіңіз бірге ұрлап па едіңіздер?

– Күйеуім екі жылдан бері түрмеде отыр. Ұлым – колледжде, қызым оныншы сыныпта оқиды. Айтқаныңыздың бәрін істейін. Қалаған биенізді сатып әперейін...

– Әпермей қайда барасыз. Бір бие емес, екі бие әпересіз. Бір ай жұмыстан қалдырып, қаншама жүйкемді жұқарттыңыз. Соның бәрінің өтеуін төлейсіз.

– Төләймін, не айтсаңыз, соны істеймін. Тек өтініші-
ңізді қайтып алсаңыз болғаны.

– Күйеуіңіз не үшін отыр?

– Жылқы ұрлап ұсталып қалып еді.

– ...

– Е, түсінікті...

Сөйлескен сайын келіншек іш-бауырыма кіріп барады. Миым ашып кетті. Өзі әп-әдемі, тіпті ұры деуге қимай-
сың. Ала бие есіме түскенде зығырданым қайнайды да,
“балаларымды аяңызшы” дегенде басыла қалам. “Бұл
байғұсты отырғызып қойса, оны мен солын танымаған
екі бала кімге қалады?” Менің қобалжып, толқып отыр-
ғанымды сезетін сияқты.

– Аға, бір жақсылық жасаңыз, өмір бойы ұмыт-
паймын. Ертең-ақ биеніздің орнына бие әкеліп беремін.

– Биені қайдан, қалай әкеттіңіздер. Жиырма күн бойы
қайда ұстадыңыздар. Айтпақшы, есіміңіз кім болады?

– Балкүміс.

– Атыңыз қандай жақсы.

– Мен өзім бұрынырақта жол полициясында қызмет
істегем. Бірақ, жұмысы тиышсыз екен. Үш-төрт жылдан
кейін тастап кеттім. Өзімнің жеке меншік “Жигулиім”
бар, рөлде өзім жүремін. Сіздің биеніз жоғалардан екі
күні бұрын үш жігітті Булаево арқылы Ресей шекара-
сына жеткізіп тастағам.

– Біреуі Үшқұдықтікі ме?

– Иә, Асхат та бар. Оларды келесі күні қарсы алатын
болып келістік. Бірақ, белгіленген жерге Асхат қана келді.
Үшеуі үш жылқыны мініп ағаш арасымен келе жатқанда
шекарашыларға кезігіп қалыпты. Ана жігіттер сасқа-
лақтап қалса керек, Асхат қашып құтылыпты. Көзге
түсіп қалған соң астындағы атты қоя беріпті.

– Сосын қалаға қайтып келе жатып сіздер жаңа жоспар құрдыңыздар ғой?

– Асхат: “Қала маңында жайылып жүрген жылқылар көп қой. Солардың бір-екеуін әкеліп беремін”, деді. Айтқандай, ол бір күннен кейін екі биені бір жерге тығып қойғанын хабарлады. Ертең әкеліп беремін деген. Бірақ, әне-міне деп бір аптадай жүріп алды. Тауып алып сөйле-сіп едім. “Шыдай тұру керек, қалай сезіп қалғандарын білмеймін, менің басқан ізім аңдулы”, деді. Содан төрт-бес күн өткеннен кейін орман шаруашылығының ар жағындағы бір ағаштың ішіне байлап қойғанын хабарлады. Бірден әкете алмадық. Өйткені, сол маңайда отын дайындап жатқандар көп екен. Қаладан Асхатты тауып алып: “Енді не істейміз?” деп едім, “Қоя берейік, иесі менен көріп жатыр. Бүгін де келіп кетті. Өзің тауып берсең, кешіремін. Ал болмаса ренжіме” дейді” деп азар да безер болды. “Тағы бір күн шыдайық, ертең өзім алып кетемін” дедім. Бірақ Асхатым ертеңіне түс алдында барып екі биені босатып жіберіпті. Серік екеуміз, “Бірнеше күн оттамаған аш малдар ұзай қойған жоқ шығар” деп сол маңайды көп шарладық. Ақыры, орман шаруашылығынан таптық...

ҚАҚПАҢ



“Қап!!! Бұл дүние не болып кетті?!” Алмас есін жия алар емес, есенгіреп отыр. Басы мең-зең. “Енді қайттім, не істесем екен?!” Ол өзі үшін дүние осылай аяқ астынан астан-кестен болады деп ойлаған жоқ еді. Көзді ашып-жұмғанша қолына кісен түсіп, мүсәпір болды да қалды. Бұлтаруға шама жоқ. “Ұсталды, оңбай жығылды. Құдай ұрды! Өзі құрған қақпанға өзі түсті”.

Ол басын қос қолдап қысқан күйі әлі отыр. Сапырылысқан сансыз сауалдар жанын жегідей жеп, өзегін өртеп барады. “Қап!!! Ел-жұрттың алдында масқара болдымау! Бәрінен де кеше ғана қосылған келіншегіне не айтады?” Көңілі ала-құйын, қамығып жылаудың аз-ақ алдында отыр. “Бәріне өзім кінәлі”.

Алмас әскер қатарынан оралысымен полицияға кірген. Жоғары білімі болғандықтан жарты жылдың ішінде жүлдіз тағып шыға келді. Айлығы да жаман емес. Ауылға жиі барады. Барған сайын ата-анасы: “Бәрінен Алмас озды” деп қуанып қалады. Құрбы-құрдастары да бұған қызыға қарайды. Өйткені бұл олар сияқты жол жиегінде көлік күтіп тұрмайды. Қол көтерсе болды, өтіп бара жатқан машина кілт тоқтап, екі ауыз сөзге келмей ала кетеді.

Вокзал алаңындағы базар таң атқаннан қас қарайғанға дейін ығы-жығы халықтан бір босамайды. Солардың тәртібін қалт жібермей қадағалау Алмас пен Ермектің міндеті. Ермек оның қызметтес серігі. Өзі бір сөзуар жігіт. Бұдан бір-екі жас үлкен болғандықтан ба, ылғи ақыл-гөйсін сөйлейді. Кейде тіпті “бала” деп маңғазданады.

Бірде сол Ермек кезекшіліктен қайтып келе жатқанда:

– Бала, сенің не ойлағаның бар, осылай жаяу жүре береміз бе? – деп бұған сауал тастаған.

– Жүрмегенде не істейміз. Он бес мың теңге коммуналдық төлемдер мен тамақтан да қалмайды. Айлық

сәл кешіксе, қарыз сұрап көршілерге жүгіреміз.

– Міне, міне, мәселе қайда жатыр?! Ал ана біреуі “Ауди”, екіншісі “Тойота” мініп алған Сайлау мен Жанат қайын жұртының байлығына малынып жүр дейсің бе?

– Қайдан білейін.

– Білмесең, бала, мені тыңда, ол екеуінің бір күндік көлденең табысы екеуіміздің айлығымызды он орап алады.

– Не дейді?!

– Сен өзің аузыңа қалай едің?

– Тастай ғой бәрі, тастай.

– Олай болса мені тыңда, ертең “Ымды түсінбесең, дымды түсінбейсің” операциясын бастаймыз.

– Ол не тағы?

– Асықпа! Бәрін ертең өз көзіңмен көресің.

Таңертең күндегі уақыттарында жұмысқа келген Алмас пен Ермек жабық базардың бұрыш-бұрышын бір шолып шығып сыртқа беттеген. Дәл осы кезде Ермек:

– Әне, қара, – деп Алмасты жеңінен тартып қалды.

– Көне, кімді айтасың?

– Дауыстама, шошытып аласың.

Көкөністің кезегінде тұрған орта жастағы әйелдің сөмкесіне қол сұңгіткен жас жігітті нақ осы кезде Алмасын да көзі шалып қалған. Ол тура жүгірмек болып еді, Ермек жібермеді:

– Тоқта, қимылдайтын кезді өзім айтам.

– Айырылып қаламыз ғой?!

– Ешқайда кетпейді. Топтан былай шықсын.

Бейғам әйелдің күмәжнегін қағып кеткен жігіт бірден базарға іргелес тұрған бес қабат үйдің ауласына қарай тартты. Ізін іле-шала бұлар кіріп келгенде ол подъезде ақша санап тұр екен. Сасып қалды.

– Тырп етуші болма! – деді Ермек қатқыл үнмен. Сосын әлгі бейшараның қолын қайырып жіберді де, бұған тінт дегендей белгі берді. Жігітін қалтасынан тағы да едәуір ақша шықты. Алмас “Не істейін?” дегендей серігіне қараған. Оның мұнда жұмысы жоқ, жігітке шүйлігіп жатыр:

– Жеке басыңды куәландыратын құжаттарың қайда?

– Төлқұжат алып үлгергем жоқ, түрмеден босап шыққан бетім.

– Қайда бара жатырсың?

– Челябинде әке-шешем тұрады.

– Челябинге баратын болсаң, мұнда не істеп жүрсің?

– Осында мектепте бірге оқыған жолдасым тұрушы еді, соған соға кетейін деп...

– Түсінікті, қандай жолдасыңды сағынып келгенің. Сөзді қой, бөлімшеге барамыз! Жылы орныңды суытпайтын болдың!

– Азамат бастық, бір жолға кешіріңіздер, ұрлайын деп ұрлағам жоқ, өзім де байқамай қалдым...

– Былшылдама, жүр былай! Ермек әбден қатуланып алған. Ұры тіпті сасайын деді.

– Бір жолға кешіріңіздерші, мына ақшаны алыңыздар, мені қайта отырғызғанда сіздерге не пайда?!

– Қанша ақшаң бар?

– Он мың ресей рублі, жолыма қалдырсаңыздар болды.

– Жарайды, әкел бері. Енді табаныңды жалтырат!

Ермектің осылай деуі мұң екен әлгі байғұс зыта жөнелді.

– Көне, андағы күмәжнекте не бар екен?

Алмас аузын ашқанша Ермек күмәжнекті ақтара бастады. Одан да он мыңдай ресей рублі шықты. Ермек

он мынды бұған ұстатты да, қалғанын өз қалтасына салып алды.

Алмас аң-таң. “Мұнымыз қалай?” дегендей, серігіне қарай берген.

– Үндеме, әлгі байғұс енді қайтып қарасын көрсетпейді. Өзін Ресейіне жаяу қашқандай қылғам жоқ па. Сірә, әйел де сол жаққа кетіп бара жатқан біреу.

– Обал болмай ма?

– Әй, бала, қайдағы обал?! Осы сенің, менің жайымды ойлап жатқан біреу бар ма. “Осылар мына сарышұнақ аязда біздің тыныштығымызды ойлап сүмендеп жүр-ау” деп ешкім қалтаңа ақша салып бермейді ғой. Ендеше, біз неге біреуді аяуға тиістіміз. Ана сүмелек үйіне жеткенше қалтасындағыны бәрібір ішіп құртады. Жер сүйреткен құндыз тонына қарағанда әйел де жерге қарап жүрген жан емес.

– Оның да рас.

– Рас болса, кеттік.

Сол күні аспаннан жауғандай болған он мың рубль қалтасын қыздырып, Алмас түннің бір уағына дейін ұйықтай алмады.

Келесі күні Ермек Алмасты бір бұрышқа алып барды да:

– Осы арадан бәрі алақанға салғандай көрінеді, қара, – деді.

– Кімді қараймын.

– Қазір, қазір... Ана бір малақайын баса киген шелпек ерінді көріп тұрсың ба? Дәуде болса ауылдан келген сабаз.

– Иә, аузын ашып қалыпты.

– Қазір қатырамыз, сен қазір оған бар да “Мына қо-

рапшаны ана үшінші қатардағы мұртты жігітке бере қойшы” – деп сұра.

– Менің барғаным қалай болар екен?

– Сенің полиция екенінді қайдан біледі, тағы кімді іздеп жүреміз, келіспесе еркіңе қоймай қолына ұстат та шеткерірек шығып қарап тұр. Қалғанын өзім-ақ реттеймін.

Алмас бұдан әрі серігімен сөз таластырған жоқ. Қорапшаны алды да әлгі жігітке беттеді. Бейтаныс екі ауыз сөзге келмей келісе кетті. “Кімге? Кімге?” дегенше Алмас топтың арасына сіңіп жоқ болған. Осылай анырап қалған жігітті Ермек тарпа бас салып, сыртқа алып шықты. Сасқалақтаған жігіт әлгі қорапшаны түсіріп аламын деді ме екен, қалтасына сала қойды. Ермекке керегі де осы еді.

– Қалтаңда не бар?

– Ештеңе де жоқ.

– Жақсы, қазір көреміз. Ермек анадайда темекі шегіп шүйіркелесіп тұрған 3-4 жігітті шақырды. Осындағы жүкшілер болулары керек, жетіп-жетіп келді.

– Жігіттер, куә боласындар, мына азаматты қару са-тып жүрген жерінде ұстадым.

– Қайдағы қару!

– Сөзді қой, бөлімшеге барамыз, тінтеміз. Ештеңе табылмаса сенің бағың, ал қалтаңнан бірдеңе шықса құрыдым дей бір.

Ермек түкке түсінбеген жігітті дедектетіп полиция бөлімшесіне алып келді.

Лейтенант формасындағы орта бойлы жігітке аман-дасқаннан кейін:

– Азамат, мына жігітті көптен сырттай бақылап жүруші едім, ақыры қолға түсірдім, – деді.

– Қайдағы көптең, қайдағы бақылау?! Мен қалаға анда-санда бір-ақ келемін.

– Ондай ертегіңді басқаларға айт. Білеміз, қолға түскенде қойдан жуас бола қалатындарыңды. Көне, тінтуді бастайық.

– Қалтандағы заттарды өзің шығарасың ба, қалай?

– Жаксы, өзім шығарайын.

Жігіт ойында ештеңе жоқ, қалтасынан әлгі қорапшаны алып шықты да столға қойды.

– Мынау не нәрсе?

– Сіріңке шығар.

– Қазір көреміз, аш көне. Жоқ, бері әкел, өзім ашам. Мынау не, сіріңке ме?

Жігіт өз көзіне өзі сенбегендей сілейіп қалды.

– Мынау не, сіріңке ме?! Жігіттер көрдіңдер ме, ТТ-ның оғы, жақындандар, куә боласындар! Түк білмегенсуін. Бір, екі, үш... алты. Барлығы алты оқ.

– Ағай, ағай!!!

– Қайдағы ағай, сенің ағайың темір тордың ар жағында...

– Бұл қорапша менікі емес.

– Енді кімдікі?

– Жаңа бір жігіт ана сөрелерде тұрған біреуге берші деп сұрап еді.

– Қандай жігіт, кім ол?

– Білмеймін, түр-түсін де аңдамаппын. Поездан қалып барамын деген соң ала салып едім.

– Өтірікті ысыртпа, сендейлердің талайын көргемін. Азамат, қағазыңды толтыр. Мынаны жабу керек.

Лейтенант полицейден, куә ретінде шақырылған жігіттерден түсінік алды да, өзі толтырған қағазға қолдарын қойдырып қалды. Сосын ғана “күдіктіге” бұрылды.

- Аты-жөніңіз?
- Мақсұт Балтабаев.
- Қашан, қайда тудың?
- 1989 жылы, Қызылой ауданында туғам.
- Әке-шешен бар ма?
- Бар.
- Білімің?
- Педагогикалық колледжді тәмамдағам.
- Қызметің?
- Ақтас негізгі мектебінде мұғаліммін.
- Қалаға қандай мақсатпен келдіңіз.
- Апа-жездем осында тұрады, демалыс болған соң соларға келгем.
- Қару сатумен қашаннан бері айналысып жүрсің?
- Қайдағы қару?...
- Сен түк білмегенсуді қой. Шыныңды айт. Сонда жазаң жеңілдейді.
- Мен ештеңе де білмеймін, мына қорапша менікі емес.
- Сенікі болмаса, менікі ме? Не деп тұрсың сен өзі!
- ...
- Апам бар дедің бе? Кім болып істейді? Олардың пәтерінде телефон бар ма?
- Апам да, жездем де базарда сауда жасайды. Телефондары бар, 31-01-92.
- Бүгінше осында боласың. Жақсылап ойлан. Бәрін есіңе түсір. Әйтпесе, түрмеден бір-ақ шығасың.
- Лейтенант столының қасындағы түймешені басып, кезекшіні шақырып алды да:
- Мынаны қамай тұр, өте қауіпті қылмыскер, – деді.
- Азаматты Ермек пен Алмас есік алдында күтіп тұр екен.
- Қалай, беті бері қарайтын ба? – деді Ермек.

– “Мәнікі емес” деген сөзің танар емес. Осында апасы тұрады екен. Үйінде телефоны бар. Алмас, сен соған хабарласып, інісінің уақытша оқшаулағышта отырғанын жеткіз. Таңертең өзі-ақ жүгіріп келеді.

Айтқандай, Азамат сыртқы киімдерін шешіп, орнына отырар-отырмаста есік қағылды.

– Кіріңіз, кіріңіз.

Табалдырықтан имені аттаған жас келіншек жоғары озбай тұрып қалды. Жылаған болуы керек, екі көзі қызарып кетіпті.

– Лейтенант Сәрсенов сіз боласыз ба?

– Иә, менмін. Құлағым сізде.

– Мәнің... Мәнің інім сіздерде деген соң келіп едім.

– Фамилиясы қалай?

– Балтабаев...

– Ә, кешегі ұсталған жігіт пе, оның жағдайы жаман.

Келіншек бозарып кетті.

– Жуас бала еді, бірдеңеге ұрынып қалмаса жарайды ғой.

– Сіздерге жуас шығар, ісі жуан, бес-алты жылды арқалайтын шығар.

– Не дейді!!!

– Отырыңыз, тағы да айтам, інііздің жағдайы өте жаман. Кеше мына іргедегі базарда тапаншаның оғымен ұсталды. Пистолетін лақтырып үлгерген болуы керек, іздестіріп жатырмыз, табылып қалар.

– Қайдағы қару?!!

– Куәлар бар, міне танысам десеңіз, оқып шығыңыз. Інііз қару сатпақ болған. Тағы бір жорамал бойынша, ол қылмыстық топтың мүшесі. Базарға біреуге қастандық жасау мақсатымен келген. Оның бәрі тергеу барысында анықталады. Кеше жауап алынды, өзі де мойындап отыр.

Келіншек екі иығы селкілдеп, бетін басып жылай бастады: “Мүмкін емес, мүмкін емес...”

– Жыламаңыз, көздің жасын бұлағанмен іс бітпейді. Одан да бірдеме қылып аман алып шығу жағын ойлаңыз.

– Менің қолымнан не келеді?! Мен не істей аламын. Қорғаушы жалдайын ба?

– Оны өзіңіз білесіз. Бірақ бұл мәселені бүгін шешпесеңіз ертең кеш болады.

– Сонда не істеуім керек? Білсеңіз айтсаңызшы?! Біздің мұнда ешкіміміз жоқ, көмектесіңізші. Енбегіңізді жемеймін.

– Ол оңай болса, кеше-ақ қоя бермеймін бе. Бірақ ойланып көруге болады.

Лейтенант осылай деді де үнсіз отырып қалды.

– Ағатай, бір жағдайын жасаңыз. Жалғыз бауырым еді. Ел-жұртқа масқара болып жұмысынан шығып қалатын болды-ау. Мына хабарды естісе жай да ілігіп отырған кәрі әке-шешемнің күйі не болады?! Бір амалын табыңызшы. Мен де борышты болып қалмаспын.

– Жақсы, ойланайық, сіз үйіңізге бара беріңіз. Ешкімге тіс жарып ештеңе айтпаңыз. Прокуратураның немесе ұлттық қауіпсіздік комитетіндегілердің құлағына тисе, ініңізді су түбіне жібереді. Сосын қайтып енді сізге оны көру жоқ.

– Ешкімге де айтпаймын. Тек көмектесе көріңіз!!!

– Жақсы, үйіңізде болыңыз. Түстен кейін біздің бір жігіт хабарласады.

* * *

Қарлығаштың шыдамы таусылып барады. Телефонда дыбыс жоқ. “Әлде тергеуші берген уәдесінен айнып кетті ме екен? Онда не істейді? Осындайда қол ұшын беретін

бір адамның болмауы-ай...” Оның ойын телефон шылдыры бөліп жіберді.

– Алло, алло!!!

– Қарлығаш боласыз ба?

– Иә, иә, мен тыңдап тұрмын.

– Мен інііздің мәселесімен хабарласып тұрмын.

Қалалық саябақтың алдында кездесейік.

– Жақсы, жақсы!..

Қарлығаш көп күттірген жоқ.

– “Ініізді босатып алу үшін 2000 доллар керек”, – деді тергеуші төбеден түскендей.

– 2 мың?! Оны мен қайдан аламын?!

– Ол жағын өзіңіз білесіз. Тек үш сағаттың ішінде осы мәселені шешпесеңіз інііздің ісі сотқа кетеді. Ол бәрін мойнына алды. Сосын он мың доллар берсеңіз де шығара алмайсыз. Ал мен кеттім...

– Тоқтаныз, сәл шыдаңызшы, інім үшін жаным садаға! Рас айтам, бізде ондай ақша жоқ. Товарға барайын деп жинап жүрген бір мың долларымыз бар еді, соны берсек босатар ма екен?!

– Ол жағын мен білмеймін. Ақылдасайын. Күтіңіз, хабарын беремін.

Біраздан кейін телефон тағы шылдырлады. Манағы дауыс:

– Жақсы, өзіңіз білетін жерге барыңыз. Сізді сол арада құндыз малақай киген жігіт тосып алады.

Келіншек Ермектің айтқандарын бұлжытпай орындады. Қаға беріс жерде ақшаны қалтасына салған Алмас:

– Аана вокзал басында бір кәсіпкерді белгісіз біреулер атып кеткен болатын. Ініізден алынған оқтар соған ұқсайды. Байқаңыздар, біреу-міреу біліп қалса, сіздермен бірге біз де құрымыз, – деді.

– Күйеуіме де айтпаймын, ініме де қатты тапсырамын. Қазір босасымен автобуска отырғызып қоя беремін.

– Байқаныз, артынан өкініп жүрмеңіздер. Заттай ай-ғақтар, куәлердің берген жауаптары бәрі сақталады.

Ойламаған жерден Алмас тағы да 330 долларды қалтаға басты. Бақса, базар, вокзал маңында “ымды” түсінетіндер бықып жүр екен. Аз ғана уақыттың ішінде солардың біразы қармағына ілігіп, әжептәуір қонданып қалған.

Ермек басқа бөлімге ауысып кеткеннен кейін оның араны тіпті ашылып, тышқан аулаған мысықтай ертелікеш жанарымен базардың бұрыш-бұрышын тіміскілейді. Міне, бүгін де екі сағаттан бері “Қап, қармағым, кап” дейді. Әзірше ешкім көрінбейді. Манағы кезде ұзын тұра назарына ілігіп еді, артынан жоқ болып кетті.

Алмас базар, вокзал маңындағылардың бәрін біледі. Соңғы кезде тіпті ол қалтасында тиын-тебені барларды да жазбай танитын болып алды. “Тоқта! Тоқта!..” Ұзын тұра ұзамапты. Алмас иек қағуы мұң екен, соңғы кезде өзінің сенімді серігіне айналып алған Бейсен жетіп келді.

– Ана ұзын тұраны көріп тұрсың ба?

– Иә.

– Мына буманы соған ұстат. Анау жеміс-жидек сатып тұрған әйелім еді, асығып тұрмың, мен көзіңе көрінбей-ақ қояйын, бере салшы-де.

Ұзын тұра бірден келісе қоймады білем. Бейсен бөгеліп қалды. Бірақ алды. Бейсен көзден таса болған кезде бұл да ұзын тұраның алдын кес-кестей берген.

Азамат орнында екен. Бұлар табалдырықтан аттараттамаста “куәлар” да сау ете түсті.

– Мынау не нәрсе?

– Білмеймін, маған жаңа ғана бір бейтаныс адам “әйеліме бере салшы” деп ұстатып кетті.

– Сен не деп тұрсың, мынау өзі героин ғой, жүз граммдай болып қалар, оның қара базардағы бағасы кемінде 10 мың доллар. Осыншама ақшаны біреу ұстата салды дегенге кім сенеді. Сандырақты қой, бәрін мойныңа алғаның жөн.

– Рас айтамын, бұл түйіншекке менің қатысым жоқ.

– Жақсы. Айтқанға көңің келмейді ғой. Онда мына сұрақтарға жауап бер. Аты-жөнің, тұрағың...

– Әубәкіров Саматпын. Институтқа түсем бе деп комиссиядан өтіп жүр едім. Мына қала іргесіндегі Светлое селосында тұрамын.

– Әке-шешен бар ма?

– Бар.

– Жұмыс істей ме?

– Жок, екеуі де үйде.

– Жұмыс істемейді. Сонда қалай күн көресіндер. Сірә, сенің табысың жетіп жатыр ғой. Мына есірткіні кімге өткізбек болдың, сыбайластарыңды ата.

– ...

– Жақсы, жауап бергің келмейді ғой, онда жақсылап ойлануға мүмкіндігің болады. Істің анық-қанығына жеткенше оқшаулағышқа қамаласың.

– Әке-шешеме хабар беруге болмай ма?

– Оны сенсіз де береміз.

Дүниеде қазақтан асқан балажан халық жоқ. Ұзын тұраның әкесі де таң атпай есік қақты. Алғашқы сұрағы:

– Балам не бүлдіріп тастады?

– Мұнда сұрақты сіз емес, мен қоямын, – деді Азамат маңғазданып.

– Қойыңыз, қойыңыз, мен жай сұрап жатқаным ғой.

– Сіздің балаңыз көптен бері есірткі саудасымен айналысады екен. Қылмыс үстінде ұсталды.

– Мектепті бітіргені жаңа ғана емес пе. Қайдағы есірткі?

– Міне, кеше толтырылған хаттама, куәлардың колдары.

– Мүмкін біреулер арандатқан болар, баламды білемін ғой, одан ондай іс шықпайды. Өзі мектепті үздік бағаларға бітіріп, оқуға барамын деп жүрген.

– Мен ойдан шығарып отырғам жоқ. Істі прокуратураға тапсырамын. Балаңыздың тағдырын сот шешеді. Шамаңыз келсе, сонда ақтап аларсыз.

– Сот дейді?! Сотқа жеткізбеуге болмай ма? Мүмкін жастығын ескеріп, көмектесерсіз.

“Е, осылай ыңғайға көшсейші”. Іштей өзіне-өзі риза болған Азамат мырс етіп күліп жібере жаздады.

– Өзіңіз де көріп отырған шығарсыз. Мен бар болғаны лейтенантпын, көп нәрсе менің қолымнан келе бермейді. Мұндай ауыр қылмысты жабу үшін жоғары жақтағылармен сөйлесу керек. Ал олармен жай сөйлесе алмайсың, алақандарына бірдеңе салу керек.

– Енді ол жағын көрейік. Бала үшін не істемейсің. Сол жоғары жақтағыларыңа жолықтыр.

– Атамаңыз! Олар сіз түгіл бізбен де сөйлесе қоймайды. Сатылап-сатылап шықпасақ.

– Ол жағын енді өздеріңіз біліңіздер...

Осы кезде кабинетке кіріп келген Алмас ұзын тұраның әкесінің сыртында тұрып “не болды?” дегендей, әріптесіне иек қаққан.

– “Жолы болар жігіттің жеңгесі шығар алдынан” дегендей, сіздің жұмысыңыздың орайы келеді екен, мына

жігіт бәрін реттейді”, – деп Азамат Алмасқа жағдайды түсіндірген болды.

“Дәніккенен құныққан жаман” деген емес пе, доллардың шетін көрген Алмас сақтықты ұмытып, кесімді бағасын айтып та салды...

Содан Алмас келісілген уақытта Жамбыл, Еңбек көшелерінің қиылысындағы аялдамаға келген. Аялдамада халық онша көп емес екен. Ұзын тұраның әкесі көрінбейді. “Әлде айнып қалды ма екен? Айналасы екі-үш сағаттың ішінде 2000 доллар табу оңай емес қой”. Кетерінде “Балаға деп жинап едім. Енді қайтем, соны жұмсаймын, өзі кінәлі” деген кейіп. Жоқ, айнымапты. Аялдамаға тақай келіп тоқтаған таксиден түсті. “Асыққан ғой, сірә”. Ол әй-шай жоқ жетіп келді де: – Әзер таптым, кішкене жетіңкіремейді, кейін тауып беремін, – деді.

– Қанша?

– Әкелгенім 1800. 200-ін осы екі-үш күнде тауып берем. Сәнбесеніздер төлқұжатымды тастап кетейін.

– Ақырын сөйлеңіз.

– Жақсы, жақсы. Ол Алмасқа қырық бүктелген газетті ұстата берді.

– Балаңыз бүгін үйде болады, – деді де Алмас анадайда тұрған машинасына беттеді. Жаңағы буманы сүңгіте салған төс қалтасы бұлтиып тұр. Кеудесін басып қояды. “Иә, сәт!...” Көңілі осылай өректіген ол машинасының алды-артын орай көліктер тоқтағанын да, олардан сатыр-сұтыр біреулердің түсіп жатқанын да аңғарған жоқ. Тек біреу білегінен шап бергенде ғана жүрегі су ете түсті.

БІР ҚАП АҚША



- Қай кезде есік қағылды дейсіз?
- Сағат жетіден 35 минут кеткенде инкассаторлардың шыққаны сол. Ақшаны сейфке салып та үлгергіміз жоқ.
- Есікті кім ашты?
- Күзетші, – деді екі қыз қосарланып.
- Иә, мен аштым. “Бұл кім?” деп едім. “Біз посылканы қалдыруды ұмытып кетіппіз” деді. Ойымда ештеңе жоқ, есікті аша бергенім сол еді, көзімнің оты жарқ ете қалды. Одан әрі не болғанын білмеймін.
- Бұл кезде сіздер қайда едіңіздер?
- Өзін Айгүл Смағұлова деп таныстырған қыздардың ересектеуі жауап берді:
- Ақшаны, поштаны қабылдап алғаннан кейін, әдеттегідей, бәрін орынды-орнына қоймақ болып жатқамыз. Ту сыртымда бірдеңе гүрс ете түскен соң жалт қарасам, Сергей сұлап жатыр. Зәрем ұшып кетті. Аузымды ашып үлгергім жоқ, бетіме бірдеңені бүркіп жіберді.
- Бәрі қас пен көздің арасында болды. Жан даусым шыға айқайлап, дабыл түймешесін баспақ болып ұмтылып едім, екеудің кеспелтектеу келгені алдымды кесіп, аттатпады. Газ баллондағы уды аямай шашса керек, басым әлі мең-зең.
- Екі кісі дедіңіз бе?
- Иә, екеу. Біреуі талдырмаштау да, екіншісі орта бойлы.
- Қандай бір айрықша белгілерін байқаған жоқсыздар ма?
- Екеуі де газға қарсы қолданылатын тұмша киіп алыпты. Басқа ештеңе байқай алмадық.
- Инкассаторлар күнде таңертең жеті жарымда келуші ме еді?
- Зейнетақы тарататын күні ғана таңертең ерте келетін.

– Оны сіздерден басқа кім білуі мүмкін?
– Нақты айту қиын ғой, біраз адам біледі.
– Ақша қай жерде тұрды дедіңіз?
– Міне, мына жерде, сейфтің алдында жатқан.
– Сонымен үшеуіңіз де поштаға екі кісінің баса-көктеп кіргенін көрдіңіздер де, одан әрі не болғанын білмейсіздер?

– Мен қарақшылардың нешеу екенін нақты айта алмаймын...

– Сергей аңғармаса аңғармаған шығар, ал мен екеуін де анық көрдім. Тоқтаңыз, тоқтаңыз... Даусына қарағанда бойшаңдауы қазақ болуы да мүмкін. Өйткені мен дабыл қақпақ болып тұра жүтіргенімде “Тырп етуші болма, өлтіремін!” – деді зекіп.

– Екеуі бір-бірімен сөйлескен жоқ па?

– Біз талып жатқанда сөйлессе сөйлескен де шығар, оған дейін кеспелтек тіс жарған жоқ.

– Жаксы сіздер әзірше боссыздар – деп қылмысты іздестіру инспекторы Жанат Еркінов қағаздарын жинастыра бастады. Манадан үнсіз отырған пошта бастығы:

– Біз не істейміз, жұмысымызды жалғастыра берейік пе? – деді.

– Оны өздеріңіз шешіңіздер.

– Шешкенде зейнеткерлер кезек алып жатыр, ал ақша жоқ...

* * *

– Қанша дейсің?!

– Бес миллион 124 мың теңге! Міне, қаптың сыртында жазулы тұр. Нанбасаң санайық.

– Санау қайда қашар дейсің, алдымен еңтігімізді басып алайық та.

– Осы сенің басың істейді, бәрі өзің айтқандай болды да қойды.

– Күзетші нағыз ашық ауыздың өзі екен.

– Қалай ойлайсың, біреулердің көзіне түсіп қалғамыз жоқ па?

– Ешкім де көрген жоқ. Тек енді сақ болуымыз керек.

– Сақ болғанда немене, үйден шықпай қамалып отырамыз ба?

– Дәл қазір шығуға болмайды. Әліптің артын бағуымыз керек. Мүмкін, бір аптаға дейін, одан да ұзағырақ бой тасалауға тура келер. Қазір Үшкөл түгілі, қалаға кіріп-шығып жатқандардың бәрі бақылауға алынған шығар.

* * *

Қала іргесіндегі Үшкөл селосында таң ата болған төтенше оқиғаға байланысты қарамағындағыларды жинап алған қылмысты іздестіру бөлімінің бастығы Айкын Нұрымов тоналған поштадан жаңа ғана оралған аға лейтенант Жанат Еркіновке баянда дегендей, иек қакты.

– Оқиға болған жерді мұқият тексердік. Қылмыскерлер қарақшылық шабуылға алдын ала дайындалған. Ешқандай із қалдырмағандарына қарағанда, талай кулық-сұмдықты көрген жандар болулары да мүмкін. Иттер де із ала алмады.

– Пошта қызметкерлері не айтады?

– Олар екі кісі болды дегеннен басқа мардымды ештеңе айтқан жоқ.

– Өзің не ойлайсың?

– Меніңше, қарақшылар алыстан келген жоқ. Олар поштаны көптен сырттай торуылдап жүрген жандар. Пошта қызметкерлерінің арасында сыбайластары болуы да мүмкін.

– Айтпақшы, инкассаторларды кездестірудің бе, олар не дейді?

– Біз ақшаны тапсырғаннан кейін келген ізімізбен кері қайттық. Көңілге күдік аларлықтай ештеңе байқамадық – дейді.

– Жақсы, онда уақытты босқа өткізбейік, қайткен күнде де қылмыскерлерді ізін суытпай ұстау керек.

* * *

“Ізін суытпау керек... Ұстау керек...” Мұның бәрі айтуға ғана оңай. Үш күннен бері секем аларлық ештеңе байқалған жоқ. Тым-тырыс жатыр. Соған қарағанда, қарақшылар алыстан келмеген сияқты. Әлде... әлде ебін тауып, сытылып кетті ме екен?.. Он бес жылдан бері осыдай талай жайды басынан өткерген Жанат Кәрімұлы әрі ойлап, бері ойлап, тағы да поштаға соғуды ұйғарды. Сол күні кезекшілікте болғандармен жақынырақ танысу керек.

Есіктен кіріп келе жатқан аға лейтенантты көргенде пошта бастығы бір түрлі қипақтап қалды. Қайта-қайта амандасып, қалбалақтай жүріп орындық ұсынды.

– Отырыңыз, отырыңыз. Қиын болды ғой, хабар жоқ па? Зейнеткерлер шулап жатыр.

Инспектор оның сөздерін естімегендей, қағаздарын алдына жайды да, поштаға қарақшылық шабуыл жасалған күні кезекшілікте болған үшеудің іс-қағаздарымен толығырақ танысқысы келетінін айтты.

– Жақсы, жақсы. Міне, Айгүл Смағұлованың құжаттары, осында істегеніне бес жылдан асып барады. Сәбира Қалиева да көптен істейді. Қазір бұрынғыдай емес, оңайлықпен жұмыс таба алмайсың.

– Мақатов Әлім де көптен істей ме?

– Жоқ, ол кісіге бір жылдай ғана болды. Міне, құжаттары, көрем десеңіз көріңіз.

Әлім Сұлтанұлы Мақатов 1972 жылы туған. Білімі орта. Поштаға күзетшілікке қабылданғанға дейін жеке меншік дүкенде жүкші болып істепті. Әйелі, бір баласы бар.

– Барлық құжаттары осында ма?

– Иә, иә.

– Күзетпен айналысуға рұхсат беретін лицензиясы қайда?

Манадан инспектордың сұрақтарына лып-лып жауап беріп отырған пошта бастығы үндемей қалды.

– Лицензиясы көрінбейді ғой?..

– Кешіріңіз, ондай рұхсат қағаз керек екенін білмеп едім.

– Жұмысы қалай?

– Бізде үш күзетші бар, кезектесіп істейді. Солардың ішіндегі жастауы Әлім. Елгезек, жұмысқа уақытында келеді, уақытында кетеді. Араққа үйірлігін байқамадым. Отбасымен пәтер жалдап тұрып жатыр.

– Осы жердің тұрғылықты адамы ғой.

– Иә, әке-шешесі, ағайын туғандары бәрі осында тұрады.

– Бүгін өзі қайда?

– Үйінде болуы керек. Дәрігердің рұхсаты бар, миы шайқалмаса да, қатты соққы алыпты, алғашында ет қызуымен байқамаса керек...

“Суға кеткен тал қармайды” дегендей, аға лейтенант неше түрлі жорамал жасағанмен, ілгек болар ештеңе таба алмай әлек. Күзетшіні іздеп барып еді, үйінде жоқ екен. Әйелі “Таңертең дәрігерге көріңемін деп шығып кеткен, келіп қалар” деді де қойды. Тосқан жоқ. Үшкөл аудан

орталығы болғанмен, шағын село мұндағылардың бәрі бірін-бірі біледі, учаскелік инспектор да көп жайдан хабардар болуға тиіс. Жанат Кәрімұлы не де болса соған жолығуды ұйғарды.

Учаскелік инспектор мұрты жаңа ғана тебіндеп келе жатқан жап-жас жігіт екен. Осы қызметке ауысқанына жарты жылдай ғана болыпты. Ештеңе айтып жарытпады. “Қалаға жақын жер, күнде сапырылысып жатады” дейді.

– Поштада күзетші болып істейтін Мақатов Әлімнің туыстары, жолдастары жайлы не білесің?

– Әке-шешесі – зейнеткер. Бұрын басшы қызметте болған адамдар. Балаларының бәрі басқа қалаларда тұрады. Үйлері үлкен, бірақ неге екенін білмеймін, Әлім отбасымен бөлек тұрады.

– Тағы кімі бар?

– Немере болып келетін туыстары көп. Жолдастарын білмеймін. Өзі көшеге көп шыға бермейді, тұйықтау жігіт.

* * *

“Бүгін үшінші күн. Әлі хабар жоқ. Әлде жоспарлары өзгеріп, сырт жаққа тартып кетті ме екен? Сыртта қайда барады, 5 миллион теңгемен алысқа ұзай алмайсың. Әйтеуір, үнсіз жатып алуы тегін емес”. Осылай басы қатқан ол бүгін кештетіп Красин көшесіндегі көпқабатты үйге соғуды ұйғарды. Үшкөлде көпқабатты үй көп емес, үшеу-ақ. Соның біреуінде, екі бөлмелі пәтерде мұның жолдасы Сәбит тұрған. Қазір ол Сургутта жұмыс істеп жатыр. Үйленбеген, бойдақ жігіт, кетерінде “ара-тұра барып, қарап жүрерсің” деп, пәтерінің кілтін бұған тастап кеткен. Сол кілттің көшірмесін Ерғали сұрап алған...

Ол есікті өз кілтімен ашты. Табалдырықтан аттай бергені сол еді, қаракөлеңкеде біреу ыңырсығандай

болды. Жүрегі аузына тығылып, қорықса да, сыр берген жоқ “бұл кім?” – деді ақырын ғана. Бұл үйде көп дүние жоқ, төргі бөлмеде диван бар, дауыс сол жақтан шыққан сияқты. Жарықты жағуға жүрегі дауаламады, біреу-міреу байқап қалуы мүмкін. Сәбиттің үйде жоқ екенін осы маңайдағылардың бәрі біледі. Бірте-бірте қараңғылыққа көзі үйреніс бастады, ақырын диванға жақындады. Диванда біреу жатыр, тағы да ыңырсыды.

– Ерғали!..

– Мен..

– Саған не болды, серігің қайда?

– Ақырын, қатты сөйлемес..

– Немесе, ауырып қалғаннан сауымысың?!

– Ауырсам жарайды ғой... Жағдайымыз жаман, ақшадан, бәрінен айырылдық...

– Не дейді?! Айырылғаны несі?!

– Иә, “адам аласы ішінде” деген рас екен, осы үйге жетіп, өзімізге өзіміз келгеннен кейін Сергей “маған тиесілі ақшаны бер, кетемін” деді. Мен қазір көшеге шығудың қауіпті екенін айттым. “Жарайды” деп көнгендей болған... Сол күні... Жоқ келесі түнде, ойымда ештеңе жоқ, қисайып жатқам, бас салып қылқындыра бастады. Лақтырып жібердім. Тағы ұмтылды... Қараңғыда бірдене жалт ете түскендей болған, ар жағы есімде жоқ... Көзімді ашсам, жалғыз жатырмын, Сергей де, ақша да жоқ...

– Өзін көптен білуші ме едің?

– Жоға, осыдан екі-үш ай бұрын танысқам, қайдан білейін, іші-бауырыма кіріп, алдап түсірді ғой.

– Енді не істейміз?

– Білмеймін, үйдегілер не ойлап жатыр екен?

– Иә, менен сұраған. Қапелімде не айтарымды білмей, бір жолдастарыммен Астана жаққа кетті білем, дедім.

– Іздеп жатқан шығар?

– Іздемеуші ме еді, селоға кірген шыққанның бәрі тексерілуде. Саған дәрігерге көріну керек.

– Қалай көрінемін, не деймін?! Дәрігерге бару деген, өзінді өзін ұстап бергенмен бірдей ғой.

– Ол рас, бірақ бұлай жата беруге болмайды, қанша қан жоғалтқаныңды кім біледі?

– Кеше халім өте жаман еді, бүгін, әйтеуір, ептеп қозғалған болдым, бірақ оң қолым көтертпейді...

* * *

Соңғы екі күнгі жұмысты қорытындылауға жиналған оперативті топ мүшелері қылмыс жасалған күні кезекшілікте болғандардың туыстарын, тамыр-таныстарын анықтау қажеттігін де жоққа шығарған жоқ. Екі қыздың да араласатын адамдары шамалы екен. Аға лейтенанттың ойына тағы да күзетші жігіт оралды. Әйеліне “дәрігерге көрінемін” деп кеткен, бірақ ауруханаға бармаған. Осында тұратын Ерғали деген немере інісі бар екен, соның қайда екенін ешкім білмейді. Не де болса, күзетшінің тамырын тағы басып көру керек.

* * *

Ерғали әжептәуір өзіне-өзі келіп қалғандай еді, аяқ астынан жағдайы төмендеп кетті. Қан тоқтағанмен, кеудесінің ісігі басылар емес. Осылай енді бір-екі күн жатса, халінің не боларын өзі де білмейді. Келемін деген Әлім әлі жоқ. Қыстың күні ерте батады, қараңғы жерде дір-дір етіп, бүрісіп жатыр. Кәдімгі көртышқан секілді, жарықты жағуға қорқады. “Қашанғы жата бермек, бұдан әріге ол шыдай алмайды”. Жаралы жігіт осылай өз ойымен өзі арпалысып жатқанда, есік ашылғандай болды. “Аяқ басысына қарағанда жалғыз адам, Әлім болуы керек”.

– Ерғали?!

– ...

– Ерғали?!

– Әу, келдің бе?

– Түу, неге үндемейсің, кісінің зәресін алып?! Саған тамақ әкелдім.

– Тамаққа зауқым жоқ, дәнемнің қызуы бар білем, бас мең-зең. Не болып жатыр?

– Не болушы еді, бүкіл полиция осында. Үйден шығуға да қорқамын...

– Келді, келді, атпа, атпа, өзім берілемін.

– Ерғали, Ерғали!!!

– Мен ештеңе де білмеймін... Апам қайда?

– Ерғали!

– ...

Ерғали талықсып кетті. Демалысы ауыр, кеудесінде сырыл бар. “Әлде пышақ өкпесіне тиді ме екен?”

– Ерғали!

– Әу, дәнем күйіп барады.

– Мен берген дәрілерді ішіп пе едің?

– Іштім ғой, бірақ көмегін сезіп жатқам жоқ.

– Енді не істейміз?

– Дәрігерге көрінбей болмайды.

– Мен айттым ғой саған, асқындырмай кеше баруымыз керек еді.

– Дәрігерге бару деген өзінді өзің ұстап беру деген сөз, мұндай жағдайда оларды ескертіп қояды. Ескертпесе де, олар пышақ жарасымен түскен адам туралы полицияға хабарлауға міндетті.

– Басқа амал болмаса, не істейміз. Мен жедел жәрдем шақырайын.

– ... Кім айтты? Иә, иә мен өлтірдім. Апа!..

Ерғали тағы сандырақтай бастады.

* * *

Әлім аудандық ішкі істер бөліміне шақырту алғанда селт еткен жоқ. Сонғы күндердің оқиғасы оны есенгіретіп тастаған-ды. Ерғали ауруханада, өлім мен өмір арасында, ес-түссіз жатыр. Сақтық жасау қажеттігін біле тұра “Жедел жәрдем” шақырғаннан кейін ес-түссіз жатқан Ерғалиды жалғыз тастап кете алмаған. Оның үстіне “Жедел жәрдемнің” дәрігері мұның танысы болып шықты.

– Отырыңыз, – деді әжуа жас тергеуші бұған алдындағы орындықты нұсқап.

Алдында қағаз, қолында қалам, мұның айтқандарын жазуға дайын екенін білдіргендей, бұған қадалып қалыпты.

– Бізге барлық жай белгілі, тек кінәнізді мойныңызға алсаңыз, жазаныз жеңілдейтінін ескерткім келеді.

Тергеуші осылай күшейте сөйлегенмен, көмескі жайлар әлі көп. Өткен түнде ауруханада есін жия алмай қайтыс болған Ерғали Алпысов алдында отырған жігіттің немере інісі. Бұл әлі қайғылы оқиғадан хабарсыз. “Жедел жәрдемді” шақырған осы жігіт. Басқа ілгек жоқ. Ерғали Алпысовқа пышақ жұмсаған кім? Оның поштаға қарақшылық шабуылға қатысы бар ма, жоқ па? Әзірше бұл жағы белгісіз”.

– Сөйлеңіз.

– Ақшаны мен ұрлаған жоқпын.

– Енді кім ұрлады?

– Ерғали.

– Ерғали?! Кінәні басқа біреуге жаба салудан жеңіл ештеңе жоқ. Жарайды, сөзіңізге сенейін, бірақ ол жалғыз болған жоқ қой, екінші адам кім?

– Мен оны танымаймын, көрген адамым емес. Ер-

ғалидың айтуына қарағанда, аты Сергей болуы керек.

– Тегі?

– Тегін, қай жерде тұратының, не істейтінін білмеймін. Ерғалиға “мен туралы өзің ғана біл, ешкімге тіс жарып ештеңе айтпа” деп, қатты тапсырыпты. Ерғали ол туралы “тәжірибесі мол, өз үлесін алған соң табанын жалтыратады, бізге керегі сол емес пе” деді. Содан кейін мен қазбалап, ештеңе сұрай қоймадым.

– Сонда қылмысты жоспарлаған Ерғали екеуін болдындар ғой?

– ...

– Неге үндемейсіз?

– Бір тойдан Ерғали екеуміз үйге бірге қайттық. Той болған соң, арақ ішіледі, екеуміз де қызуымыз. Ана-мынаны әңгімелеп келе жатып, бір кезде әңгімеміз ақшаға ойысты. “Ақшада құн жоқ қой, осылай тиын-тебен санаумен өтетін шығармыз”, деді Ерғали. Аузымнан қалай шығып кеткенін білмеймін, мен “бір-ақ күнде баюға болады”, дедім. Інімнің “Қалай?” деп қадалмасы бар ма. Сол арада өзім күзетші болып істейтін пошта бөлімшесіне ай сайын 5 миллион теңге жеткізілетінін айттым.

Арада едәуір уақыт өтіп, бұл әңгіме ұмытылғандай болған. Бір күні Ерғали мені іздеп үйге келіпті. “Оңаша бір әңгіме бар еді, шығып кетші” деді. Сыртқа шыққаннан кейін зейнеткерлерге төленетін ақшаның поштаға қашан түсетінін сұрады. Мен оның ойындағасын түсінсем де, түк білмегенсіп: “Ол саған не үшін керек?” дедім. “Жақсы жоспар бар, сен қиналмайсың, бәрін өзім ойластырып қойдым.” – деді. Сосын өзінің жоспарын бүге-шігесіне дейін айтып берді. Оған өзінің басы жетпес еді, сыртында біреу тұрғанын сездім. “Сен ол туралы сұ-

рама”, деді. Адамды құдай ұрайын десе, қиын ба, өзімнің қалай көніп қалғанымды да білмеймін. Іздегенге сұраған дегендей, ақша түсерден бір апта бұрын үш күзетшінің біреуі ауырып қалды да, оның орнына екеуіміз істей беретін болдық.

Инкассаторлар келіп кеткеннен кейін, іле есік қағылды. Қыздар ақша салынған қаппен әуре болып жатқан, есікті ашып жібердім.

– Ақша қайда?

– Білмеймін. Алдын ала келісілген жерге барып, бой тасалағаннан кейін Сергей Ерғалиды пышақтап, ақшаны алып кетіпті.

– Оның өз есебі болған ғой?.. Басқа айтарыңыз болмаса, мына жерге қолыңызды қойыңыз.

* * *

Пошта күзетшісінің айтқандары шындыққа саятын сияқты. Әккі, қу ағайындыларды алдап соққан. Ол бәрін алдын ала ойластырған. Әу баста ақшаны бөліспеуге бекінген. Тегі белгісіз, аты да Сергей болмай шығуы мүмкін. Қалай болған күнде де, заңды алғаш рет аттап отырған адам емес. Осындай ойлармен Жанат Кәрімұлы Ерғали мен Сергей жасырынған пәтерді мұқият тексерген. Поштада аса сақтық жасап, із қалдырмаған Сергей бір қап ақша қолға тиген соң бәрін ұмытқан, Ерғалидың “сен туралы жан адамға айтпаймын” деген сөзіне сеніп қалған сияқты. Әйтеуір, саусақтарының іздерін сүртіп, әуре болмапты.

Тергеушінің күдігі рас болып шықты. Сергейдің саусағының іздері құқық қорғаушыларға бұрыннан таныс екен. Сергейдің тіпті де Сергей емес, бұрын талай рет сотталған, осыдан жарты жылдай бұрын ғана темір

тордың ар жағынан босап шыққан Игорь Журбин деген кәнігі қылмыскер екені анықталды. Серігінің өзі салған жарадан қайтыс болғанынан хабардар болса керек, ұзай қоймапты, түрмеден кейін оралғаннан тауып алған көңілдесінің үйінде қаннан-қаперсіз жатқан жерінде ұсталды. Полицейлердің ізіне қалай тез шыққанына танданғаны соншалық, қарсылық та көрсеткен жоқ, жалтарған да жоқ. “Ақша қайда?” деген полицейлерге өзі жатқан кереуеттің астынан бір қап ақшаны суырып берді.

– Бір тиынын да ұстағам жоқ, бәрі орнында...

Мазмұны

Алғысөз	3
Көмескі із (повесть).....	5

Әңгімелер

Кәсіпкердің өлімі	91
Көгілдір “Мазда”	119
Мезгілсіз атылған мылтық	131
Алабиенің әлегі	151
Қақпан	171
Бір қап ақша	187

Жарасбай СҮЛЕЙМЕНОВ

КӨМЕСКІ ІЗ

Повесть, әңгімелер

Дайын диапозивтерден басылып шығарылған.

Басуға 19.07.2006 ж. қол қойылды. Қалыбы 60x84 1/16

Қаріп түрі «KZ Times New Roman Cyp» Офсетті басылым

Шартты баспа табағы 12,75

Таралымы 2000 дана. Тапсырыс 5884.

Бағасы келісімді.

Кітап облыстық «Полиграфия» АҚ -ы

баспаханасында басылды.

Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 11 үй.



Жарасбай
Сүлейменов
1949 жылы
Солтүстік
Қазақстан
облысындағы
Балуан
ауылында туған.
Қазақстан
Журналистер
одағы сыйлығының
иегері